


Азарту


Серікбай ИБАДУЛЛАЕВ
Әділ ӘБДІРАМАНОВ



04.03/24
11.13

Азарту

2952/3



Отырар аудандық орталық
кітапхана
Абонемент

УДК 371
ББК 74, 03
И 13

И 13 Ибадуллаев С., Әбдіраманов Ә.
Ағарту/-
Шымкент: “КІТАП” баспаханасы, 2011. - 144б.

ISBN 978-601-7314-15-6

Бұл естелік кітапта Отырар ауданының Балтакөл ауылында жарты ғасырдан астам уақыт шәкірт жүрегіне сәуле шашқан «Ағарту» мектебі жайында баяндалады. Кейіннен № 4 «Балтакөл» мектеп-интернаты болып аталған білім ордасынан көптеген ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, ел басқарған азаматтар тәрбиеленіп шыққан болатын. Кітапта тарих қойнауында қалып бара жатқан «Ағарту» мектебі жайлы қарт ұстаздар мен сол мектептен қанаттанып, үлкен өмірге жолдама алған аға буын өкілдерінің естелік-әңгімелері жинақталған.

УДК 371
ББК 74,03

© “КІТАП” баспаханасы, 2011
© Ә. Әбдіраманов, 2011

Серікбай
ИБАДУЛЛАЕВ

АҒАРТУ



Адамзат баласы үшін қасиетті ұғымның бірі—мектеп десек қателеспейміз. Әрбір азамат алтын ұя-мектебі мен білім нәрімен сусындатқан ұстаздарын қадірлейді. Ханда, қара да, дана да, бала да сауатын ашқан ұстаз алдында бас иеді. Әріп танытқан білім ошағын ешуақытта жадынан шығармаса керек. Мен үшін осындай қасиетті білім ордасы-- өзім туып-өскен Балтакөл ауылындағы «Ағарту» мектебі болатын.

Мен осы «Ағарту», кейіннен № 4 «Балтакөл» мектеп-интернаты болып аталған білім ордасында сегіз жылдықты аяқтадым. Техникумда орта арнаулы мамандық алып келіп, десятниктен совхоз директоры қызметіне дейін көтерілген жергілікті тумадан шыққан бірден-бір ауыл баласымын. Мемлекеттік қызмет

1950 жылы Отырар ауданы, Балтакөл ауылында өмірге келген. «Ақдала», «Мешіт» бастауыш мектептерінде сауат ашып, 4-8 сыныптарда «Балтакөл» мектеп-интернатында тәрбиеленді. Кентаудағы тау-кен техникаумын, Алматыдағы Қазақ Халық шаруашылығы институтын бітірген. Алғашқы еңбек жолын өзі туып-өскен Балтакөл ауылындағы кеңшарда десятник, аға прораб болып бастады. Осы кеңшардың партия ұйымының хатшысы, директоры қызметін атқарды. Мұнан кейінгі жылдары мемлекеттік асыл тұқымды Қаракөл қой заводьның директоры, Отырар аудандық қарғыс бөлімінің меңгерушісі, «Овцевод» кеңшарының директоры, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары, Шардара ауданының әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты жетекшісінің орынбасары қызметтерін атқарып шықты. 2010 жылдың басынан бері Оңтүстік Қазақстан облысы Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы қызметін атқарып келеді.

саласында жұмыс істеп келе жатқаныма бүгінгі таңда ширек ғасырдай уақыт болыпты. Менің жастық шағым да, еңбек жолым да, тіпті отбасымдағы ұл-қыздарымның біртіндеп қызмет сатыларымен өсіп келе жатқаны да елдің көз алдында. Осы елге, жерге жанашыр азаматтың бірімін деп айта аламын. Қай жерде басшылық қызметте жүрмейін ең бірінші ой елегімде өзімнің туып-өскен ауылыма деген сағыныш пен құрметім бәсеңсіген емес. Балтакөлдiң елесі ой-санамда самғайды да жүреді.

Қазіргі Балтакөл ауыл округіне қарасты «Самырат» елді мекенінде 1950 жылдың 10-шы желтоқсанында мен өмірге келіппін. Барлық балалар сияқты мен де ата-анамыздың аялы алақанында тай-құлындай шауып өстім. Өзім құралпы балалармен бірге ауылдағы бастауыш мектептің табалдырығын аттадым. Ол мектеп «Ақдала» деп аталушы еді. Бірінші кластан үшінші класқа дейін руы найман Мырзахан деген ағайдың қолында сауат аштым. Қолымызға қалам алып, әріп үйрендік. Алғаш бірінші класқа барған кезім. Мектепке мені Зағипа әпкем ертіп баратын. Бір-екі ай өткен соң оқудың қиындығы сезіле бастады. Екі шақырымға жол жүруге ерініп, жалқаулық та пайда бола бастағанын айтуым керек. Өзімше қулық ойлап шығарыппын. Сонда жетектеп бара жатқан Зағипаға көнбей, оқта-текте шөп қорада қалып кететінге ұқсаймын. Елдер сабақтан қайтқанша шибарқыт сөмкеме (шүберек) салып берген нанымды жеп алып, ұйқыны соғады екенмін. Оқушылар оқудан қайтқанда түк болмағандай бірге қайтатынға ұқсаймын. Бұл қызығым ұзаққа бармады. Бір емес, екі емес, жиілеп кеткен соң Зағипа бұл тірлігімді апама айтып қойыпты. Сөйтіп, апам мені аңдып жүріп, шөптің арасынан ұстап алды. О, ұйықтағанның, сабақтан қалғанның көкесін көрсетті-ау, өзі де! Қолындағы шеңгелмен мектепке дейін дектетіп, сабалап апарды. Апарған күйі сабаққа кіргізіп жіберіп, кері қайтты. Алайда, озі үйге келгенше жылап келіпті. Ананың бәрі осындай ғой, шіркін! Содан кейін қайтып мектептен қалмайтын болдым. Кейін апама «сол шеңгелдің арқасы ғой, оқып, адам болғаным» деп айтып, күліп отыратынбыз.

Сол кездегі мектеп үйінде қазіргідей парта, орындық дегендер жоқ еді. Кластағы 20-ға тарта бала камыстың үстіне

төселген алаша үстінде отырып, сабақ оқитынымыз әлі естен шыға қойған жоқ. Үшінші класқа көшкен кезіміз болса керек. Сайрам ауданына қарасты бір колхоздың жұмысшылары ағаштан кішкентай орындықтар мен столдар жасап берді. Сөйтсек, мұны парта деп атайды екен. Бұрын алаша үстінде біріміз тізерлеп, біріміз малдас құрып жазу жазып келген балалар ендігі уақытта су жаңа партаға отырып, әй, бір жасап қалдық. Біздер екінші класты бітіретін жылы қатты су тасқыны болып, дария жайыла түсті. Мектебіміз айнала судың ортасында қап қойды. Елдер тоғай-тоғайдан құрғақ жерлерге көшіп шықты. Біз секілді оқушылар сәуір, мамыр айларында Көлқұдықтағы «Мешіт» мектебінде оқуымызды уақытша жалғастырдық. Жұрттың сол кездегі бейнетқорлығына тәнтімін. Дарияның суы жайылған ызаларға қауын егіп, ала жаздай соны өсіретін. ызаның нам топырағына өсіп, жетілген қауындар сонау қара күзге дейін таусылмайды. Елдер осы қара күзде ғана қыстауларына қайта оралды. Айтпақшы, біздер үшінші кластың қыркүйек айын да «Мешіт» мектебінде өткіздік. Өзіміздің «Ақдала» мектебіне содан кейін оралғанбыз. Мектепке сол қауын басынан аттанамыз. Пәлектен бір-бір піскен қауынды көтеріп аламыз да қара домалақ, сары домалақ балалар ешекке мініп алып, мектепке қарай ызғып кетеміз. Қазіргі белгілі сатирик Көпен Әмірбеков екеуіміз бір ешекке мінгесіп алатын едік. Мектепке жеткесін ол ешектің артқы бір аяғына жіп байлап арқандап қоямыз. Манағы алып шыққан қауынымызды ешкімге көрсетпей қалың жыңғылдың арасына тығып тастаймыз. Үлкен «перемінде» сол қауынды барып отыра қалып жейміз. Пышақпен тіліп, сәндеп, кеселеп жеу қайда, жерге бір ұрып жарып, суын ағызып-тамызып асаймыз келіп. Ол қауынның дәмдері де таңдайымыздан кетпейді. Кейде сол қауынымызды басқа ересек балалар ұрлап жеп қоятын. Ондайда улап-шулап ауылға қайтамыз. Бара жатқанда митындап, аяғын эзер басатын ешегіміз ауылға қарай жорғалап береді. Арасында иықтан бір шұқылап қойып,



Мектеп
бітірген кез

ешектерімізді жаппай шаптырып аламыз. Ол да бір балалық дәурен екен ғой, шіркін!

Мектебіміз үш жылдық болғандықтан ары қарайғы оқу жылын басқа мектепте жалғастыратын болдық. Ол мектеп – «Балтакөл» мектебі болатын. Осылайша төртінші кластан бастап № 4 «Балтакөл» мектеп-интернатының оқушысы болып қабылдандық. Көкірек-сананы ағартып, әу баста «Ағарту» деп аталған киелі шаңырақта осылайша оқушылық өмірім басталды. «Ағартудың» тарихын түгел білетін ағайлар



*Белгілі сатирик
К. Әмірбек*

бұл туралы кеңірек айтар. Мен де кезінде газетке ол туралы жазған болатынмын. Сондықтан, «Ағартудың» тарихына тоқталмай-ақ қойсам.


Ауылдың қарадомалақ балаларына интернаттың өмірі мүлдем бейтаныс. Барлық нәрсеге таңданыспен қараймыз. Корпус, асхана деген атаулар біздің ұғымымызға таңсық дүниелер. Ауылдан бірге барған Рыскелді Мамаханов атты туысым екеуміз № 4 корпусының бір бөлмесіне жайғастық. Біздің бөлмеге жайғасқан балалар Икрам Адырбеков, Құлдыбай Мамрайымов, Әділ Арыстанов және Омар деген оқушылар екен. Ұзамай-ақ осы балалармен танысып, араласып, достасып кеттік. Қараша айының соңына дейін бұлармен бірге оқыдым. Желтоқсан айы басталғанда ауруханаға жатып қалдым. «Грибок» деген ауру, біз «теміреткі» дейміз ғой, міне осы бір бәле менің басыма түсіп, Түркістан қаласындағы ауруханаға барып емделуіме тура келді. Бұл оңайлықпен жазылмайтын ауру екен, бес айдан астам уақыт дегенде барып жазылып шықтым ғой. Он-он бір жастағы балаға ойыннан қағылып, оқудан қалып, осынша уақыт төрт қабырғаға қамалып шығу қандай азап екенін айтпай-ақ қояйын енді. Ауруханада көп жатқан соң алғашқыдай емес, ауылдан да адам келуі сиреп кетеді екен. Оның үстіне Сырдариядан паром арқылы өтетіндіктен жол қатынасының қиыншылығы да бар. Қаңтар мен ақпан айларында осындай қиындықтан болуы керек, артымнан ешкім келмеді. Ауылды, ата-анамды сағынып, ішқұса бола бастадым. Сондай



Ескі паром

күндердің бірінде сырттан мені біреу шақырып тұр деген хабар келді. Шықсам әкемнің інісі Бегайдар көкем екен. Алайда, көкемді бері кіргізбейді, себебі, біздің ауруымыз «жұқпалы». Амал жоқ іштегі ересек балаларға мені көтертіп, тесіктен басымды шығартып, бетімнен сүйіп мауқын басты. Бетімнен сүйген кезде көңілі босап, көзінен жас ыршып кетті. Мұны байқап, мен бақырып жыламасым бар ма?! Не керек, көкем мені зорға жұбатты. Ауылдың қызық әңгімелерін айтып, соңында маған бүтін 5 сомдық ақша беріп кетті. Осы кезге дейін көз алдымнан сол көкем берген 5 сом ақша шықпайды. Кейін есейе келе прораб болып істеп жүргенімде көкемнің сол жақсылығын еселеп қайтардым ғой. Елдер бір куб тақтайды совхоздан, одан асып қаладан зорға табатын. Ал, мен Бегайдар көкем үй салған кезде құрылысқа керекті тақтайы мен шиферін, жәшіктеп шегесіне дейін әкеп қоятынмын. Сонда әкем Ибадулла «ооу, сол баяғы 5 сомның күші ме» деп күліп отыратын. Менімен бірге Омар деген бала да ауруханада жатып шықты. Алайда ол бала оқуын ары қарай жалғастырып кетті де, мен қалып қойдым. Сөйтіп, келесі жылы барып теміреткінің кесірінен 4 класқа қайта бардым.

4 класта бізге Қалданбай Алтаев деген ағай сабақ берді. Қалданбай ағай шын мәнінде тарихшы еді. Туған жеріміздің әрбір төбесін жете тануымызға осы ағай көп еңбек сіңірді. Тек сабақ өтумен шектелмей тарихи орындарға жиі-жиі экскурсияға шығаратын. Тарихы бар орындарға қазба жұмыстарға алып барып, сол өңірдің шежіресін зердемізге тоқытатын. Қауған төбе, Артық ата, Міртөбе, Сауран, Оксыз төбе сынды талай жерлерге апарып, тарихын түсіндіретін. Мен Міртөбеден үш тиын көлеміндегі алтын тиын тауып алғанмын. Музейге қойылған сол тиынның астында менің атым жазулы тұрды. Мұның бәрі де оқушылардың ой-танымын арттыруға қосқан үлесі шексіз еді.



Қалданбай ағайдың карта сызбасы

Міртай есімді тәрбиеші ағайымыз болды. Мұғалімдік қызметке жан-тәнімен берілгендігі сонша, бұл ағай қай мезгілде болсын бізбен бірге сабақ әзірлеуге, сабақ оқытуға еш жалықпайтын. Өз ісінің нағыз мамандары боп с а н а л а т ы н м ұ н д а й педагогтардың тәрбиесінде болу біздің бақытымыз да шығар-ау. Ол ағай бізге ұдайы «жаңа киім кию парыз емес, таза киім кию парыз» деп отыратын. Киімді үтіктеп киюді осы Міртай ағай үйретіп еді.

Мектеп-интернат оқушыларға бар жағдайды жасап қойған енді. Балаларға үш сыпыра киім береді. Мәселен, ұл балаларға костюм-шалбар, ХБ костюм-шалбар және тағы бір мектеп формасын береді. Бұларды сабақ оқығанда біреуін, сабақтан тыс кезде біреуін бөлек-бөлек тәртібімен киеді. Ал, тамақ жағы тіптен күшті. Азанғы, сәскелік, түскі және кешкі деп төрт мәрте тамақтанамыз. Дастархан мәзірінің құнарлылығына сөз жоқ. Бір бала кезекші болып тамақ құюшы еді. Аспаздар Рауида мен Разияның мамалары болатын. Мұны жазып отырғаным, балтакөлдiк достардың естеріне түссін деп отырмын.

Темірдей тәртіпті сол интернаттан үйрендік. Алдымен саппен жүруге машықтанасың. Тура әскерлер сияқты

аяқтарымызды бірдей адымдап, екі қатармен жүреміз. Осы тәртіппен асханаға барамыз. Осы тәртіппен клубқа барамыз. Бір оқушы сапты басқарып, оқушыларға бұйрық беріп жүреді. Біздің төртінші кластың класкомы Дүйсенхан Бұрханов деген бала. Міне, осы класком бала бәрімізді сапқа қаз-қатар тұрғызып қойып, «раз-два» деп команда береді. Сол аяқтан бастап адымдаймыз. Қалып кетсең қайта бастайсың. Не керек, қатарды бұзбаған күйі асханаға бет аламыз. «Раз-два» дегеннен жаңылмауға тырысамыз. Егер, класкомның бұйрығына көнбей қиқаңдап, немесе, аяғыңды шалыс басатын болсаң саптан шығарып жібереді. Сол уақыттағы тамағыңнан қағылып, бөлмеңе қайтасың. Міне, сізге тәртіп! Аш қалғың келмей ме, аяғыңды жөндеп бас, бұйрыққа бағын.

5 класта Міртай ағайдан кейін тәрбиеші болып Жұмабеков Серікбай ағай келді. О, бұл ағайдың тәртіпті қадағалауы тіптен ерекше еді. Талай-талай басбұзар тентектер Серікбай ағайдың арқасында тәртіпті боп қалды. Бұл ағай бұзықтыққа жол бермейтін, әрі күш көрсетіп жатқандарды көрсе



Мұражайдағы оқушы Серікбай жасаған тоғызқұмалақ тақтасы

аямайтын. Бала болғасын шекісу дегендер болады ғой. Мұны ағай біліп қойса оңдырмаушы еді. Әсіресе, Папан Егембердиев, Балтабай Әлиев деген балдар ағайдың таяғының арқасында тәртіпті оқушыға айналып шыға келді. Бірде бес-алты бала мен үш-төрт қыз болып өзімізше сауық жасадық. Бөлмедегі кереуеттерді бір шетке итеріп жинап тастап, ортаны ашып қойдық. Мен мандол тартамын. Со жатар мезгілдің алдында болу керек, мандолинаға

би билеп, өзімізше қызық қылып жатқанбыз. Бір кезде Серікбай ағай мен тағы бір тәрбиеші ағайымыз Ахмет ағай кіріп келмесі бар ма! Серікбай ағай келе бір-екі баланы төмпештің астына алып кеп берді. Ахмет ағай менің қолымнан мандолинімді жұлып алды да, шапалақпен тартып-тартып жіберді. Бір жағы оқушысы, бір жағы інісімін, өзімсініп ұрған да болуы керек. Сол Ахмет ағамыз ұзақ жылдар бойы мектеп директоры қызметін атқарып, қазір зейнет жасындағы ардагер ұстаз. Ауылда қызмет істеп жүргенде баяғы кезді еске алып талай күлдік. Тіпті сол оқиға есіме түссе шапалақ тиген жерім әлі күнге дуылдап тұрғандай сезіледі. Бізді ұрды екен деп өкпелеу қайда ол кезде. Тәртіптің аты тәртіп. Ал, тәртіпке бағыну бәріміздің бұлжымайтын міндетіміз болды.

Интернаттағы түрлі мәдени-спорттық тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуында мін жоқ еді. Өзін-өзі басқару, оқушылар советі, мектеп пионер вожатыйы, комсомол ұйымы дегендер сан түрлі іс-шаралар ұйымдастыратын. Комсомол демекші, ВЛКСМ-ға мүше болу қандай мәртебе еді десеңші. Комсомолға өтудің машақаты тіптен қиын еді-ау. Оған өтіп, значогін кеудеңе қадап алу қандай абырой! Мен өзім екі рет өтініш беріп жүріп зорға өткенмін. Әлі есімде, тек кепілдік алу үшін жиналыста комсомол уставының пункттері бойынша міндеттері мен құқықтарын айтып, қаншама сауалдарға жауап бергенмін. ВЛКСМ-ға мүше болудың қадірін енді бағамдай беріңіз.

Сол кездегі мектептегі оқу-тәрбие жұмысы ең жоғарғы сатыға қойылған кездер еді десем қате айтпаймын. Қазіргі кандидат, докторлар өкпелемес, Жәнібеков Нышан ағай химия пәнінен, Өсербаев Шәріпбек ағай физика пәнінен, Әмірбеков Сейіт, Мәназар Жүнісбеков ағайлар математика пәндерінен, Сәдуақасов Ыдырыс ағайлар қазақ тілінен, Марфуға апай неміс тілінен, Тәштай ағай француз тілінен, Өміртай ағай орыс тілінен, Есіркеп ағай география, Болғанбай ағай биология, Ахмет, Серікбай ағайлар тарих пәндерінен тура жоғары оқу орындарынан бір кем түспей сабақ берді.

Ал, Ернішев Әсілбек ағай жөнінде айрықша айтуыма әбден болады. Нағыз мәдениет саласы қызметінің ең жоғарғы

сатысына көтерілетін адам еді. Қазір ойлаймын, осы кісілер нағыз өз мамандықтарының шегіне жеткен, ұстаздық санаттары докторлық деңгеймен бағаланатын педагогтар еді деп.

Мектеп-интернат жақсы оқитындарды Фрунзе, Самарқанд, Алматы, Москва, тағы басқа үлкен қалаларға апарып аралататын. Мен де бір-екі қаланы жақсы оқығанымның арқасында аралап қайттым. 4-класты бітіргенімде Фрунзеге саяхаттап бардым. Қазіргі қырғыздың астанасына сол саяхатта 14-15 бала, ішінде Мұзаппар Оразгелдиев, Еділбай Қожабергендермен бірге барғаным есімде қалыпты.

Бізден жоғары класс оқитын оқушылар сол кездің өзінде-ақ үздік оқитындықтарымен, адамгершіліктерімен, бауырмалдықтарымен бізге үлгі көрсететін. Хайрулла Шәмишев, Қыдырбай Аманжолов, Нұсқабай, Жарылқасын Садықбековтер, Жарылқасын Тінейқұлов, Қален Тәтібаев, Әлмахан, Жексенбай, Қален қожа, Майдакүл Ысқақова, Рахима Дәрменова, Жүсіп Дәрменов, Пернебай Садықов, Икрам Адырбеков, Серік Садықов, Сейдулла Елмұратов, Күләш Изтемирова, Мәншүк Қабылова, Төрехан Төрбеков, Айдар Ағұлықов, Қалмырза Жұмабеков, Бектемір Алтыбаев, Райла Құлтанова, Алтын Пернебаева, Алтынбек Пернебаев, Сайлаукүл Ескермесова, Әбіләзім Рысбеков, Ерғали Оспанов, Жібек Жүнісбекова, Амангелді Үкібеков, Жәнділла Аманжолов, Жарқынбек Шайманов, Нұргелді Манап (Мәнту) сынды оқушылар мектептің мақтаулы шәкірттері еді. Суреттері мектеп қабырғасынан түспейтін. Оқушы бала болса да үлкендерше кісілік танытып жүруші еді. Білікті ұстаздардан шыңдалып, үлгі-өнеге алып шыққан осынау азаматтар кейінгі өмір жолдарында да адамгершілік, азаматтық қасиеттерінен айныған жоқ. Әркездегідей жан-жағына қамқор, жанашыр болып, өнегелі отбасылардың бірі отағасы, бірі отанасы атанып жүр. Өмір жолы бұралаң дегендей, қандай қиын-қыстау кезеңдер өтсе де пендешілік бағытқа бұрылған емес. Өйткені олар адам жанының бағбандары бола білген ұлы ұстаздардың ұстаханасынан шықты ғой.

Ал, өзімнің бірге оқыған қатарлас кластарым жөнінде



Сыныптстардың 40 жылдық кездесуі

таңнан-таңға айтуға болады. Егер де мен жазушы болсам бір класта оқыған достарымның әрқайсысының мінез-құлықтарын, мектептегі қызықтарын суреттей отырып бірнеше том кітап жазған болар едім. Бала кездегі достардың жөні қашаннан да бөлек қой, шіркін. Алайда зымырап бара жатқан уақыт шіркін өз дегенін істейді екен. Кеше ғана бір партада сабақ өткен, бірге алысып өскен дос жарандардың кейбіреулері о дүниелік болп кетті. Тағдырдың жазғанына амал қанша, енді олар туралы естеліктер айтуға мәжбүр боласың. Өмірден озған досымның бірі Тұрсынбек Тастеміров есімді азамат. Мектеп бітірген соң Тұрсынбек Алматыда біраз жүріп қалды. Сол жақта жүріп үйленгенін бір естіп едік, кейіннен ажырасып кеткенін естідік. Не керек, досым бұрынғы астанамызда айналшықтап жүріп алды. Совхозда қызмет істеп жүргенде бірде жолым түсіп Алматыға бардым. Тұрсынбектің жағдайын білейін деп оны іздеп тауып алдым. Соқа басы сорайып жалғыз жүрген адамның жағдайы қайбір мез дейсің. Мән-жайды білгесін досымды ауылға бірге қайтуға көндірдім.

-- Қой, досым, Алматыда осынша жыл жүргенің жетеді енді. Ауылға менімен қайтқаның жөн. Совхоздан жұмыс

қарастырып беремін. Бәрібір мұнда да сырттай оқып жүр екенсің, -- деп қоярда қоймай ауылға алып келдім.

Ауылға келгесін совхозға гидротехник етіп жұмысқа кіргізіп бердім. Кейіннен өзім директор болғаннан кейін Тұрсынбекті бас агроном етіп қызметке қойдым. Жұмысты істегенде Тұрсекең істесін. Жан аямай еңбек етті. Қажырлы еңбегінің арқасында совхозда абыройлы, беделді азамат болды. Менің де арқа сүйейтін бір адамым болса, ол Тұрсынбек еді. Кейде жұмыс бабымен қаттырақ кетіп, батыра сөйлеп қалатын кездерім болатын. Ондайда үндемейді де, кешке үйге келіп «манағы мәселені Сәрсенкүлдің шайының үстінде сөйлесейікші» дейтін. Сонда мен де әлгі орыстың «бей своего, чтобы чужие боялись» деген мақалын айтып, оңай құтылып кететінмін. Дастарханға тамақпен бірге жүз грамнан да алдырып, арқа-жарқа болып тарасатынбыз. Көңілімізде титтей де кірбің қалмаушы еді. Нағыз достыққа бекем азамат еді ғой Тұрсынбек!



*Ауылы дос
Тұрсынбек*

«Ат тұяғын тай басар» дегендей Тұрсынбектің тұяғы Ықылас баламыз бүгінде елдің азаматы болып қызмет істеп келе жатыр. Ол қазір Балтакөл ауыл округінің әкімі. Тұрсынбектің көзін көргендер оны қалай сыйласа баласын да солай сыйлайды. Әрине, Ықылас та бар күш-жігерін елге арнап жұмыс істеп келе жатыр. «Орнында бар оңалар» деген осы. Баласының осынау жауапты қызметті абыроймен атқарып келе жатқанына елдің есті азаматтары қуанып, онысын кейде маған да жеткізіп жатады.

Ықыластың қатарға қосылып кетуіне бүгінде облыстық жұмысты үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы қызметінде отырған Мұхит Әлиевтің көп үлес қосқанын айтуымыз керек. Тұрсынбек кезінде Мұхит Әлиевпен де жақсы дос болды. Олар Алматы қаласында бірге жұмыс істеп, бірге оқыды. Мұхит Оралбайұлы Түркістанға әкім болып келген кезден-ақ досының ұлын ауылдан алдырып, қолына қызмет берді.

Үйретті, жетектеді. Кейіннен Отырар ауданына өзімнің інім Бейбіт Сыздықов әкім болып келгенінде Ықыласты ауылға әкім етіп жіберуге ұсыныс жасадым. Бейбіт ілгеріде Балтакөл совхозында Тұрсынбекпен бірге қызмет атқарғаны бар. Ықыластың жастығына қарамай Балтакөл ауылдық округінің қызметін сеніп тапсырды. Оған біз де рахметтен басқа не айтамыз. Жарықтық Тұрсынбек досымыздың әруағы риза шығар деп ойлаймын.

Тұрсынбек сияқты Кенже Сапаров, Кенжекүл Үкібекова, Нұрсайын Ерқожаев, Есентұр Асанов секілді кластас достарым да бақилық болып үлгерді. Орны толмас өкініштер ғой бұл. Жаны жайсаң достарымның көрер қызықтары енді басталып келе жатыр еді, тағдырдың жағанына амал нешік.

Кластастар жайлы айтқанда Қосылхан Рысбеков, Дүйсен Жүсіпов сынды азаматтар жөнінде айтпай кету мүмкін емес. Қосылханды тұлғасына қарап та, ауылдағы ұйымдастыру ісіне қарап та «Қосыл көке» деймін. Кластас достардың мектептен кейінгі 10,20,30,40 жылдық кездесулерінің бәрінде дерлік айқайшы болған осы досым. Шыж-быж, шырпыр боп жүріп ұйымдастыратын да осы Қосекең. Және қандай ұйымдастырады! Кластастың тойы деген көпшіліктің тойы ғой. Ал, көпшіліктің тойынан гөрі жеке өзіңнің тойыңды өткізу әлдеқайда жеңіл. Міне, осында айқай-шуы көп тірлікті Қосылхан бауыр тап-тұйнақтай етіп ұйымдастырады.



Мен кейде қат-қабат жұмыстан шыға алмай жатсам да, Қосылдың сөзін тыңдаған соң сол шаруаға әйтеуір уақыт тауып барамын. Әнеки, Қосыл көкеміз маған ғана емес, барлық адамға да айтқанын

істетіп, айдауына жүргізеді.

Бала кезімізде де, кейін де Қосыл мен Дүйсен Балтакөлдегі біздің үйге көп келетін. Бірде мынадай бір оқиға

болды. Біздің үйдегі екі сиыр сауылып болған соң апам оларды тоғайға қарай айдайды. Үйдегі бұзауларына асыға ма, әлде тоғайдың оты аз ба, екі сиыр көп ұзамай-ақ үйге қайтып келеді. Апам оларды қайта айдап әлек. Күнде осы тірлік. Тағы бір күні тоғайға айдап, үйдің шаруасымен айналысып жатса, Сәрсенкүл екі сиырдың қайтып келе жатқанын апам айтыпты. Анадайдан аяқтарын сыртылдатып екі сиыр келе жатыр. Кешке дейін қайда әлі. Күйіп кеткен апам байғұс:

-- Е, қарасан келгірлер түге, мына екі қарасан тағы келе жатыр ғой! -- деп айғайлай дауыстап алдарынан шығады. Сөйтсе дарбазаның мына жағынан Қосыл мен Дүйсен де келе жатыр екен.

-- Оу, апа, ұрыссаңыз да тағы келдік, -- дейді бізге ұрсып жатыр екен деп ойлаған бұл екеуі. Шарбақтан кіріп келе жатқан екі досымды көріп, сасып қалған апам:

-- Ойбуй, айналайындар-ай, мен сендерге емес, мына қарасан келгір сиырларға айтып жатырм. Ойбуй, ұят болды-ау, қап. Мына екі сиыр есті алып бітті, -- деп ақталумен болады.

Осы оқиғаны апам жарықтық «ұят болды достарыңнан» деп көпке дейін, тіпті өле-өлгенше айтып жүрді. Сол екі досыммен де бұл оқиған ішек-сілеміз қата отырып еске алып келеміз.

Қосылхан мен Дүйсендер де қазір ата-ана болып отыр. Келін түсірген, қыз ұзатқан тойларымызда бірге жүрміз. Құдалыққа бірге барамыз, құданы бірге күтеміз. Қуанышта да, қайғыда да біргеміз.

Жалпы біздің класымызда жақсы оқитын қыз-жігіттер көп болды. Манағы айтқан марқұм Кенжекүл Үкібекова өте жақсы оқыды. Мен «класком», ол «тазалық» міндеттерін атқаратынбыз. Бауырмашыл еді. Сонымен қатар ешкімге көкірегін бастырмайтын өжет мінезді қыз болатын. Кәнекей, қазір де арамызда жарқылдап жүрсе болмас па еді деп кейде іштей ойланасың. Ол құрбым туралы естелік жазамын деп кім ойлапты. Құрбымның жолдасы Қабыл ұл-қыздары мен немерелерін тәрбиелеп, оқытуды жалғастыруда.

Қырық жылдан бері хабарсыз жүрген кластас құрбымның бірі Қанзада Аманжолова. Ол да үздік оқитын. Ол да қайсар мінез қайтпас болатын. Бестіктен басқа баға алмайтын.



Сыныптастар бас қосуында

Әгерәки, бір бесі азайып, немесе, төрттік қойылар болса бар ма, ағайлармен айтысып, тартысып жүріп бәрібір бес алатын. Міне сізге оқуға деген құштарлық! Ал, енді балалар бейбастақ мінез көрсетсек аямайтын еді. Балалыққа салынып, шамына тиер қисық сөз сөйлеп қалсақ бетің бар, жүзің бар демей сазайыңды тартқызады. Ойыныңды осылтып жібереді. Міне, сол досымның дерегін білмеймін -- қайда жүр, не тіршілік етіп жатыр белгісіз. Тілерім—қайда жүрсе де аман болып, өссін, өнсін.

Біраз достарыммен жақын араласып тұрамын. Мінаш, Алмаскүл, Әсемкүл, Бибіхатша, Ұлбике, Ұмсынай, Қыдыр, Асан, Жидебай, Нышан, Тұрғанәлі, Омар, Ерназар, Құрбанкүл, Болат, Ғайбулла, Рауида, Разия, Жолдыбай, Ұлжалғас, Балтабай секілді бір класта оқыған достарыммен бүгінге дейін ара қатынасымыз, достық пейіліміз үзілген емес. Өмір неткен зымырап, тез өтеді! Кеше ғана бала боп, бір-бірімізден сабақ сұрап, сабақ көшіріп жүрген едік. Енді алпыс жастың асқарынан асып барамыз. Осы кластарымның бала кезгі қылықтарын еске алып ойлансам өз-өзімнен жымыып сала беремін. Бір қимас сезімдер пайда болып, оқушылық альбомдарды ақтарамын. Ештеңеге айырбастамайтын алтын шақтарымыз екен ғой ол дәуір!

1984 жылы мен совхоздың партия ұйымының хатшысы болдым. Бұл кезде мектеп-интернат аудан орталығы Шәуілдірге көшіп кеткен. Баяғы интернат корпустары тұрғын үйлерге беріліп кеткен. Былайша айтқанда баяғы думанды шақтар келмеске кеткен. Мен уақыт тауып, интернат ғимаратына көп келетінмін. Бөлмеге кезекші болатын кезімізді көз алдыма келтіремін. Интернаттың ішін айнадай етіп тазалайтын едік. Себебі әр күні санитарлық посттың мүшелері аралап, баға қоятын. Үштік қойып кетсе қайтадан кезекші боласын. Қашан 4-5 деген баға алғанша тірлік осы. Олар да таппайтын жерден тінтіп жүріп шаң табатын еді-ау. Әсіресе, Алтынқыз Пернебаева, Райла Құлтановалар аралағанда өлтіріп тексеретін. Міне сізге тәртіп, тазалық деген! Осыларды еске ала жүріп бұрынғы ортасындағы асфальт жолдармен жатақханаларды аралаймын. Баяғы оқушылық кезімді аңсап көңіл-күйім құлазып шығатын. 1991 жылы Балтакөл совхозына директор болып бекітілдім. «Ағартудың» ғимараттарын қайтсем сақтап қалуға болады деген ойды бір сәтке де жадымнан шығарған жоқпын. 1993 жылы «Ағартудың» үлкен корпусы бұзылып кетпесін деп күрделі жөндеуден өткіздім. Төбесін қайта ашып, жауып, сыртын «шубалатып» сылатып шықтым.



Достармен дастархан басында

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ АУДАНЫ
АБОНЕМЕНТ

Алқам-салқамы шыққан есік-терезелерін жаңарттым. Бұл менің азаматтық борышым деп санадым. Түптің түбінде осы ғимарат ауылдың тарихын, «Ағартудың» тарихын шертетін мұражай болар, мұражай болмаса намаз оқитын мешіт үйі болар деп ойлап жүрдім. Оның үстіне ертеңдері осы мектептің бір түлегі «Ей, Серік, сен совхоз директоры болып тұрып «Ағартуды» сақтап қала алмадың ба?» деп айтса не деп жауап беремін деп те ойлады.

Сонымен корпусты бір жаңартудан өткіздім. Есігіне құлып салып, қарауыл да қойдым. Сөйтіп жүргенімде ойламаған жерден қызмет ауыстыруға тура келді. Аудан мен облыс басшылары мені күштеп дегендей-ақ, көршілес қаракөл асыл тұқымды қой совхозына директор етіп ауыстырып жіберді. Жұмысымда кемшілік болса бір сәрі. Балтакөл совхозы облыстағы ең көрсеткіші жоғары, жақсы шаруашылықтың біреуі еді. Басшыларға қиналып отырып, «бұл жерден басқа еш жерге бармаймын» дедім. Бірақ облыс, аудан басшылары көнбесіме қоймай көндірді ғой. Өз қолыммен техникасы мен басқа да керек-жарақтарын түгендеп, елдің есін жинап берген совхозымды енді кім көрінгеннің қолына қалай қиясың?! Қимасам да амалсыздан жүрегім сыздай-сыздай қоштасып, кете бардым.

Мен кеткен соң екі жылдың ішінде-ақ совхоздың тоз-тозы шықты. Небір қорақопсылар мен шопан үйлері, мәдениет ошақтары мен медпункттер, совхоздың тұрғын үйлері халықтың көз алдында талапайға ұшырады. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Жекешелендіруді құдай беріп қалды деп ойлағандар құдайын ұмытып кетті. Ауылдың үлкен-кішісі киелі шаңырақ деп қарайтын «Ағартудың» үлкен корпусы да, интернаттың басқа жатақханалары да



Мектептің бүгінгі орны

талан-таражға түсті. Құлқыны кеңдер ешнәрседен шіміріккен жоқ. Мектеп-интернаттың орны тып-типыл боп, меңіреу далаға айналып шыға келді. Төмпешіктер ғана қарауытып көрінеді. Содан соң құдайдың құдіретімен екі түп қара ағаш ғана көгеріп тұр. Болды, бітті. Басқа ешнәрсе де қалмаған.

Міне, балтакөлдік достар, біздің оқыған мектебіміздің аянышты тарихы осылай боп тұр. Баяғы Дайрахан ағайымыздың қара наны есіме түсіп кетсе еріксіз көңіл босап, көзден жас шығып кетеді. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген осы. «Ағарту» жайында бір кітап шығаруды көптен бері ойлап, іштей ой қазанында пісіріп жүрдім. Енді тағы бір 30-40 жылда мектепті еске алатын азаматтардың қатары да қалмай қалады-ау деп қорқамын. «Баяғыда дүрілдеген «Балтакөл» деген мектеп-интернат болған еді» десең кейінгі жастарға ертегі айтқандай боласың. Ол мәңгі есте қалу үшін не істеуіміз керек? Неге мектеп-интернатты оқығандардан бір журналист шықпады деп ойланатынмын.

Кейде адамның ойына көп нәрселер келеді. Қазір 30,40,50 жылдық кездесуді тойлап жүргендер «Балтакөл» мектеп-интернаты жоқ болғасын ауылдағы Ы.Алтынсарин мектебіне барып, немесе Түркістанда кездесуге мәжбүр. Сол азаматтар барлығы бірлесе отырып неге баяғы өзіміздің мектебімізге ескерткіш салмасқа деп ойлаймын. Мектептің орны тұр. Сол жайдан бір алаң жасап, үлкен ескерткіш тұрғызсақ. Ескерткіш тақтаға мектептің тарихын, онда сабақ берген ұстаздардың аты-жөндерін, сондай-ақ әр жылдары бітірген түлектердің де аты-жөндерін жазып қойсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Айналасын кіші саябаққа немесе скверге айналдырсақ ауылдағы ең бір тарихи орын болары сөзсіз ғой. Түлектердің де, ұстаздардың да тағзым жасап, баяғы күндерді еске алып, әңгіме-дүкен құрып отыратын тамаша жайға айналар еді. Бұл мектептен небір тұлғалы азаматтар шықты ғой. №4 «Балтакөл» мектеп-интернатын бітірушілер өзара келісіп, жылдың бір мезгілінде осы орында кездесіп тұруды үрдіске айналдырсақ бір ғанибет болар еді. Осы шаруаны алдағы уақытта қолға алуды жоспарлап отырмын. Немесе біреу шығар осы кітап жарық көрген соң. Оның үстіне ендігі уақытта Балтакөлге бару да бұрынғыдай

қиындық тудыра қоймас. Сырдариядан темір-бетон көпір салынууда, жол болса асфальт!

Ұстаздың бәрі де шәкіртім білімді болсын деп тер төгеді. Әрқайсысы сабағын әрқалай өтеді, әрқайсысы өзінше тәрбие береді. Менің ұстаздарымның ішінде тағы бір жадымнан ешқашан шығармайтын екі ағайым болды. Олар Ыдырыс Алдабергенов пен Нышан Жәнібеков ағайларым. Сегізінші класты бітірген кезім. Елдің барлығы жазғы каникулда. Мен де ауылыма қайтып, әке-шешемнің күнделікті күйбең шаруасына араласып кете бардым. Байқаймын, әкем мені ендігі оқу жылына жіберу ниеті жок. Колхоздың бір отар тоқтысын алып, қой бағуға шығатын түріміз бар. Мен қорқайын дедім. Қой соңында кімнің жүргісі бар дейсің? Ары ойладым, бері ойладым. Мектепте оқымасам да әйтеуір бір



*Ыдырыс
Алдабергенов*

техникумға ма кету керек. Ал, ондай оқу орындары құжаттарды 1 тамызға дейін қабылдайтынынан хабарым бар. Ал, оған небәрі бір аптадай ғана уақыт қалыпты. Әкемнің шынымен де мектепте оқытпайтыны белгілі боп қалған. Кешкісін апам екеуміз оңаша отырып ақылдастық. Мен қой баққым келмей, оқығым келетінін айттым. Оны апам да құптап отыр. «Оқы, оқы, балам, қой бақсаң көзің ашылмай қалады» деп мені жақтап шыға келді. Сонымен, техникумның біріне түсу керек деп шешім қабылдадым.

Ертесіне ерте тұрдым да мотоцикліме мініп алып, Балтакөлге қарай ағызып кеттім. Мектептен құжаттарымды алып, оқуға тапсыру керек қой. 8 клсты бітірген куәлігімді ала қояйын деп мектепке келсем, Жұмат Арыстанов деген ағайым бермей қойды. Куәлікті алу үшін оқу ақысына 13 сом 66 тиын қарыз екенмін. Соны төлеуім керек. Енді не істеймін? Қалтамда ондай ақша болса да жоқ. Шауып отырып Ыдырыс Алдабергенов ағайымның үйіне келдім. Ағай үйінде екен. Мән-жайды айтып, жәрдем беруін сұрадым. «Сен үйде бола бер, мен мектеп директоры Рәзия Дүйменовамен сөйлесіп көрейін» деді.

Сонымен үйінде қалдым. Айналаға шығып қарасам ағайдың есігінің алдында екі араба жыңғыл отыны төгіліпті. Құры қарап отырғанда не істеймін дедім де, қолыма балтаны алып, сабын жөндеп алдым. Сөйттім де екі арба отын жыңғылды бұтап шықтым. Бұтағанда да қысты күні пешке сала беретіндей етіп әдемілеп бұтап, оны бастырма қораға тау қылып үйіп қойдым.

Кешкісін ағайым үйіне келді. Қатты ашулы екені жүзінен көрініп тұр. Сөйтсем, ауданнан кісілер келіп (ол кез Балтакөл совхозы жаңадан ұйымдасып жатқан кез еді), мектеп директоры кешке дейін жұмысқа келмеді. Жұмат ағайға менің өтінішімді айтса ол кісі ешқандай да көнбеген. Соған ренжіп келген беті екен. Менің бұтап жинап қойған отынымды көрді де, күлімдеп сала берді. Қатты қуанып кетті.

-- Ай, Серікжан-ай, құдай қаласа сен бір үлкен тындырымды азамат болады екенсің. Осынша тірлік істеп, қолымды ұзартып тастапсың, рахмет, -- деді шынымен риза болып. -- Сенің жұмысыңды азанда бітіріп беремін, еш алаң болма..

Ағайым көңілімді осылайша көдеріп тастады. Мен де ағайдың көңілін өзімше көтергеніме мәзбін. Арманға толы алдағы күндерді қиялдаумен түнді өткіздім. Танертенгі шайдан кейін Ыдырыс ағай жұмысқа кетті. Ағайым тез келді. Сегіз жылдықты бітірген куәлігімді алып келіпті! Менің қуанышымда шек болған жоқ. Ағайға қуана-қуана рахметімді айттым да, мотоциклімді сол үйге қалдырып, паромға қарай құстай ұшып жаяу келдім. Сол жерден бір жүк машинасына мініп, Түркістанға жеттім. Техникумға кету тарихым осылай болып еді.

Кейін техникумды бітіріп келіп, совхозға жұмысқа келген соң ағайымның талай әжетіне жарадым.

Нышан ағайымның да Ыдырыс ағай секілді жәрдем бергенін айтайын. Алматыдағы политехникалық институтта сырттай үшінші курста оқып жүрген кезім еді. Қосымша Нархоздың Шымкенттегі филиалына түсейін деген ой келді. Ал, оған орта білім туралы аттестат керек екен. Мендегісі сегіз жылдық куәлік қана. Техникумның дипломы Алматыдағы институтта. Салып ұрып Нышан ағайға бардым. Осындай да осындай деп жағдайды айтып едім, жүр деді де

мектепке ертіп әкелді. Сол жерде сырттай оқу мектебі атынан аттестат жазды да берді. Мен Нархозға тапсырып, экономист-қаржыгер деген жоғары білім алып шықтым. Қанша жылдар бойы осының нанын жеп келе жатырмын.



Нысан Жәнібеков

«Ағарту» мектебі жайлы естелік айтып жатқасын осынау ұстаздарымды да айтып өткім келді. Қазір бұл кісілер де өмірден озған. Ағайларымның әруақтары риза, жатқан жерлері жарық болсын деп тілеймін. Лайым ұрпақтары ұзақ өмір сүрсін. Жалпы мұғалімдерімнің барлығына да басымды ие

отырып, шәкірттік алғысымды айтамын.

Ұстаздарымнан алған ұлағатымды өзімнің ұл-қыздарыма да үйретіп келемін. Құдайға шүкір, балаларымның барлығы

да жоғары білім алды. Бірі мектеп директоры, бірі бір мекемені басқарса, қатардағы мұғалім болып еңбек етіп жүргендері де бар. Олардың өмірден өз орындарын тауып отырғандарына біздер ата-анасы



Серікбай аға сүйікті немересі Нұрсатайдың сыныбында

шүкіршілік айтамыз. Отбасымызбен бас қосқанда ауылдағы мектеп-интернат, ондағы ұстаздарым жөнінде айтып отырудан жалықпаймын. Әсіресе, немерелерімнің зердесіне «Ағарту» деген мектеп-интернат болғанын, онда осы ауылдағы ата-әжелер тәлім-тәрбие алғандары жөнінде құлақтарына құйып отырамын. Соңынан «Ұстазым», «Достар» әндерін айтып жіберемін. Бұған әсіресе, Нұрсатай немерем мақтанып, масаттанып, менімен бірге қосылып кетеді.

№ 4 Балтакөл школ. интернатының 1968 жыл оқуды бітірген түлектердің 40 жылдығы кездесуі



Түлектер 40 жылдан соң



40 жылдық кездесу кешінде



Достардың әңгімесі таусылмайды

ШАМШЫРАҚҚА АЙНАЛҒАН ШАҢЫРАҚ

«Ағарту» деген атауды ең алғаш осы кітапты шығаруға ұйытқы болып отырған Серік аға Ибадуллаевтан естідім.

— Алдымен «Ағарту мектебін қағазға түсіріп, бір реттеп алайық,— деді Секең.— Сол мектепті құрған кім, қандай ұстаздар сабақ берді, олардың іскерлік қабілеттері қандай еді, міне осыларды көнекөз мұғалімдерден, бітіруші түлектерден сұрау керек. Ол мектептен қандай тұлғалар шықты? Басқа да түлектер қандай қызметтер атқарып жүр? Солардың бәрін жинақтап, өз алдына бір естелік кітап етіп шығарып қояйық. Мектептің өзі жоқ болғанымен аты өшпеуі тиіс...

Кітап шығарудағы басты мақсат та осы болды. «Ағартудың» аты тарихта қалуы керек. Жарты ғасырдан астам уақыт бойына шәкірт көкірегіне ізгілік нұрын шашып, Сыр бойының шамшырағына айналған «Ағарту» мектебі қандай еді?

Шаруасы тоқтамай, жұмысы жүріп тұрған мекеме туралы жазу аса қиын емес. Ал, енді, әлдеқашан тірлігін тоқтатқан, бүгінде тек орны ғана қалған білім ордасы жайында жазу әжептәуір қиындық туғызады екен. Мектептің орны қалған Балтакөл ауылын араладық.



«Ағарту» мектебінің бас корпусы

Сексен жастың о жақ, бұ жағындағы қарт ұстаздармен тілдестік. Ауылдағы басқа мектептегі мұражай

жәдігерлерімен таныстық. Сарғайып, жыртылуға айналған суреттерден сыр тарттық. Аға буын өкілдерінің көкіректерінде жатталып қалған «Ағарту» мектебі жайлы деректерді шамамыз келгенінше қағазға түсіруге тырыстық.



« А г а р т у » мектебінің алғашқы ұйымдастырушысы болған ағартушы ұстаз Сәрсенбай Қабылов 1900 жылы Қызылорда облысында өмірге келген.

...Оңтүстік Қазақстан облысының қазіргі Отырар ауданына қарайтын ауылдар кешегі кеңес өкіметі орнаған тұста дарияның екі жағасына шашырай қоныстанып жатушы еді. Осы ауылдар көп жылдар бойы Үшқайық ауылдық кеңесіне қарап келді. Кейіннен бірі – Балтакөл, екіншісі -- Үшқайық ауылдық кеңестері болып екіге бөлінді. Кеңестік жүйе туралы әртүрлі әңгімелер айтылғанымен, жақсы жақтарын жақсы деп айтқан дұрыс болар. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы күндерден бастап-ақ халықты жаппай сауаттандыруға кіріскенін бағалауға тиіспіз. Үшқайық ауылдық кеңесінің төрағасы Әбу Сандыбаев пен колхоз төрағасы Рахым Ерімбетовтің ұйымдастыруымен 1929 жылы ауылда ең алғашқы сауаттандыру мектебі ашылыпты. Мектептің алғашқы ұстаздары болып белгілі ақын Айтбай Белгібаев пен Рахымша

Қалмырзаевтар еңбек еткен. Алайда, тұрақты бір мекен-жайы болмаған. Қай жер ыңғайы келсе сол жерде сауат ашу жұмыстары жүргізіле берген.

1930 жылдан бермен қарай көшіп-қонып жүрген ауылдар Балтакөлдің маңайына келіп қоныстана бастады. Колхоз шаруашылығы оңала түсті. Осындай кезде ауылға ұстаздық ету үшін аудандық оқу бөлімінде инспектор болып еңбек етіп жүрген Сәрсенбай Қабылов келді. Жігерлі де жас маманды аудандық партия комитетіндегілер үлкен сенім артып жіберген екен. Партия тапсырған соң бұл міндетке білек сыбана кірісіп кетеді. Сәрсенбай Қабыловқа бұл өңір

бұрыннан-ақ таныс болатын. Халықты сауаттандыруға белсене кіріскен білікті маман кездесіп жатқан қиындықтарға мойымайды. Мектепке қажетті оқу құралдарын былай қойғанда, сабақ өтетін жайдың өзі бірде бар, бірде жоқ. Күн жылы, жер қарада киіз үйде сабақ өтеді. Ал, қақаған қыста қайда барып бала оқытарын білмей талай қиналады. Оқушы саны болса күннен-күнге көбейіп келеді.

Басты міндет-халықтың көзін ашып, хат таныту болғандықтан өз алдына үлкен мектеп үйін тұрғызу қажеттігі белгілі болды. Жергілікті партия, кеңес ұйымдары қалың бұқараның басын қосып, келелі кеңес құрады. Ауылдан жаңа мектеп үйі салынатын болып, оған қажетті материалдар да осы төңіректен табылатын болады. Мектеп ғимаратының жобасын арнайы маманға сыздырып алады. Енді мектеп үйін қай жерден салу керектігі талқыға салынады. Жұрт ақылдаса келе, ақырында дария тасығанда су бара қоймайтын, ауыл шетіндегі биіктеу жер таңдалады. Осылайша 1935 жылы Сырдарияның арғы бетіндегі Балтакөл ауылында жаңа мектептің құрылысы басталып сала берді.

Сәрсенбай Қабыловпен бірге ауылдық кеңестің төрағасы Әбу Сандыбайұлы бұл игі іске бүкіл халықты жұмылдырды. Айналадағы ауылдардан келген адамдар бір ай бойына қолмен кірпіш құяды. Оны екі-үш шақырымдай қашықтықтан атарба, есекарбалармен тасып отырды. Бұл іске Әбжәлем Тұрсыметов жетекшілік жасайды. Қолмен құйған қышты отқа күйдіріп, нағыз талапқа сай етіп дайындаған. Арада ай өткенде мектеп іргесіне қаланатын қыш та даяр болады. Ал, мектептің іргетасын қалау жұмысы салтанатты жағдайда басталады. Бұл жөнінде Сәрсенбай аға Қабыловтың өзі кейіннен былай деп еске алады:

--Мектептің іргетасын қалау жұмысының басталғаны бүгінгідей көз алдымда сайрап тұр. Алыс ауылдардан аттылы-жаяулы ағылып келген адамдарда есеп жоқ. Олар жұмыс істеп жатқан құрылысшыларға сый-сияпатын да, еруліктерін де ала келді. Өздері де етек-жендерін түріп тастап, жұмысқа кірісіп қетті. Түркістан қаласынан құрылыс материалдары қамдастырылды. Ол материалдарды атпен, түйемен тасып, құрылыс басына жеткізіп отырдық. Ағаш шеберлері болса материалдарды мектеп төбесін жабуға әзірлеп отырды...



С.Қабылов 1930 жылы Ақмешіттегі мұғалімдер курсын бітіріп, Түркістан қаласындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепте ұстаздық етеді. Аудандық халық ағарту бөлімі басшыларының ұйғарымымен 1934 жылы оған Қызылқұм атырабындағы мал жайылымында мектеп ашу міндеті жүктеледі. Сәрсенбай Қабылов өзіне жүктелген бұл міндетті абыроймен атқарып шығады. Дарияның арғы бетіндегі Балтакөл ауылында жаңа ғимараттың іргетасын өз қолымен қалап, «Ағарту» деп аталатын мектеп салады. 1936-1941 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогика институтында білім алып, оның алғашқы түлектерінің бірі болған.

«Сыр бойының Алтынсарині» атанған С.Қабылов жемісті еңбегінің арқасында көптеген наградалармен марапатталды. Ең алғаш рет 1933 жылы «Құрмет грамотасымен» марапатталса, Қазақ ССР Орталық атқару комитетінің 1935 жылдың 25 желтоқсандағы «Қазақстанда сауатсыздықты жою майданы үшін үздік екіпінділерге сыйлық беру» қаулысына сәйкес оған сыйлыққа бағалы сағат беріледі. Қазақстандағы социализм құрылысына белсенді қатысқаны үшін 1940 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталады. 1947 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалін өңіріне қадады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1951 жылы «Құрмет белгісі», 1955 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен наградталды. 1960 жылы Қазақ ССР Оқу министрлігінің «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Сәрсенбай Қабылов жубайы Айымтөре екеуі 3 ұл, 4 қызды тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздардың барлығы да жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша қызметтер атқарды.

Ұлағатты ұстаз бола білген Сәрсенбай Қабылов өзі қолмен құрған мектептен зейнет демалысына шықты. 1972 жылы Шымкент қаласына қоныс аударды. Бар бақытын еңбектен тапқан абзал аға 1982 жылы өмірден озды. Өзінің өсиеті бойынша Сәрсенбай Қабыловтың денесі Балтакөл ауылындағы қорымға әкеліп қойылды.

Ардагер ұстаз, Отырар ауданының Құрметті азаматы Шәріпбек Өсербаевтың айтуынша жаңа мектеп құрылысына ауыл азаматтары Жұмағұл Төлбасиев, Сымайыл Есболов, Мамыт Қасымовтар, әйел азаматтардан Нәлдікыз Күшікбаева, Кенже Бұқаровалар айтарлықтай атсалысқан. Бұл кісілердің есімдерін ауылдастары әлі күнге құрметпен атайды. Осылайша дарияның арғы бетіндегі су алмайтын дөңнің үстінде қазіргідей техника құралдары болмаса да, халықтың қол күшімен зәулім сарай салынды.

1936 жылдың 7 қарашасы. Бұл дата балтакөлдіктердің жадында мәңгі жатталып қалды десе болғандай. Осы күні ауылдағы жаңа мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сол кезді көзімен көрген көнекөз қариялардың айтуларынша, бұл күн үлкен мереке ретінде аталып өткен. Мектептің ашылу салтанатына Сыр бойындағы ат аяғы жетер 20 колхоздың халқы түгел жиналыпты. Мектеп үйінің алдында ақындар айтысы өткізіліп, өнерпаздар концерт қойған. Ауыл сыртында ат бәйгесі ұйымдастырылған. Мектептің ашылуы, әрі сол кездегі ең үлкен мерейлі дата 7 қараша—Ұлы қазан революциясы күні екеуі осылайша нағыз халықтық мерекеге ұласқан. Мерекеде жаңа білім ошағына ат қойылады. Жұрт ойласа келе, «халықтың көзін ашып, көкірек-санасын ағартатын мектеп болсын» деп, «Ағарту» деген атауды қолдайды. Сан шәкірттің кеудесіне сәуле шашқан «Ағарту» мектебі осылайша жұмысын бастайды. Жақсы мен жаңаның жаршысы әрі насихатшысы, мәдениет атаулының орталығы болған «Ағарту» нағыз атына заты сай білім ошағы болды.

Алғашында небәрі 16 бала білім алуды бастады. 5 сыныпқа дейін ашылған білім ордасында кейіннен оқушы саны 171-ге жеткен. Жаңадан іске қосылған мектепте Сәрсенбай Қабыловпен бірге Ерғали Сандыбаев, Дүйсенбай Алтынбекеов, Хансұлтан Сапақов, Сұлтан Жармұхаммедов, Шәкия Досмұхаммедова, Сәния Мұхамедияровалар ұстаздық жасады. Білімге шөліккеп отырған ауыл балаларына осынау ұстаздар ыждағатпен сабақ үйретті. Бала саны артқан соң мектеп 7 сыныпқа дейін оқытатын болды. Айналадағы 19 колхозда сол кездері 14 мектеп жұмыс істеген екен. Сол мектептің оқушылары 5 сыныптан кейін

«Ағартуға» келіп ары қарай оқуларын жалғастырған. Алыстан келетін балалар үшін мектеп басшысы Сәрсенбай Қабылов олар жатып оқитын интернат үйін ашады. Алғашында жатақхана орнына жертөле мен жер кепелер пайдаланылды.

«Ағартудың» аяққа тұрып, айтулы білім ордасына айналуына алғашқы директор Сәрсенбай Қабылов өлшеусіз үлес қосқан. Қызылордада өмірге келгенімен бар саналы ғұмырын Балтакөлде ағартушылық қызметке арнаған осынау ұстаз жайлы тұрғындар бүгінге дейін тебіреніспен айтып келеді. 1990 жылы облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде осы кітапты шығарушы Серікбай Ибадуллаев Сәрсенбай ағай туралы мақала жазды. «Сыр бойының Алтынсарині еді» деген тақырыппен жазылған очеркте ардагер ұстаз жайында біраз жайларды қамтып өтіпті. Сарғыш тартқан газет мақаласынан үзінді келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз.

«... Сәрсенбай Қабылов кім еді? Сәрсекен сонау 1930 жылы республика астанасы болған Ақмешіттегі (Қызылорда) мұғалімдер курсы үздік бітіріп, Түркістан қаласындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепте екі-үш жылдай ұстаздық еткен. Елді ашаршылық жайлап, ішерге



Сырдария өзеніндегі қалқыма көпір

ас табылмай қалған жылдар еді бұл. Аудандық халық ағарту бөлімі басшыларының ұйғарымымен 1934 жылы оған Қызылқұм атырабындағы «Балтакөл» мал жайылымында мектеп ашу міндеті жүктеледі. «Ойпырым-ай, Сәрсенбайдың еңбекқорлығы мен сөзінің дуалысын-ай,- дейді бұл күндері «Балтакөл», «Овцевод» және Жаңақорған ауданына қарасты «Түркістан» совхозында тұратын қарттар. Оның бұл өңірге келген беттен мектеп құрылысын салуға бірден кірісіп, кей күндері күнұзаққа laidан қыш құятын өлермендігін таңырқай айтады.

—Ой, ол кезде бүгінгідей техника қайда?—дейді бірі. —Бәрі қолмен атқарылатын ғой. Дегенмен, бөтен елдің кісісі

балаларымыздың болашағы үшін шыр-пыр болып жүрген соң, намысымыз оянып, мектеп құрылысына өз үйіміздің тірлігіндей қолғабыс ететінбіз. Жаның жәннатта болғыр Сәрсекен-ай десейші!...

... Нақты мәліметтерге сүйенсек, Сәрсенбай ата 1934 жылдан Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін «Ағарту» (кейіннен «Балтакөл») мектебінің бірінші директоры болып, қыруар ұйымдастыру жұмыстарын атқарған. 1936 жылдан 1941 жылға дейін Алматыдағы Абай атындағы педагогика институтын Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинмен бірге бітіріп, оның алғашқы түлегі болған.

Сәрсекен соғысқа барған жоқ. «Ағарту» мектебі уақытша



С.Қабылов (жоғарғы қатарда сол жақта тұрған екінші) бір топ мұғалімдермен бірге

жабылғанда аудан басшылары оны Фрунзе ауданындағы орта мектепке директор етіп бекітіп, 1943 жылы оған Буденный атындағы колхоздан орыс және қазақ кластары бар мектеп ашу міндеті тапсырылады. Онда да ұйымдастыру ісіне ынты-шынтысымен кірісіп, кешікпей мектеп жайы салынады. Оқу-тәрбие жұмысы талап деңгейінде жолға қойылады. Алайда, соғыс аяқтала бере оған облыстық халық ағарту бөлімінің бұйрығымен «Балтакөл» мектебін қайта ашу міндеттелді. Сонымен «Балтакөлге» қайта қоныс аударды...» (Бұл мақала 82-бетте тұтасымен қайталап берілген).

Сәрсенбай ағаның мектепке деген жанашырлығы өте күшті болған. Мына бір оқиғаны да айта кетейік. Ұлы Отан соғысы басталғанда ер азаматтың бәрі майданға аттанып кете барғаны белгілі. Ал, мектеп жасындағы бала-шаға еңбек даласына шығады. Басқа түскен қиыншылыққа байланысты «Ағарту» мектебі де өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Оқушылардың күміс күлкісіне шомылып тұратын білім ошағы қарайып өзі қалды. Жұмыс істемей қаңырап тұрғасын қандай ғимарат болса да азып-тозады екен. Осы жайды Сәрсекен алдын-ала аңғарыпты. Мектептің барлық есік-терезелері мен басқа да қажетті оқу құралдарын жинап алып, бір жайға жасырып қойды. Себебі, қараусыз қалған дүние ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуі әбден-ақ мүмкін ғой. Бүгін алмаса, ертең алады. Білікті басшының бұл тірлігі ақыл болды.

1944 жылдың көктеміне қарай Шымкент, Сайрам аудандарының малдары Сырдың бойына көшіріліп келді. Тұрғындар саны қайта көбейді. Алыстағы майдан даласынан да көзайым хабарлар келе бастаған. Жау шегініп бара жатыр. Ел ес жиып, еңсесін қайта көтере бастады. Ауылдағы мектеп қайта ашылатын болды. Білім саласындағы басшылар бұл міндетті тағы да Сәрсенбай Қабыловқа жүктеді. Мал қораға айнала бастаған мектеп ғимараты қайта қалпына келтірілді. Сәрсекен баяғы жасырып, сақтап қойған есік-терезелер бүтін бүтін күйінше қайтадан орын-орнына қойылды. Сонда жұртшылық парасатты басшының жанашыр қасиетіне тәнті болып, ұқыптылығына қатты риза болған екен. Сұм соғыстың кесірінен уақытша жабылып қалған білім ошағына осылайша қайта жан бітті. Құлазып тұрған мектеп ғимараты жеткіншектердің күміс күлкілеріне қайта толды. Мектеп жанындағы интернатқа бұрынғыша малшы балалары орналастырылады.

Мектептің алғашқы директоры, ұйымдастырушысы болған Сәрсенбай Қабылов осы мектепте 26 жыл бойына ұстаздық етіп, зейнет демалысына шықты. Зейнетке де өзі құрған мектепте бірінші болып шығыпты. Мектеп ұжымы қадірменді әріптестеріне барынша құрмет көрсетіп, салтанатты жағдайда шығарып салыпты. Балтакөл ауылында тұратын ардагер ұстаз Мәназар Жүнісбеков ақсақал

Сәрсенбай ағай жайлы былай деп еске алады:

--Сәрсенбай ағай мен тағы бір ардагер ұстаз Ынтықкүл деген апайды мектеп тарихында алғаш рет зейнет демалысына шығарып салдық. Сәрсенбай ағайдың өзі қазақ тілі маманы еді. Өте ұқыпты кісі екен. Пәлен жыл бұрынғы газет тігінділерін түгелдей сақтағанды осы ағайдан көрдім. Қыздары мектепте өте жақсы оқыды. Сәрсенбай ағаймен көрші болып отырдық. Арабша да сауаты бар, намаз оқитын еді...

Сәрсенбай аға ұстаздар арасында алғашқылардың бірі болып «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісін өңіріне қадады. Бірнеше мәрте Қазақ ССР Оқу министрлігі тарапынан мақтау грамоталармен марапатталды, ақшалай, заттай сыйлықтар алды. Ұл-қыздарының барлығына да жоғары білім әперіп, отбасында өнегелі отағасы болды. Аймағына ардақты болған Сәрсекендей ұлағатты ұстаздың сүйегі өзі еңбек еткен Балтакөл ауылында жатыр. Ол кісінің еңбегі көзі тірісінде лайықты бағаланды. Десек те, кейбір ойлар тіл ұшына орала береді. Абзал азаматтың есімі сол ауылдағы бір көшеге бұйырмады. Өзі қолмен қалаған мектеп-интернатқа С.Қабыловтың атын берейік деген ауылдастарының ұсыныстары да кезінде аудан басшылары тарапынан қолдау тапқан жоқ. Елімізге түк қатысы жоқ әлдебір көсемдерге көше мен ауыл аттарын сыйлай салатын көл-көсір жомарттығымыз осындай шын мәніндегі ұлы азаматтарға келгенде тарыла қалатынымыз бар.

Сәрсенбай Қабыловтан соң «Ағарту» мектебіне 1945-1946 жылдары Дүйсенбай Алтынбеков, 1947-1948 жылдары Исрайыл Икматов, 1948-1950 жылдары Медеубек Мұсаев пен Ғафур Ахметов, 1950-1954 жылдары Өмірбековтер басшылық жасады. Өкінішке орай, осынау азаматтар жайлы деректер жоқтың қасы.

1952 жылдары күллі түркі жұртына есімі белгілі ғалым, академик Рахманқұл Бердібаев осы мектепте мұғалімдік қызмет атқарғанын біреу білсе, біреу білмейді.

-- Ол мектепті «ақ школ» деп атаушы едік. Себебі, айдалада аппақ болып тұрған мектеп үйі алыстан менмұндалайды. Мен сол кезде мектеп директорының үйінде жатып жұмыс істедім. Адамгершілігі мол жандар екен.



ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібай 1952 жылы «Балтакөл» мектебінде ұстаздық қызмет атқарды.

ұстаздық жолын да бастаған екен. Тіпті, Ғафур Ахметов, Өмірбеков деген директорлар туралы да әдемі естеліктер айтып берді.

-- Мен «Балтакөлге» 1950 жылы бардым дейді, -- Жарылқасын аға. -- Біз секілді қарапайым ауыл баласы үшін «Балтакөл» мектеп-интернаты үлкен қала сияқты көрінді. Мектеп ғимараты хан сарайындай сезілді. Тіс жуу, тіс щеткасы мен пастасы дегендерді сол жерде көріп-үйрендік қой. Интернат мемлекет қарамағында болғасын барлық жағдай жасалған еді. Маған кілең мықты мұғалімдер сол жерге жиналғандай көрінді. Ұстаздарымыз шәкірт жүрегіне жол таба білген мамандар болатын. Бізге Ынтықкүл Зердебаева деген апай сабақ берді. Керемет кісі еді. Мектеп директоры Ғафур Ахметов атты татар кісі болатын. Түсі жылы, иманжүзді дегендей-ақ ағай болды. Содан соң

Мектеп басшысы парасатты болғасын басқа мұғалімдер де сондай болады. Аз уақыт істесем де мектеп ұжымының ынтымағы жарасқан ұжым екені естен кетпейді. Көп жайлар есімізден шығып кетті ғой. Осыдан біраз бұрын Түркістанда бір азамат «аға, «Балтакөлде» сіз бізге сабақ бергесіз» дейді. Есіме түсіре алмасам да, қуанып қалдым, -- дейді Рахманқұл аға.

Рахманқұл ағаның есіне түсіре алмаған шәкірті Жарылқасын Әзіретбергенұлы болатын. Түркістан қаласының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері, Түркістан қалалық ақсақалдар алқасына басшылық жасайтын Жарылқасын аға бұл мектепте оқып қана қоймай, осында



Жарылқасын Әзіретбергенұлы

1940 жылы Түркістан ауданының Жайылма елді мекенінде өмірге келген. Сол ауылда бастауыш сыныпты бітірген соң, «Балтакөл» мектеп-интернатында

тәрбиеленеді. Жеті жылдық мектеп-интернатты үздік аяқтап, Түркістан педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Кейіннен Шымкент педагогикалық институтын бітіреді. Алғашқы еңбек жолын өзі оқыған «Балтакөл» мектеп-интернатында тәрбиеші-мұғалім болып бастады. Біраз жылдан соң Түркістан ауданы Амангелді колхозындағы «Амангелді» орта мектебіне ауысты. Аталмыш мектепте қатардағы мұғалім, мектептің оқу ісі меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарып шығады. 1967 жылы Амангелді колхозының партия комитетінің хатшысы қызметіне тағайындалады. 1983 жылы Амангелді колхозының төрағалығына бекітіліп, бұл қызметті 1994 жылға дейін атқарып шығады. 1994 жылы «Нұртас» атындағы шаруа қожалықтары мен фермерлер қауымдастығын құрып, осы қауымдастыққа 2001 жылға дейін басшылық жасады. 2001 жылдан бастап зейнет демалысында. Жемісті еңбегі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл», «Тыңға 25 жыл», «Тыңға 50 жыл» медальдарымен марапатталған. Еліміз егемендік алған соң Елбасы Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды. Түркістан қаласының Құрметті азаматы. Бауырынан өрбіген 17 ұл-қыздарынан 21 немере, 2 шөбере сүйіп отыр. Бүгінгі таңда Түркістан қалалық ақсақалдар алқасына төрағалық жасайды.

директор болып Өмірбеков деген кісі келді. Жамбыл облысынан келген бұл ағайдың аты есімнен шығыпты. Енді бұл кісінің ұйымдастырғыштық қабілеті орасан еді. Неше түрлі мәдени іс-шаралар қызып сала берді дейсің. Балалардың дүние танымын арттыратын көптеген ойын-сауық шаралары өткізілетін. Таң атып, кеш батқанын білмей қалушы едік. Сол жылдары Парамонова дейтін орыс қыз мұғалім болып келді. Орыс ұлтының өкілін сонда бірінші рет көрдік. Және таза орыс тілінде айтылған сөзді де осы апайдан естідік.

-- Ребята, сегодня мы изучаем русский алфавит, -- деп ең алғаш сабаққа кіргенде айтқан сөзі әлі күнге жадымда жаңғырып тұр.

Рахманқұл Бердібаев аға бізде аз уақыт сабақ берді. Ол кісінің сабақ өту

ерекшеліктері өзгеше болатын. Бала деген аңғарымпаз болады емес пе? Рахманқұл ағаның «значить» деген сөзді көп қолданатынын байқап қойғанбыз. Сабақ кезінде осы сөзді қанша рет айтқанын санап отырушы едік. «Бүгін ағай «значить» деп 20 рет айтты» дейміз сабақ біткесін. Сәкен Сейфуллиннің атын алғаш рет осы ағайдан естідік. Сол кезде-ақ Рахманқұл ағай зерттеу жұмысымен айналысады екен ғой. Сәкен, Илияс, Бейімбеттердің әлі ақталмаған кезі ғой ол кез әйтпесе. Басқа мұғалімдерден сұрасақ ешқайсысы білмейді. Кейін педучилищеге түскенде де сұрадым, ешкім білмейді. Міне, біздің «Балтакөлде» қандай тұлғалар істегенін бағамдай беріңіз енді. Сол мектептің орны ғана қалыпты қазір. Жолым түскенде барып тұрамын. Мектептің тұсынан өткенде машинамы тоқтатып қойып, бірауық баяғы кездерді еске алып ойланамын. Сол ауылдың тумасы, өзімнің сыйлап жүретін інім, әрі жиенім Серікбай бауырымыз осы мектеп туралы естелік-кітап шығарып жатқанына разы болып жатырмын. Әйтпесе ескерусіз қалып бара жатқан тірлік еді ғой...



БАШИКОВ ХАЙРУЛЛА
1930 – 1980

1954-1955 жылғы оқу жылында мектепке Хайрулла Башиков директор болып келді. Жаңа басшы интернатты кеңейте отырып, оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қойып берді. Осы жылдары мұнда білім алып, интернатта тәрбиеленетін балалардың саны 300-ге дейін жеткен.

Қызылордадағы педагогикалық институтты 1956 жылы бітірген Құрманбек Махамбетов ақсақал Хайрулла Башиковтың кезінде жұмысқа қабылданғанын айтады.

--Хайрулла ағайдың өзі Қызылордадан мені алып келді. Өте талапшыл, жоғары жаққа қадірі бар адам екен. Ол кезде мектеп жетіжылдық. Оқу ісінің меңгерушісі Саттар Тастанбеков болатын. Мектептегі алғашқы жұмысты интернат тәрбиешісі болып бастадым. 120 бала жататын интернатта,--дейді Құрманбек ағай.

1957-1958 оқу жылында мектеп он жылдыққа ауысты. 1959 жылдан бастап мектептің ауқымы кеңейіп, мәртебесі көтерілді. Бұған дейін пансионат болып келген білім ордасы ендігі уақытта №4 «Балтакөл» мектеп-интернаты болып аталатын болды. Малшы балалары мен тұрмысы төмен отбасы балалары жатып оқитын мектеп-интернаты тікелей республикаға қарады. Қаржыны да аудан, облыс емес, республикалық бюджеттен бөліп отырды. Республикалық деңгейдегі мектеп-интернат болғасын мұнда тек біздің ғана емес, көрші облыстардан балалар келіп тәрбиеленді. Бұл кезде мектеп директорлығына Иманқұл Ыбыраев келген еді. Малшы балаларының екінші үйіне айналған мектеп-интернаттың материалдық базасы осы жылдары барынша нығайды.

Жаңа басшының іскерлігі арқасында бір мезгілде 375 бала тамақтанатын асхана, 450 адамға арналған клуб салынып, жұмыс істей бастады. Клуб жанынан 30 өнерлі оқушыдан құралған үрмелі аспаптар оркестрі құрылып, концерт қойып отырды. Мектеп жанынан қосалқы шаруашылық ашылып,

мұғалімдер мен оқушылар өз күшімен көкөніс өсірді. Егістік алқапқа дариядан насос арқылы су тартты. Нәтижесінде мектеп-интернат өзінің асханасын овощ түрлерімен толықтай қамтамасыз ете білді. Интернат аумағын



Иманқұл Ыбыраев пен зайыбы Сәлима

мектеп директоры облыстан қаржы бөлдіртіп, дуалмен қоршатты. Жұмысқа арнайы тәжік ағайындарды алдырып, лайға түсіп, пахсамен қоршағанын ардагер ұстаздар айтып берді. Бұрын қалай болса солай, шенгелмен, жыңғылмен қоршалатын мектептің аумағы енді нағыз талапқа сай қоршалып, етек-жеңін жинап алғандай болды. Осы қаржы



И. Ыбыраев бір топ мұғалімдермен бірге

мектеп директорының өткірлігі арқасында басқа ауданға бөлініп кетіп бара жатқан жерінен кері қайтарылып алынған екен. Бәрін айт та, бірін айт, интернатта жатып білім алатын малшы балаларының сапалы білім алып, алаңсыз демал

уларына, түрлі мәдени-әдеби шараларға қатысып, ой-танымдарын арттыруларына барлық жағдайлар жасалынды. --Сол уақыттары интернатта тәрбиеленетін бала саны 400-ге жетті. Республикалық деңгейдегі мектеп-интернат болған соң әлеуметтік жағдайы да өте жоғары болды. Күнара бір сиыр сойылып жататын. 3 мезгіл тамақ беріледі. Дастархан мәзірінде ет, сары май, шұжық, консерв дегендер толып



Тәштәй Төлепбаев

Иманқұл ЫБЫРАЕВ



Иманқұл Ыбырайұлы ЫБЫРАЕВ 1921 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Бесарық ауылында туылған. 1940 жылы Шымкенттегі педагогикалық институтты бітіріп, Ташкент облысының Сайата ауылындағы мектепке мұғалім болып орналасады.

1941-1945 жылдары қолына қару алып, Ұлы Отан соғысына қатысады. И.Ыбыраев соғыс жылдарында 41-ші атқыштар дивизиясында взвод командирі болып шайқасады. Ол басшылық еткен взвод бірнеше рет

жаудың шебін бұзып өтіп, ерліктің үлгісін көрсетеді. Иманқұл Ыбырайұлы туралы өзінің қандықойлек қарулас досы, украин халқының жазушысы Дмитрий Цмокаленко «Ауыр айқастың алыптары» деген кітабында кеңінен тоқталған. Ұрыс сәттеріндегі оның ерлік істері кітапта шұрайлы тілмен баяндалады. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Иманқұл Ыбыраев Ұлы Отан соғысының Екінші Дәрежелі және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, басқа да көптеген медальдармен марапатталады.

Соғыстан оралған соң ұстаздық қызметін қайта жалғастырады. 1947 жылы бұрынғы Ильич ауданына мұғалім болып жұмысқа орналасады. 1947-1950 жылдары осы аудандағы Киров атындағы орта мектепте оқу ісі жөніндегі меңгеруші, 1950-1952 жылдары Амангелді орта мектебінде директор қызметтерін атқарып, мұнан соң Өзбекстан Республикасының Ильич аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. 1957 жылы «Балтакөл» мектеп-интернатына директор болып ауысады. Осы жылдары мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға барынша күш салады. № 4 «Балтакөл» мектеп-интернаты республикалық дәрежедегі мектеп-интернатқа айналады.

1964 жылы Түркістан аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне көтеріледі. 1966 жылы осы қызметті атқара жүріп кенеттен қайтыс болады.

Азарту саласында атқарған қажырлы еңбегі үшін Иманқұл Ыбырайұлы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген мұғалімі» атағымен, «Қазақ ССР оқу ісінің озаты» төсбелгісімен марапатталды. Жұбайы Сәлима екеуі 4 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірді.

Бүгінде Түркістан қаласындағы бір көше Иманқұл Ыбыраевтың есімімен аталады.



*Мектептен
мұражай
ашқан
Адаһқан Алтаев*

тұрушы еді,-- дейді өткен күндерді көз алдына әкелген Мәназар Жүнісбеков қария. 1959 жылы мектепке бір топ жаңа мұғалімдер толқыны келді. Нышан Жәнібеков, Ертай Дүйсенбаев, Тәштай Төлепбаев, Шәріпбек Өсербаев секілді ұстаздар бар күш-жігерін сапалы білім беруге бағыттады. Сондай-ақ, Саттар Тастанбеков, Жібек Бәйменова, Насыр Берденбаев, Қатшакүл Сәрсенбаева, Адаһсан Алтаев, Мәназар Жүнісбеков, Құрманбек Махамбетов, Міртай Аманжолов, Серікбай Жұмабеков сынды саңлақ ұстаздар мектептің абыройын асқақтатуға сүбелі үлестерін қосты.

Адаһсан Әлтаевтың мектеп ішінен ашқан өлке тану мұражайы сол өңірдің тарихынан сыр шертетін көрме болды. Ауылда алғаш сауаттандыру мектебінде бала оқытқан, кейіннен өзі де білімін жетілдіріп, тарих пәнінен дәріс берген Адаһсан ағайдың мұражайындағы экспонат саны 3000-ға жетті.

1960-1961 оқу жылы «Балтақөл» мектеп-интернаты үшін ең үлкен жетістікке жеткен жыл болды. Мектеп тарихында тұңғыш мәрте оқушылар алтын медальға қол жеткізді. Тұрсын Сейітбеков пен Аманбай Ибадуллаев есімді шәкірттер қос бірдей алтын медальді иеленді. Айқайлап айтатын қуаныш! Ауыз толтырып айтатын жетістік! Мектептің тасы өрге домалады деген осы болса керек.

Мектептің оқу үлгерімі республика бойынша алдыңғы орындардан көріне бастады. Үздіктер қатарына іліккесін мектеп ғимаратында облыстық, республикалық семинарлар мен байқаулар жиі-жиі өткізілетін болды. Оқушы саны да мейлінше көбейді, мектеп-интернатта 620-ға жуық бала тәрбиеленді.

1962 жылдар шамасы болса керек. Қаз ССР Оқу министрінің орынбасары Құтхожин деген кісі оңтүстік өлкесіне іссапармен келді. Жоғары жақтан адам келсе жергілікті басшылар ең жақсы деген жерлерді аралатады емес пе. Облыстық оқу бөліміндегілер министрдің



Шәріпбек ӨСЕРБАЕВ

1937 жылы Түркістан ауданының Иіркөл елді мекенінде туган. Орта мектепті бұрынғы Киров ауданындағы Фрунзе атындағы мектепте үздік аяқтады. 1954 жылы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1959 жылы бітіріп шығады. Осы жылы институт жолдамасымен «Балтақөл» мектеп-интернатына қызметке келді. 2000 жылы зейнет демалысына шыққанша «Балтақөл» мектеп-интернатында, кейіннен Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

орынбасарын «Балтақөлге» алып келеді. Мектеп-интернаттың тыныс-тіршілігімен асықпай танысып шыққан ол кісі мұғалімдердің сабағына да қатысуды жөн көріпті. Сонда министрдің орынбасары физика-математика пәнінің мұғалімі Шәріпбек Өсербаевтың сабағына кірген ғой.

--Мектепке комиссия келгенін білгенімізбен, дәл менің сабағыма кіреді деп ойламаппын. Үзіліс аяқталып, қоңырау соғылғасын әдеттегідей журнал, кітаптарымды қолтықтап класқа кірдім. Жаңа сабақты түсіндіруді бастай бергенімде есік ашылып, жоғарыдан келген өкілдер кіріп келді. Жалғастыра бер деген үлкен кісі жаймен барып арқа жақтағы бос орынға барып жайғасты. Аспай-саспай дәрісімді өтіп, оқушылармен жұмысымды жүргізе бердім. Кейіннен педкеңесте әлгі кісі менің сабақ өту тәсілімді мақтады. Ризалығын білдіріп, 36 сағат сабақ беруге қолма-қол бұйрық шығарып кетті. Құтхожин деген министрдің орынбасарының арқасында сөйтіп бір көтеріліп қалғанмын,-- дейді Шәріпбек ағайдың өзі.

Мектеп мұғалімдері сапалы білім берумен қатар жастардың рухани жағынан өсіп-жетілуіне де күш салды. Мектептегі көркемөнерпаздар ұйымы облыс аумағын аралап, концерт қойып келетін. 1958 жылдан бастап жұмыс істеген үйірме мектепті нағыз мәдениет ошағына айналдырды десе болғандай. Әсілбек



**Қ ұ р м а н б е к
М А Х А М Б Е Т О В**

1930 жылы Түркістан ауданының Сауран ауылдық кеңесінде дүниеге келген. «Казсельхоз» техникумының механика факультетін, Қызылорда педогогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. 1957 жылы «Агарту» жетіжылдық мектебіне тәрбиеші-мұғалім болып жұмысқа тұрады. Кейіннен №4 «Балтакөл» мектеп-интернаты болып атауы өзгерген білім ордасында дене тәрбиесі және алғашқы әскери дайындық пәндерінен сабақ берді. Барлық ұстаздық ғұмыры осы мектепте өткен зейнеткер қария бүгінде Балтакөл ауылында ғұмыр кешеді.

Ернішев, Қалдарбек Рысбеков сынды ұстаздар жетекшілік жасайтын көркемөнерпаздар ұжымында оқушылар ғана емес мұғалімдер де өнер көрсететін.

«Балтакөл» мектебінде ақырына дейін қызмет атқарған Құрманбек Махамбетов ағай әскери дайындық және дене тәрбиесі пәнінен сабақ бере жүріп, көркемөнерпаздармен бірге түрлі сахналық көріністерді қоятынын айтады.

--Біздің ұжым кәсіби әртістерден кем түспейтін. «Беу, қыздар-ай!», «Ақыр-заман ақыры», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Құдағи келіпті» деген пьесаларды сахналап шыға-тынбыз. Мектеп-интернаттан бөлек басқа аудандарға, тіпті өзге облыстарға барып концерт қойған кездеріміз болды. Бертінірек, Байқожа Баязитов директор кезінде өзі бастап апарып, сол кездегі астанамыз-Алматы қаласына барып сахнаға шыққан кездер-ай десейші! Сол жолы республикалық байқаудан біздің мектептің көркем-өнерпаздары бірінші орынды иеленіп қайтқан еді,-- дейді қарт ұстаз.

Мектепте тәрбиеші, клуб менгерушісі болып қызмет атқарған Мәназар аға интернаттағы мәдени шаралардың жастарға бергені көп болды дейді.

-- Рухани азықпен сусындап өскен жас ұрпақтың отансүйгіш, жігерлі азамат болып қалыптасарына ешкім таласпаса керек. Біздің интернаттың оқушыларының ішінде шоқ боп



Мəназар ЖҮНІСБЕКОВ

1930 жылы Түркістан ауданында өмірге келді. Соғыс жылдарында өзі құралты ауыл балаларымен бірге егіс басында жұмыс істеді. Түркістан қаласындағы №19 мектепте 8 сыныпты бітірген соң осындағы педагогикалық училищеге түседі. Алғашқы еңбек жолын Шауілдірдегі «Таланты» бастауыш мектебінде бастады. 1953-1955 жылдары Шымкент педагогикалық институтында жоғары білім алып, институт жолдамасымен Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай өңірінде мұғалімдік қызмет атқарып келеді. 1957 жылдан бастап қашан зейнет жасына шыққанша «Балтакөл» мектеп-интернатында, кейіннен Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Бүгінгі таңда Балтакөл ауылында ғұмыр кешеді. Жұбайы Мәйкен Кенжебаева екеуі 3 ұл, 7 қыз тәрбиелеп өсірді.

жалындап тұрған ұл-қыздар көп болды. Бір оқиганы айтып берейін. Оқу жылы аяқталар бір тұста облыстық атқару комитетінен Захан Ескендіров деген кісі келді. Бітіруші кластарды жинап алып «бірекі жыл қой бағуға шыққандарың дұрыс, атакәсібімізді сендер жалғастырмасаңдар кім жалғастырмақ» деп үгіттеп бақты. Шынында сол уақытта осындай қитұрқы саясаттар болды ғой. Балаларда үн жоқ. Бір оқушының саңқ еткен үніне бәріміз де қарап қалдық. Аты есіме түспей тұр, Ордабаев деген оқушы екен. «Малшының баласы малшы болып, қой соңында жүре беру керек пе екен? Қой бағуға бармаймыз, оқу оқып басқа мамандық таңдаймыз!» деді облыстан келген дөкейге қасқайып қарап. Осы сөз дем берген болу керек, оқушылар дүрлігіп кетті. Не керек, мектеп жастары қой бағуға қалмайтын болды. Сөзін өткізе алмай түтігіп кеткен Ескендіров соңынан бар ашуын мектеп директорынан алды деп естідік, -- дейді Мәназар ағай күліп.

Сол Ордабаев деген оқушы мектеп бітірген соң біраз жылдан соң алтын ұясына

соғышты. Үстіне милиция формасын киіп алған жас жігітті капелімде мұғалімдері танымай қалса керек.

--Сіздерге сәлем берейін деп келдім. Қой бақпаймын деген сөзімде тұрып, мінеки, милицияның оқуын оқыдым. Білім берген ұстаздарыма мың алғыс,-- деп өзін оқытқан ағай-апайларымен қауышып, мәре-сәре болыпты.

«Интернатты күшейткен Ыбыраев болды» дегенді айтқан ардагер ұстаздар ол кісінің іскерлігі мен өткірлігі хақында көп естеліктер шертісті. Қай істі болмасын дөңгелетіп әкететін білікті басшы Түркістан аудандық оқу бөлімінің бастығы қызметіне көтерілді. Алайда, тағдырдың жазуына



О. Ақынбекова, М. Жүнісбеков, С. Әбдірәсілов

амал жоқ екен. Оқу бөлімін басқарып тұрған кезінде И. Ыбыраев кенеттен қайтыс болды. Жұртшылық сол кезде Иманқұл ағайды облыстық партия комитетінің үшінші хатшысы болады деп күтіп жүрген екен. Сұм ажал оған жеткізбеді. Әріптес ұстаз, дархан жүректі азаматты соңғы сапарға шығарып салуға балтакөл-діктер де түгелімен қатысты. Олардан бөлек қаралы жиынға қарақұрым адам көп жина-лыпты.

«Балтакөлдің» тарихында тұңғыш мәрте әйел азаматтар арасынан басшы тағайын-далды. Иманқұл Ыбыраевтың орнына Рәзия Дүйменова мектеп тізгінін қолға алды. Рәзия апай өте ұқыпты, бар жақсылық тек балаларға болсын деген жан еді.

Жексенбай Пернебаев ақсақал оңтүстік өңірдегі ұстаздық қызметін «Балтакөлде» бастаған. Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы институттың физика-математика факультетін тәмәмдаған Жексенбай ағай институт жолдамасымен бір жылдай сол кездегі Целиноград облысында жұмыс істеп келген екен. Отбасы жағдайымен



Жексенбай ПЕРНЕБАЕВ

1940 жылы Отырар ауданының Мыңшұқыр деген ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң 1960 жылы Қызылорда қаласындағы М.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түседі. 1965 жылы институт жолдамасымен Ақмола облысына барып, мұғалімдік қызмет атқарады. Бір жылдан соң отбасы жағдайына байланысты елге қайтып келіп, №4 «Балтакөл» мектеп-интернатына жұмысқа орналасады. Жексенбай Пернебеков осы білім ордасында 1973 жылға дейін жемісті еңбек етті. Бірнеше шәкірттері мектепті үздік белгімен бітіріп шықты. 1974 жылы Түркістан қаласындағы С.Сейфуллин атындағы мектепке ауысады. 1988-1996 жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы негізгі мектепте директорлық қызмет атқарды. 1996 жылдан қашан зейнеткерлікке шыққанша М.Мәметова атындағы орта мектепте жұмыс істеді.

елге қайтып келгесін аудандық оқу бөлімінің бастығы Құтым Ордабаевтың бұйрығымен «Балтакөлге» аяқ басады. Мектеп директоры Рәзия Дүйменова жас маманды жылы шыраймен қарсы алады.

--Жоғарғы 9-10 сыныптарға физика және математика пәнінен дәріс беретін мұғалім етіп қабылдаймыз. Қалай, қолдан келе ме?-- дейді мектеп басшысы.

--Әрине, келеді,-- деп жауап береді Жекең де. Алайда, іштей қысылып тұрғанын көпті көрген директор апай аңғарып қойыпты.


--Қысылма. Әлі-ақ алып кетесің. Бізде біліктілігі мен пайым-парасаты ұштасқан тәжірибелі ұстаздар көптеп табылады,-- деп дем береді.

Шынында да ұлағатты басшының сенім білдіре сөйлеуі жас маманға қанат бітіргендей болды. Уыздай ұйыған мектеп ұжымымен қоян-қолтық араласып, бойдағы білім кенін шәкірт бойына құя береді. Жексенбай ағай мұғалім боп келген соң бір-екі жылдан соң 7 күміс, 1 алтын белгі шығады мектептен. Осы жетістікте менің де үлесім

Мектеп директоры, педагогтары,
қыздары балалар және профессордың
бүгінгіні болса, оқу құрастыра
арқасында,
әзір тұрыңдар!



Мектеп директоры **Ғәзия Дүйменова** (екінші қатарда ортада) мұғалімдер ұжымымен



Балмағамбет ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ

1941 жылы Түркістан ауданының Сауран елді мекенінде дүниеге келген. Бастауыш сыныпты Ленин колхозында оқыған **Б.Төлепбайұлы орта мектепті «Балтакөл» мектеп-интернатында аяқтап шығады. Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтында физика-математика мамандығы бойынша жоғары білім алады. 1963 жылы «Балтакөл» мектеп-интернатында еңбек жолын бастады. Осы мектепте 13 жыл ұстаздық қызмет атқарып, 1976 жылы Сауран ауылындағы 8 жылдық мектепке ауысады. 1989-2005 жылдар ішінде «Сауран» орта мектебінің директоры болып еңбек етті. «Қазақстан Республикасының оқу үздігі» белгісімен марапатталған. 2006-2007 жылдары қасиетті Мекке-Мәдинаға барып «Әкпар қажы» атанып келді. Түркістан қалалық ақсақалдар қоғамының мүшесі. Бүгінде Сауран ауылында гұмыр кешеді.**

бар деп қарт ұстаз мақтанышпен айтып отырады.

Мектеп ұжымының ауызбіршілігі шынында үлгі тұтарлықтай еді. Жоғарғы сыныпты осы мектепте аяқтап, алғашқы еңбек жолын да «Балтакөлде» тәлімгер (бұрынғыша айтқанда пионервожатый) боп бастаған Балмағамбет Төлепбаев ағайдың да әріптестері жайлы айтары көп-ақ.

--Сол кездегі мұғалімдер ұжымы өте бір ынтымағы жарасқан, кілең өз ісіне берілген мамандар еді. Жұмыс бабымен сонда барған Тәштай ағам мен жеңгемнің арқасынан біз де барып мектепте оқыдық. Кейін Қызылорда пединститутына оқуға түсіп, мұғалімдік қызметті де сонда бастадым. Тәлімгер болдым, физика, математика пәндерінен оқушыларға сабақ бердім. 1963 жылдан 1976 жылға дейін «Балтакөлде» бас-аяғы 13 жыл еңбек еттім. Жексенбай Пернебаев, Шәріпбек Өсербаев, Әмірбек Сейітов, Мәназар Жүнісбеков, Құрманбек Махамбетов сынды оқытушылармен тізе қосып жұмыс істедік. Ұстаздың орны да, салмағы да бөлек еді ғой ол уақытта. 70-80 жылдары мұғалім көрсе оқушы орнынан тұрып, бас киімін қолына алып



*Оқушылық өмір:
Балмағамбет ағай достарымен*



*“Балтакөлдiң” бiр түлегi -
Балмағамбет аға*

тұратын. Міне, ұстазды ұлағаттаудың бір көрінісі,-- дейді Балмағамбет ағай.

Сондай-ақ, мектеп директорлары Хайрулла Башиков, Иманқұл Ыбыраев, Рәзия Дүйменова, оқу ісінің меңгерушісі



Б. Төленбайұлы физика сабағын өтуде



“Балтакөлдiң” жас мұғалiмдер

болған Саттар Тастанбековтер жайында да сағынышқа толы лебіздеріңізді айтты. Балмағамбет ағай «Балтакөл» мектебінен соң Сауран орта мектебінде мұғалім,

кейіннен директор қызметтерін атқарып шықты. 2006 жыл мен 2007 жылдың басында күллі мұсылманға арман болған қасиетті Меккеге қажылық сапарға аттанып, «Әкпар қажы» атанып келді. Зейнет жасындағы ардагер ұстаз әлі де тың, бақуат. Мектеп тарихы туралы біраз суреттерді де Балмағамбет ағайдың отбасылық мұрағатынан алдық. «Ағарту» туралы кітап шығаруды қолдап-қуаттап жүрген де осы ағай. Серікбай Ибадуллаев облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып жүрген 2008



Төртінші сынып жетекшісі Б. Төленбайұлы оқушыларымен бірге

жылы Балмағамбет ағай екеуі естелік кітап шығару жөнінде ақылдасқан еді. Қарт ұстаз сонда үлкен ой салып, кітап шығару жөнінде Сәкеннің алдына міндет қойған екен.



Ахмет ТҮКІБАЕВ

1934 жылы Түркістан ауданында туған. Бұрынғы Крупская атындағы Шымкент педагогикалық институтын бітірген. Алғашқы еңбек жолын Мақтаарал ауданындағы бұрынғы Лермонтов атындағы мектепте мұғалім болып бастады. 1964-1972 жылдары № 4 «Балтакөл» мектеп-интернатында мұғалім-тәрбиеші болып еңбек етті. 1972 жылдан бастап Отырар ауданы, Көлқұдық ауылындағы С.Мұқанов атындағы орта мектепте қашан зейнеткерлікке шыққанша 26 жыл мектеп директоры қызметін атқарды. 1981 жылы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бүгінде Көлқұдық ауылында гұмыр кешеді.

Интернат оқушыларының жалпы тәртібіне сол интернаттағы тәрбиеші ұстаздар жауап беретін. Оқушылар каникул кездерінде ғана үйлеріне қайтатындықтан олардың алаңсыз сабақ оқып, әлеуметтік жағдайларының ойдағыдай болулары үшін тәрбиеші мамандарға жүктелер міндет те оңай болған жоқ. «Ағарту», кейіннен «Балтакөл» мектеп-интернатының меңгерушілері, яғни, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары болып бірнеше азаматтар еңбек етті. Атап айтар болсақ, 1955-1957 жылдары Қантөре Жұмабеков, 1957-1963 жылдары Жұмат Арыстанов, 1963-1965 жылдары Қатшагүл Қабылова, 1965-1967 жылдары Өтен Дүйсебаев, 1967-1973 жылдары Нышан Жәнібеков, 1973-1978 жылдары Әсілбек Ернішев сынды азаматтар интернатқа меңгеруші болыпты.

Бүгінде Көлқұдық ауылында тұратын зейнеткер ұстаз, қадірменді қария Ахмет Түкібаев интернатта тәрбиеші әрі мұғалім болып көп жылдар қызмет істеді. Кейіннен Көлқұдық ауылындағы жаңадан ашылған Сәбит Мұқанов атындағы орта мектепке директор болып қызмет ауыстырған Ахмет аға «Балтакөл» мектеп-интернатына сол кездері тең келер облыста

білім ошағы жоқ еді дейді.

«1964 жылы бұрынғы Киров ауданынан ауылға қайта оралып, «Балтакөлге» мұғалім-тәрбиеші болып жұмысқа орналастым,-- дейді өткен күндерге көз жіберген Ахмет ағай. – Мектеп интернаттың меңгерушісі сол кезде Қатшагүл Қабылова болатын. Баяғы мектепті өз қолымен құрған сыйлы азамат Сәрсенбай ағайдың қызы. Әке жолын қуып, ұстаздық еткен Қатшагүл апайдан да жас ұстаздардың үйренері көп болды. Осы апайдың тапсырмасымен өзге интернаттарға тәжірибе алмасуға жиі баратынбыз. Бірде облыс орталығындағы үлкен мектеп-интернатқа семинарға бардым.



**Қатшагүл
Қабылова**

Мәжіліс залынан бастап, әжетханасына дейін назардан тыс қалдырмай байқап жүрмін. Мақтанғаным емес, біздің «Балтакөлден» көп төмен. Тазалығы нашар екені көзге ұрып тұр. Балалар да интернаттан жиі қашатынын байқап үлгердік. Содан тағы бір күні Түркістандағы Шорнаққа жіберді. Ол



Ортадағы ұстаздар: Ә. Ернішев, А. Түкібаев, Т. Қабылова, Қ. Рысбеков



Ахмет ТҮКІБАЕВ

1934 жылы Түркістан ауданында туған. Бұрынғы Крупская атындағы Шымкент педагогикалық институтын бітірген. Алғашқы еңбек жолын Мақтаарал ауданындағы бұрынғы Лермонтов атындағы мектепте мұғалім болып бастады. 1964-1972 жылдары № 4 «Балтакөл» мектеп-интернатында мұғалім-тәрбиеші болып еңбек етті. 1972 жылдан бастап Отырар ауданы, Көлқұдық ауылындағы С.Мұқанов атындағы орта мектепте қашан зейнеткерлікке шыққанша 26 жыл мектеп директоры қызметін атқарды. 1981 жылы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бүгінде Көлқұдық ауылында гүмыр кешеді.

Интернат оқушыларының жалпы тәртібіне сол интернаттағы тәрбиеші ұстаздар жауап беретін. Оқушылар каникул кездерінде ғана үйлеріне қайтатындықтан олардың алаңсыз сабақ оқып, әлеуметтік жағдайларының ойдағыдай болулары үшін тәрбиеші мамандарға жүктелер міндет те оңай болған жоқ. «Ағарту», кейіннен «Балтакөл» мектеп-интернатының меңгерушілері, яғни, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары болып бірнеше азаматтар еңбек етті. Атап айтар болсақ, 1955-1957 жылдары Қантөре Жұмабеков, 1957-1963 жылдары Жұмат Арыстанов, 1963-1965 жылдары Қатшагүл Қабылова, 1965-1967 жылдары Өтен Дүйсебаев, 1967-1973 жылдары Нышан Жәнібеков, 1973-1978 жылдары Әсілбек Ернішев сынды азаматтар интернатқа меңгеруші болыпты.

Бүгінде Көлқұдық ауылында тұратын зейнеткер ұстаз, қадірменді қария Ахмет Түкібаев интернатта тәрбиеші әрі мұғалім болып көп жылдар қызмет істеді. Кейіннен Көлқұдық ауылындағы жаңадан ашылған Сәбит Мұқанов атындағы орта мектепке директор болып қызмет ауыстырған Ахмет аға «Балтакөл» мектеп-интернатына сол кездері тең келер облыста

білім ошағы жоқ еді дейді.

--1964 жылы бұрынғы Киров ауданынан ауылға қайта оралып, «Балтакөлге» мұғалім-тәрбиеші болып жұмысқа



**Қатшагүл
Қабылова**

орналастым,-- дейді өткен күндерге көз жіберген Ахмет ағай. – Мектеп интернаттың меңгерушісі сол кезде Қатшагүл Қабылова болатын. Баяғы мектепті өз қолымен құрған сыйлы азамат Сәрсенбай ағайдың қызы. Әке жолын қуып, ұстаздық еткен Қатшагүл апайдан да жас ұстаздардың үйренері көп болды. Осы апайдың тапсырмасымен өзге интернаттарға тәжірибе алмасуға жиі баратынбыз. Бірде облыс орталығындағы үлкен мектеп-интернатқа семинарға бардым.

Мәжіліс залынан бастап, әжетханасына дейін назардан тыс қалдырмай байқап жүрмін. Мақтанғаным емес, біздің «Балтакөлден» көп төмен. Тазалығы нашар екені көзге ұрып тұр. Балалар да интернаттан жиі қашатынын байқап үлгердік. Содан тағы бір күні Түркістандағы Шорнаққа жіберді. Ол



Ортадағы ұстаздар: Ә. Ернішев, А. Түкібаев, Т. Қабылова, Қ. Рысбеков



Мектептегі спорт ойындары

жердегі мектеп-интернаттың меңгерушісі Сұлтанхан Қалдыбеков, өзімнің танысым екен. Әдейі айтпай, хабарсыз бардым. Кіреберіс аулалар ғана дұрыстау екен. Қалған жағы шашылып жатыр. Балалардың киімі нашар. Асханасына бардық. Әр оқушыға екі тілімнен ғана нан беріледі. Әй, біздің интернаттың ширегіне де келмейді-ай! Мәселен, бізде оқушыға екі киім береміз. Оның бірін мектепке киеді де, екіншісін сабақтан тыс уақытында киеді. Ал, бұл мектепте бір-ақ киім берілетін болғасын оқушылардың үстіндегі киімдері кірленіп үлгерген.

«Балтакөлдегі» бірінші тәртіп—тазалық мәселесі болатын. Барлық ұстаз да, оқушы да таза жүруге бұрыннан дағдыланған. Ол тәртіпті бұзуға ешкімнің ақысы жоқ. Ал, асханамыздың жағдайы жоғары болды. Тамақтың құрамы, оның құнарлылығы жағынан ұялған емеспіз. Нанды тілімдеп жатпастан, ортаға молынан қойып қоятынбыз. Кейіннен



Ортада: Б. Төлепбайұлы, Ә. Оразбеков, М. Зердебаев



Байқожа Баязитов 1929 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының қазіргі Отырар ауданындағы Тартоғай деген жерде туған. Ол соғыс кезінде 7 сыныпты бітіреді де, мұғалімдер курсын бітіріп, бастауыш мектепте ұстаздық қызмет атқарады. 1949 жылы Шымкенттегі екі жылдық мұғалімдер институтын, 1953 жылы Алматыдағы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп шығады. №4 «Балтакөл» мектеп-интернатында 1968-1980 жылдары директорлық қызмет атқарған Байқожа Баязитов Киров, Түркістан, Қызылқұм, Арыс аудандарындағы білім ошақтарында жалпы 40 жылға таяу уақыт басшылық қызметтер атқарады. Ұстаздық қызметі бағаланып, «Ұлы Отан соғысы кезіндегі дақты еңбегі үшін», «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» медальдарымен марапатталды. Байқожа Баязитов ұлағатты ұстаз ғана емес, сонымен бірге ақын да еді. «Жүрек сыры» деп аталатын кітабымен қоса тағы да үш өлеңдер жинағы, бір әңгімелер топтамасы жарық көрді.

Созақ ауданындағы мектеп-интернатқа барып келдім. Ол да бізден төмен деңгейде. Біздің мектеп-интернаттың материалдық базасы да, оқу үлгерімі де облыста алдыңғы орында екенін көріп қайттым солай. Көркемөнер-паздарымыз қандай еді, шіркін! Аудан орталығында «Аққу» деген мәдениет ошағы жұмыс істеді сол жылдары. Біздің мектептегі клубтан жағдайы нашар болды. Мұның бәрін қыздырма сөз үшін көпіртіп мақтап жатқаным жоқ. «Балтакөл» мектеп-интернаты өз ісіне берілген маман педагогтардың арқасында бірінші орынды қолдан берген жоқ. Ал, жақсыны жақсы деп айту керек шығар...

Иә, жақсыны көрмекке дегендей, дарияның арғы бетіндегі осы бір киелі шаңыраққа ат басын бұрып келушілер көп болатын. Тексеруге келеді, өнер майталмандары концерт қоюға келеді, әйтеуір адам үзілмей жатады екен. 1969 жылы облыстық оқу бөлімінің

бастығы Әмірәлин деген кісі келіп, интернаттың жағдайымен танысып кетеді. Ауылдағы білім ошағын жарқыратып ұстап отырған оқытушыларға алғысын айтып кетеді. Артынан көп ұзамай оқу бөлімінен екі әйел кісі кеп тексеріп кетіпті. Сыныққа сылтау іздеген олар Әмірәлинге мектеп-интернатты жамандап барыпты. Сонда облыстық оқу бөлімінің бастығы былай деген көрінеді:

--Екеуіңді бүгіннен бастап жұмыстан босатамын. Ертеңнен бастап сол «Балтакөлге» барып жұмыс істейсіңдер. Облыс орталығынан шалғайда, ауыл ішінде орналасқан мектепті республикалық дәрежеге көтеріп отырған оқытушы еңбегін неге бағала-майсыңдар? Қиындықтарға қарамай білім ошағын жарқыратып отырған сол мұғалімдерге қайта рахмет айтпай-сыңдар ма? Тырнақ астынан кір іздеп жамандап отырғандарың өте ұят тірлік. Ендеше, өздерің сонда барып, қызмет істеп көріңдер,--дейді. Не керек, әлгі екі әйел жылап-сықтап кешірім сұрап жүріп, жұмыстарында қалған көрінеді. Бұл жайды Әмірәлиннің өзі мектеп директорына алдына бір кіргенінде айтып берген екен.

Интернат балалары жалықпау үшін клас-аралық жарыстар, спорттық бәсекелер үзілмей өтіп тұрды. Әр аптада бір сынып оқушылары кезегімен түрлі тақырыпта әдеби кештер, думанды концерттер қояды. Оның афишасы алдын-ала ілініп тұратын болған. Мұнан бөлек облыс, республикадан өнер жұлдыздары жиі келіп концерт беріп кетеді. Жамал Омарова, Ескендір Хасанғалиев, Шара Жандарбекова секілді сол кездегі өнер майталмандары қияндағы ауылға кеп тамаша кеш өткізіп, ауылды серпілтіп тастайды екен. Әрине, мұның барлығы бірінші кезекте малшы балаларына жасалынып жатқан қамқорлық екені белгілі. Думан-сауығы таусылмайтын интернат үйінен оқушылар қашып кетуді қаперіне де алмаған. Жалығуға, іш пысып, зерігуге уақыт та жоқ. Шын мәнінде интернат олардың екінші үйі бола білді. Интернаттағы кездерінен осындай естеліктер айтып берген Ахмет аға сол уақыттағы тізе қосып, бірге жұмыс істеген ұжымдастарын да ұмытқан жоқ. Қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген Өтел Дүйсебаев, Әсілбек Ернішев, әрі тіл маманы, әрі оқу ісінің меңгерушісі болған Ыдырыс Алдабергенов, бастауыш сыныпқа дәріс

берген Мәлике Досанова, тарих пәнінің мұғалімі Жәнеш Ақымбеков, орыс тілінің маманы Өміртай Жүсіпов, химия пәнінің маманы Нышан Жәнібеков, физика-математика



“Ағартудың” алғашқы түлектері: Социалистік Еңбек Ері Мақсұт Кобеев, Еңбек және соғыс ардагерлері Сұлеймен Тінейқұлов, Амантұр Мамырайымов

пәндерінен дәріс берген Шәріпбек Өсербаев, дене тәрбиесі және алғашқы әскери дайындықтан сабақ берген Құрманбек Махамбетов, көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі болған Қалдарбек Рысбеков сынды оқытушылар нағыз бала жанының бағбандары еді дейді Ахмет аға.

1967 жылы мектеп екіге бөлінді. «Балтакөл» бұрынғыша малшы балалары жатып оқитын мектеп-интернаты болып қала берді. Екіншісі -- кеңшар еңбекшілерінің балалары оқитын Ы.Алтынсарин атындағы мектепке айналды. «Балтакөлге» мұнан былайғы уақытта Байқожа Баязитов басшылық жасады. Ақындық пен ұстаздықты қатар ұстаған Б.Баязитов «Балтакөл» мектеп-интернатының ауылдағы ең соңғы директоры болды. Яғни, мектеп-интернат аудан орталығы Шәуілдірге көшкен 1978 жылға дейін басқарды. Шәуілдірде де директорлық қызметті 1980 жылға дейін атқарды. Сонау 1936 жылдан бермен қарай Сыр бойындағы шамшыраққа айналған қара шаңырақтың басқа жайға көшірілуі, әрине, балтакөлдіктерге оңай тиген жоқ. Алайда, сол кездегі биліктің тізгінін ұстаған кейбіреулерге мектепті көшіру тиімді болған көрінеді. «Балтакөл» кеңшарының ең алғашқы директоры болған Убайда Токбергенов дарияға көпір салудың құжаттарын бүге-шігесіне дейін даярлап,

жоғары жаққа өткізсе керек. Кейіннен облыстық атқару комитетінде басшылық қызмет атқаратын бір кісі:

--Ауданның бір шетіндегі совхозға көпір не керек? Мектеп-интернаттың өзін аудан орталығына көшіру керек,-- деп бір-ақ шешіпті. Бітті. Сонымен көпір де жайына қалады, тамырын тереңге жайған мектеп-интернат та ауылдан



Қ а л и Ж ұ м а н о в

№4 "Балтакөл" мектеп-интернатының алғашқы түлегі. Денсаулық сақтау саласының үздігі Қ. Жұманов ұзақ жылдар бойы өлкелік аптека басқармасында басшы қызметте болды. Зейнет демалысындағы қария бүгінде Шымкент қаласында тұрады.

жеген оқушылар бүгінде жастары ұлғайған аға-апаларға айналды. «Балтакөлден» тәлім алған түлектер әр салада дерлік қызмет атқарды, әлі де атқарып келеді. Ы.Алтынсарин атындағы мектепте орналасқан мұражайдан алынған деректер бойынша «Балтакөл» мектеп-интернатынан 40-қа жуық «Алтын медаль» иеленген оқушы шыққан. Көптеген азаматтар ғылым кандидаттары мен докторлары. Есімдері елге танымал Қапан Қамбаров, Жұмабек Еділбаев, Мыңбай Ілесов, Еркінбай Әкімқұлов, С.Кенжебеков секілді қаламгерлер осы мектеп қабырғасында білім алған.

көшіріледі. Балтакөлдiктердiн өтiнiш-талаптары ескерiлмейдi. Ауыл тұрғындарының қолынан мектептi ұстап қалу қайдан келе қойсын? Сөйтiп, жарты ғасырдан астам тарихы бар, небiр маркасқа ұстаздар тер төгiп, тұлғалы азаматтар түлеп шыққан «Балтакөл» мектеп-интернаты аудан орталығына көшiрiледi. «Ағарту» деген атауды бүгiнде аға буын өкiлдерi болмаса жас ұрпақ бiлмейдi де. Ал, осы метептi бұдан 40 жыл, 45-50 жыл бұрын бiтiргендер ауылдағы басқа мектепке барып кездесу өткiзiп жүр. Өздерi бiлiм алған алтын ұяларының далиып орны ғана қалса бөтен мектепке бармағанда қайтедi, ендi?

Түлектер демекшi, «Ағартудан» хат таныған азаматтар, интернаттың нанын

П р о к у р а т у р а саласында қызмет атқарған Айдар Сымайылов, денсаулық саласында қызмет атқарған Арызқұл Нұрмышев пен Кеңесбек Бөкебаевтай ағалардың есімдерін жерлестері орынды мақтаныш қылады. «Ағартудан» оқып шығып, кейіннен осы мектепте



*Интернат оқушылары:
(тұрғандар) Тәңірберген Баймырзаев,
Базарбай Махамбетов, Юсупов,
(отырған) Қали Жұманов*

ұстаздарының жолын қуған Адасхан Әлтаев, Ыдырыс Алдабергенов, Жәнеш Ақынбеков, Әсілбек Ернішов, Р.Пірімбетова сынды ұстаздар шәкірт тәрбиелеуге зор еңбек сіңірді.

Мектеп алғаш ашылғанда 16 шәкірт сауат ашқанын жоғарыда айтып өттік. Сол шәкірттердің арасынан Мақсұт Көбеев ағаны айрықша айтуға болады. Ұлы Отан соғысына қатысып қайтқан Мақсұт Көбеев елге келгесін қолына құрық ұстап, колхоз жылқысын бақты. Қамбар ата тұқымын ерекше қадірлейтін ағамыз қыстың қызыл шұнақ үскірік аязы мен шілденің аптап ыстығында да аттан түспейтін. «Мал баққанға бітеді» дегендей, жанкешті еңбегінің арқасында Мақсұт аға талай-талай табыстарға қол жеткізді. Үздік көрсеткішінің арқасында Мақсұт Көбеев сол кездегі ең жоғары награда—Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді.

Денсаулық сақтау саласының үздігі, ұзақ жылдар бойы өлкелік аптека басқармасында басшылық қызметте болған Қали Жұманов ағмыз «Балтакөл» мектебінің түлегі. «Ағартуды» құрған Сәрсенбай Қабыловтың үздік оқушыларының бірі болғанын мақтанышпен еске алады.

--Ең әуелі Көлқұдық ауылындағы «Мешіт» деп аталатын бастауыш мектепте латын қарпімен сауат аштым. 1952 жылы «Балтакөл» мектебінде оқуымды одан әрі жалғастырдым,-- дейді Қалекен. --Сәрсенбай ағай қазақ тілінен сабақ өтуші еді. Оның бір қызы Татьянамен бірге оқыдым. Сәрсенбай



Қ. Жұмановтың бала кездегі достары

ағайдың тәрбиесі, білімі ерекше еді ғой. Сабақты жақсы оқитын Қуанышбек, Базарбай және мен үшеуміз ағайдың диктант тексергеніне жәрдем беретінбіз. Тау боп үйілген диктанттарды біртіндеп тексеріп, қателерін көрсетіп қоямыз. Ал, бағаны Сәрсенбай ағай сол қатеге қарап қойып шығатын. Бізге сенім білдіргеніне арқаланып, бір де бір қате жібермеуге тырысамыз. Әдепкіде ағай біздің тексергенімізді өзі тексеріп шығушы еді. Кейін қайталап оқымай-ақ, біздің шығарып берген қатеге тиісті баға қоя беретін болды ғой. «Бәрекелде сендерге» деп рахметін айтып, арқамыздан қағатын. Шәкіртке бұдан артық қандай бақыт керек! Мектеп директоры Хайрулла Башиков ағайымыз физика пәнінен сабақ береді. О, ол кісі енді қатал, сондай сұсты болатын. Сабақта ұшқан шыбынның да ызыңы естілмейді. Тақтаға жазып жатқанда артық-ауыс сыбырды естіп қалса сиясауытты лақтырып кеп қалады. Қоңырау соғылғанша қыбыр етпей отырушы едік. Әбдірахман Есіркепов ағайымыз географиядан, Ыдырыс Алдабергенов ағай тарихтан, Саттар Тастанбеков ағай қазақ әдебиетінен, Өтен Ауқатов ағай географиядан, Құдайберген Нұржанов ағай суреттен, Шынтемір Меңдібаев

ағай тарихтан, Мәназар Жүнісбеков ағай музыка пәнінен сабақ берді. Әрине, әрқайсысының сабақ өту тәсілдері әрқилы болғанымен, бізді білсін, адам болсын деген ниетпен тәрбиеледі. Ол кісілердің барлығына



№4 «Балтакөл» мектеп-интернатының алғашқы мүлектері: Н. Әміров, К. Әлиев, А. Рыспапбетов



Қуанышбек Мұсабеков

Қазақстан жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Мұсабеков 1940 жылы 15 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында дүниеге келген. 1958 жылы сол кездегі Сайрам ауданының Қызылқұм мал ж а й ы л ы м ы н д а ғ ы малшылардың балаларына арналған «Балтакөл» мектеп-интернатын бітірді. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің химия факультетін үздік бітірген. Ғылым саласында ұзақ жылдардан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан Қуанышбек Битұұлы 2009 жылдан бастап Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің катализ, коллоидтық химия және мұнай химиясы кафедрасының профессоры, Университет және факультет Ғылыми Кеңестерінің мүшесі. Көптеген ғылыми дәрежелері мен атақтары бар.

да бас иіп алғысымды, шәкірттік рахметімді білдіремін...

Қали аға да өзі құралпы ауыл балаларымен бірге интернатта тәрбиеленді. Қозы бағып өскен балаға әрине, мұндағы жайдың бәрі таңсық. Керосин шам дегенді алғаш осы жерден көрді. Ауыл бойынша мұндай жарқырап жанатын шам көрмеген. Интернаттың аханасында татар әйел тамақ дайындайды. Тағы бір кәріс апай исін бұрқыратып нан пісіреді. Осы кісілердің жұмыс істеп жатқандарын қызықтап бір қараса, қазақша судай сөйлегендеріне тағы бір қызықтап қарайды. Оқу озаты болғандықтан Қали аға мектептегі оқушылар кеңесінің төрағасы болады. Таңертең балаларды сапқа тұрғызып, оны тәрбиеші ағайға қолын шекесіне қойып баяндап беретін сәттер оқушылық өмірдегі естен кетпес қызықтар екен-ау. Жазғы каникулда колхоздың шөбін жинауға шығады. Орылған шөпті мектеп оқушылары дестелеп жинап, арбаға артады. Қолдарында бір-бір айыр, арба жегілген аттар. Оқушыларда шаршау деген жоқ, ойнап жүріп-ақ атқарып тастайды. Мақта терім басталғанда оқудан уақытша босатылып, тағы да қырман



*Икрам Адырбеков
Қазақстан Республикасының
Қытайдағы төтенше және
өкілетті елшісі И. Адырбеков
№4 "Балтақол" мектеп-
интернатын алтын
медальмен бітірген*

болды. Базарбай Махамбетов Түркістан қаласындағы үлкен бір элеваторда бас есепші, экономист болып қызмет атқарды.



*"Балтақолдік" түлектер. Жоғарғы қатардағы екінші тұрған
Қали Тәтібаев 1993-94 жылдар аралығында Түркістан қаласының
әкімі қызметін атқарды*

басына шығады. Бұрынғы Крупская колхозының мақтасын теруге жәрдем береді. Ол да бір дәурен екен. Бір сыныпта 20-ға тарта оқушы оқыды. Сыныптас қыздардан Қажымкүл Мұсабаева деген қыз ән шырқайтын. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген бар. Қали ағамен бірге бітірген түлектер ұстаздарының сенімдерін ақтай білді.

--Мектеп бітірген соң мен мединсти-тутқа оқуға түсіп, осы Шымкент қаласында 40 жылға таяу қызмет істедім. Қуанышбек Мұсабеков деген сыныптасым химия ғылымының докторы

Ол досым бүгінде марқұм болып кетті. Еркінбек Байтұрсынов деген досымыз ауылшаруашылық саласында еңбек етті, ұзақ жыл ферма меңгерушісі, совхоз директорының орынбасары болып жұмыс істеді. Бізден бір сынып жоғары оқыған Қарабек Әкімбеков республикалық Мемлекеттік сатып алу Агентінде басшылық қызмет атқарды. Төлеп Жайынбаев деген досымыз жазушы болды. Бұдан көп жыл бұрын 30 жылдық кездесуімізді өткіздік. Баратын баяғы алтын ұямыз жоқ болғасын, Серікбай Жұмабеков деген ініміздің үйінде өткізгенбіз. Достарымызбен сол жерде қауыштық. Ұстаздарымызға сол



*Дүниеге Бекзаттай боксшы ұлды
әкелген Сейітхан және Сырлыгүл
Саттархановтар "Балтақол"
мектеп-интернатында тәрбиеленді.*

жерде сәлем беріп, сый-сипатымызды тапсырдық,--дейді Қали аға.

Мектептің бағы--білікті ұстаздар десек қателеспейміз. Білікті ұстаз білімді шәкірт тәрбиелейді. «Ағартудың» атын шығарған шәкірттер сол мектептегі мұғалімдердің қажырлы еңбектерінің жемісі. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп ұлы Абай айтқандай мектепті үздік бітірген оқушылар мен түрлі салада қызмет атқарып жүрген түлектердің есімдерін атап кеткенді де жөн көріп отырмыз. «Ағарту», кейіннен №4 «Балтақол» мектеп интернатын мана айтқанымыздай 40-қа жуық оқушылар «Алтын медальмен» бітіріп шығыпты. Олар Аманбай Ибадуллаев, Тұрсын Сейітбеков, Икрам Адырбеков, Төрехан Төребеков, Ерғали Оспанов, Айдар Ағұлықов, Қуат Жүнісбеков, Қалмахан Батырханов, Сәрсенбай Қалмырзаев, Қалдыбай Ыдырысов, Ержан Есбергенов, Жанкелді Қабылов, Қатира Ибрагимова, Жақсыкүл Ботабекова, Хайрулла Жанбеков, Айсара Аманжолова, Әліпбек Өсербаев, Несібелі Байтуғанова, Мырзайым Қожабергенова, Гаухар Сұлтанбердиева, Сара Ботабекова, Ханшайым Ерғалиева, Пернебай Садықов, Шындәулетов, Өмірзақ Тұрсынов,



*Икрам Адырбеков
Қазақстан Республикасының
Қытайдағы төтенше және
өкілетті елшісі И. Адырбеков
№4 "Балтақол" мектеп-
интернатын алтын
медальмен бітірген*

болды. Базарбай Махамбетов Түркістан қаласындағы үлкен бір элеваторда бас есепші, экономист болып қызмет атқарды.



*"Балтақолдік" түлектер. Жоғарғы қатардағы екінші тұрған
Қали Тәтібаев 1993-94 жылдар аралығында Түркістан қаласының
әкімі қызметін атқарды*

басына шығады. Бұрынғы Крупская колхозының мақтасын теруге жәрдем береді. Ол да бір дәурен екен. Бір сыныпта 20-ға тарта оқушы оқыды. Сыныптас қыздардан Қажымкүл Мұсабаева деген қыз ән шырқайтын. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген бар. Қали ағамен бірге бітірген түлектер ұстаздарының сенімдерін ақтай білді.

--Мектеп бітірген соң мен мединсти-тутқа оқуға түсіп, осы Шымкент қаласында 40 жылға таяу қызмет істедім. Қуанышбек Мұсабеков деген сыныптасым химия ғылымының докторы

болды. Базарбай Махамбетов Түркістан қаласындағы үлкен бір элеваторда бас есепші, экономист болып қызмет атқарды.

Ол досым бүгінде марқұм болып кетті. Еркінбек Байтұрсынов деген досымыз ауылшаруашылық саласында еңбек етті, ұзақ жыл ферма меңгерушісі, совхоз директорының орынбасары болып жұмыс істеді. Бізден бір сынып жоғары оқыған Қарабек Әкімбеков республикалық Мемлекеттік сатып алу Агентінде басшылық қызмет атқарды. Төлеп Жайынбаев деген досымыз жазушы болды. Бұдан көп жыл бұрын 30 жылдық кездесуімізді өткіздік. Баратын баяғы алтын ұямыз жоқ болғасын, Серікбай Жұмабеков деген ініміздің үйінде өткізгенбіз. Достарымызбен сол жерде қауыштық. Ұстаздарымызға сол



*Дүниезе Бекзатбай боксшы ұлды
әкелген Сейітхан және Сырлығұл
Саттархановтар "Балтақол"
мектеп-интернатында тәрбиеленді.*

жерде сәлем беріп, сый-сипатымызды тапсырдық,--дейді Қали аға.

Мектептің бағы--білікті ұстаздар десек қателеспейміз. Білікті ұстаз білімді шәкірт тәрбиелейді. «Ағартудың» атын шығарған шәкірттер сол мектептегі мұғалімдердің қажырлы еңбектерінің жемісі. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп ұлы Абай айтқандай мектепті үздік бітірген оқушылар мен түрлі салада қызмет атқарып жүрген түлектердің есімдерін атап кеткенді де жөн көріп отырмыз. «Ағарту», кейіннен №4 «Балтақол» мектеп интернатын мана айтқанымыздай 40-қа жуық оқушылар «Алтын медальмен» бітіріп шығыпты. Олар Аманбай Ибадуллаев, Тұрсын Сейітбеков, Икрам Адырбеков, Төрехан Төребеков, Ерғали Оспанов, Айдар Ағұлықов, Қуат Жүнісбеков, Қалмахан Батырханов, Сәрсенбай Қалмырзаев, Қалдыбай Ыдырысов, Ержан Есбергенов, Жанкелді Қабылов, Қатира Ибрагимова, Жақсыкүл Ботабекова, Хайрулла Жанбеков, Айсара Аманжолова, Әліпбек Өсербаев, Несібелі Байтуғанова, Мырзайым Қожабергенова, Гаухар Сұлтанбердиева, Сара Ботабекова, Ханшайым Ерғалиева, Пернебай Садықов, Шындәулетов, Өмірзақ Тұрсынов,

Сейділла Елмұратов, Серік Асанқұлов, Найманбай Ыдырысов, Берік Түкібаев, Меруерт Тасжанова, Мөлдір Алтыбаева, Лиза Нақыпова, Индира Құдиярова, Гүлзира Ысқақова, Мөлдір Құттыбаева, Айнұр Оразбекова, Қанбиби Ибадуллаева, Күләш Аманжолова есімді түлектер.


Ғылым жолына түсіп, есімдері елге белгілі болған азаматтар да «Балтакөлден» көп шықты деп мақтана аламыз. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, химия ғылымдарының докторы, академик Қуанышбек Мұсабеков, Қызылорда облысын басқарған, бүгін-де Қазақстанның Қытай-дағы төтенше және өкілетті елшісі, экономика ғылымдарының докторы Икрам Адырбеков, Ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты, әрі сазгер Қыдырбай Аманжолов, мектептегі алғашқы «Алтын медальдың» иегері, физика ғылымдарының кандидаты Тұрсын Сейітбековтер интернаттың нанын жеп өскен азаматтар. Сондай-ақ, химия ғылымының кандидаты-- Хайрулла Жанбеков, физика ғылымдарының кандидаты—Айдар Ағұлықов, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты—Кұлназар Әуесханов, экономика



Оқушылар ойын корігін қыздыратын

ғылымының кандидаты—Қуаныш Қарабеков, Алматы техникалық институтының доценті Өзбекбай Жүзепов, республикалық ауруханада дәрігер болып істейтін Қалдыбай Ыдырысов, заң орындарында судья болып еңбек ететін Несібелі Байтуғанова, Халықаралық қазақ-түрік университетінде қытай тілінен дәріс беретін Гаухар Сұлтанбердиева, Түркістан қаласының алғашқы әкімі болған Қален Тәтібаев, облыстық Энергетика және коммуналдық

ғылымының кандидаты—Серік Ыдырысов, тарих ғылымының кандидаты—Ғалымжан Батырханов, филология ғылымының кандидаты—Ермахан Нұрахметов, биология



Думанды шаққа куә болған екі тал



Мектеп қабырғасының кірпіштері



Мектеп іргетасының орны

намысын талай қорғап, жеңіспен оралатын еді дейді. Тағы бір А.Нәлібаев есімді балтакөлдік спортшы азамат Қажымұқан атындағы спорт сарайында жаттықтырушы болып қызмет атқарады.

шарушылық басқармасының бастығы Серікбай Ибадуллаев, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Мұхит Әлі, кеңшар директоры болған Қален Омаров, тағы басқа да азаматтар «Балтакөл» мектебінде оқыған түлектер. Сидней олимпиадасында адтыннан алқа тағып, қысқа ғұмырында қазақтың даңқын әлемге паш еткен Бекзат Саттархановтың ата-анасы Сейілхан мен Сырлықұл осы мектеп қабырғасында тәрбиеленген. Дене тәрбиесінен сабақ берген Құрманбек Махамбетов ағайдың айтуынша олимпиада чемпионының ата-анасы жас кездерінде жеңіл атлеттер болған. Аудандық, облыстық жарыстарда мектептің



Ардагер ұстаз Маназар Жүнісбеков пен Ы. Алтынсарин атындағы мектеп мұражайының меңгерушісі Батихан Алтаев ниет бар.

Осынау түлектерді ардагер ұстаздар мақтанышпен айтып жүреді. Ауылдағы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің мұражайында да осы түлектердің есімдерін оқыдық. Еске түспей қалған азаматтардың қатары көп болуы әбден мүмкін. Оларды кейіннен қайта толықтырып басқанда аттарын енгіземіз деген ниет бар.

«Ағарту» мектебінің орны бүгінде айдала боп жатыр. Баяғы қоршау дуал жоқ. Қоршау түгіл мектептің қаңқасы да қалмаған. Отырар төбе сияқты кішкентай төбешіктер қалыпты. Бірлі-жарым ағаштар ғана «баяғыда осы жерде думанға тола интернат болған еді» дегендей тербеліп тұр. Жекешелендіру кезінде суық қолды пенделер бұл ғимараттарды да бұзып-жарып алып кетіпті. Шімірікпеген, киелі орын еді-ау деп қымсынбаған. 1991-1994 жылдары «Балтакөл» кеңшарының директоры болған Серікбай Ибадуллаев ескі ғимаратты сақтап қалып, мұражайға айналдырамыз деп жоспарлаған болатын. Аман қалған соңғы корпусты жөндеткізіп, есігіне құлып салдырған еді. Қайдан. Ол кісі кеткен соң-ақ, мектеп үйлері тип-типыл болды. Асылбеков, Смайылов деген кісілер жекешелендіріп алды да,



Ө. Жәнібеков атындағы лицей-интернаттың мұражай үйірмесінің жетекшісі Балзинат Әлмешова мен лицей директорының орынбасары Махмұд Ыбырай.

сатып жіберді. Тіпті, іргетасына қаланған кірпіштерге дейін қазып алған.

Кірпіш сынықтары бүгінге дейін шашылып жатыр. Бұл ғимараттың іргетасына да қамыс пайдаланғаны көрініп тұр. Себебі, іргетас шұңқырының ішінде, қабырға жанында қамыстар жалбырап көрінеді.

Иә, бір уақыттары осы мектепті күллі тұрғын болып, қолдарымен тұрғызып еді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы осы атыраптың балалары білім ошағына ағылып келіп, ағылып кетіп жататын. Бұл шаңыраққа «тарыдай болып кіріп, таудай болып» шығатын. Білім де осында, өркениет те осында, мәдениет те осында болды. Енді қазір соның бәрі бейне бір ертегі тәрізді. Бұл маңайда ештеңе болмағандай, баяғыдан бері осылайша жапан дала боп тұрған сияқты. Жоғарғы жақтың ұйғаруымен мектеп көшірілді. Бос тұрған



«Балтакөл» мектеп-интернаты 1978 жылы аудан орталығы Шәуілдірге көшірілді. 1995 жылы мектеп «лицей» мәртебесін иеленді. 1999 жылы мектепке қазақ халқының біртуар азаматы, белгілі қоғам қайраткері, киелі Отырар өлкесінің төл перзенті Өзбекәлі Жәнібековтың есімі берілді

гимарат одан беріде жекешелендірілді, бұзылды, таратылды, сатылды. Шәкірт кеудесіне жарық сәуле сыйлаған «Ағарту» мектебі тарих сахнасынан бірте-бірте кетіп барады.

«Балтакөл» мектеп-интернаты Отырар ауданының орталығына көшірілгенін айттық. О бастан түтіні түзу ұшқан білім ошағы мұнда да абыройды қолдан берген жоқ. 1995 жылы мектеп директоры Қазыхан Серікбайұлының басшылығымен ауданда тұңғыш рет «лицей» мәртебесін иеленді. 1999 жылы мектепке қазақ халқының біртуар азаматы, белгілі қоғам қайраткері, киелі Отырар өлкесінің төл перзенті Өзбекәлі Жәнібековтің есімі берілді. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы лицей-интернатқа бүгінгі таңда Абдулла Ордабаев басшылық жасайды.

Шәуілдірге барып, бұл мектептің жай-күйімен де қысқаша танысып шықтық. Лицей директорының орынбасары Махмұт Ыбырайдың айтуынша қазір мұнда 560 оқушы оқиды. Былтырғы жылды жақсы нәтижемен қорытындылаған: оқушылар 4 алтын белгі, 2 үздік белгіге қол жеткізіпті.


Осындағы мұражай үйірмесінің жетекшісі Балзинат Әлмешова мектептің өткен тарихы жайында мағлұмат беріп, мұражаймен таныстырды. Сонау «Ағарту» деп аталатын кездегі ұстаздардан бастап, осы мектептен түлеп ұшқан азаматтар жайындағы деректерді, олардың суреттерін арнайы бұрышқа жайғастырыпты. «Балтакөлден» шыққан тұлғалы азаматтарды «біздің мектептің шәкірттері» деп оқушыларға дәріптеп отырады екен. Жақсының аты қашанда көпке ортақ деген осы.




№4 «Балтакөл» мектеп-интернатының ең алғашқы бітіруші тұлғалары.



Мектеп-интернаты 1965-1966 жылы оқу жылында бітірген түлектер



Мектеп-интернаты 1966-67 оқу жылында бітірген түлектер




Мектеп-интернаты 1967-68 оқу жылында бітірген тұлғалар




Мектеп-интернаты 1968-69 оқу жылында бітірген тұлғалар



Мектеп-интернат жанындагы кешки мектепте кеңири кызматкерлери билим алды.



1969-1970 оқу жылы бітірген тұлғалар



1974-1975 оқу жылы бітірген түлектер



1975-1976 оқу жылы бітірген түлектер



Түлектердің 45 жылдық кездесуі



Мерекедің бас қосқан сыныптастар



40 жылдық түлектердің кездесуі



Басылымда жарық көрген материал

СЫР БОЙЫНЫҢ АЛТЫНСАРИНІ ЕДІ

Ел ішінде жаны ізгілікке толы, өмір бойы алтын уақытын көпке жақсылық жасауға, халықтың мұң-мұқтажын өтеуге бөлетін абзал азаматтар аз ба? Олар әдетте тым қарапайым, жұрт көзіне ерекшеленін көріне де бермейді, көп ретте атқарған қызметі, қоғамдық өмірде жүзеге асырған игілікті істері онша бағаланбайды да. Алайда жалпы жұрт үшін жалындап өткен мұндай жандардың есімі әдетте көпшіліктің көңіл төрінде, жүрек түкпірінде жатады... Сыр бойында өмір кешкен осындай аяулы азаматтардың бірі Сәрсенбай Қабыловтың өмір жолы көпке үлгі, ел есінде... Балтакөлдіктер бұл күндері ол кісіні «Сыр бойының Алтынсарині» деп орынды мақтаныш етеді.

Сәрсенбай Қабылов кім еді? Сәрсекен, сонау 1930 жылы республика астанасы болған Ақмешіттегі (Қызылорда) мұғалімдер курсы үздік бітіріп, Түркістан қаласындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепте екі-үш жылдай ұстаздық еткен. Елді ашаршылық жайлап, ішерге ас табылмай қалған жылдар еді бұл. Аудандық халық ағарту бөлімі басшыларының ұйғарымымен 1934 жылы оған Қызылқұм атырабындағы «Балтакөл» мал жайылымында мектеп ашу міндеті жүктелді.

«Ойпырым-ай, Сәрсенбайдың еңбекқорлығы мен сөзінің дуалысын-ай»,--дейді бұл күндері «Балтакөл», «Овцевод» және Жанақорған ауданына қарасты «Түркістан» совхозында тұратын қарттар. Оның бұл өңірге келген бетте мектеп құрылысын салуға бірден кірісіп, кей күндері күнұзақ laidан қыш құятын өлермендігін таңырқай айтады. Бұл жұмысқа бірте-бірте сондағы елді мекенде тұратын халықтарды да тартып, мектептің екі жылда салынып біткенін сүйсіне әңгіме етеді.

-- Ой, ол кезде бүгінгідей техника қайда?—дейді бірі, --

бәрі қолмен атқарылатын ғой. Дегенмен, бөтен елдің кісісі балаларымыздың болашағын ойлап шыр-пыр болып жүрген соң намысымыз оянып, мектеп құрылысына өз үйіміздің тірлігіндей қолғабыс ететінбіз. Жаның жәннәтта болғыр Сәрсекен-ай десеңші...

Оны білетіндер осылайша әңгіме қозғап, есіл ердің бұл



Сәрсенбай Қабылов (ортадағы) жетекшілік еткен сынып

күнде тек егде кісілердің нана есінде жүретінін айтады. Шынында да Сәрсекеннің Сыр бойындағы халыққа білім берудегі еңбегі ойсан еді. Ол дүниеден өткен жылдары «Балтакөлдегі» мектеп-интернатқа С.Қабыловтың есімін беру мәселесі шамалы сөз болды да, кейін ұмыт қалды. Әділін айтқан жөн ғой.

Иә, онан бірнеше жыл бойы дәріс алып, білім нәрімен сусындаған мен үшін де Сәрсенбай аға қымбат. Сондықтан таяуда ол жайында бірқатар материал жинақтадым, балаларын іздедім. Бірсыпыра материалдар мен суреттер Сәрсенбай ағаның үлкен қызы Қатшагүлден табылды. Қатшагүл апай бұл күндері Сайрам ауданына қарасты № 33 мектептің директоры қызметін атқарады екен. Алматы шет тілдер институтын бітірген.

-- Қызылорда әкеміз туып-өскен топырақ болса, «Балтакөл», бүтіндей Қызылқұм, оның ішінде Босаға,

Ақтөбе, Қандөз, Көктөбе, тағы басқа жерлер жастайымыздан өскен, балалық шағымыздың бал кезеңдері өткен атырап қой, -- дейді Қатшагүл апай. -- Әлі есімде, әкемізде жыл он екі ай бір тыным болмайтын. Үнемі мектеп қамымен жүретін. Құм ішіне оқымаған сауатсыз балаларды мектепке әкеліп, үйлері алыстағы оқушыларға арнап, мектеп-интернат ашқанды. Мектепке мұғалімдер қабылдап, білімсіз ересектер үшін «ликбез» ұйымдастырғаны, ол жылдардағы қиыншылықтардың бәрі есте.

Нақты мәліметтерге сүйенсек, Сәрсенбай ата 1934 жылдан Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін «Балтакөл» мектебінің бірінші директоры болып, қыруар ұйымдастыру жұмыстарын атқарған. 1936 жылдан 1941 жылға дейін қазіргі Абай атындағы педагогика институтын (Алматыда) Совет Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинмен бірге бітіріп, оның алғашқы түлегі болған.

Сәрсекен соғысқа барған жоқ. «Балтакөл» мектебі уақытша жабылғанда аудан басшылары оны Фрунзе ауданындағы осы аттас орта мектепке директор етіп бекітіп, 1943 жылы оған Буденный атындағы колхоздан орыс және қазақ кластары бар мектеп ашу міндегі тапсырылды. Онда да ұйымдастыру ісіне ынты-шынтысымен кірісіп, кешікпей мектеп жайы салынды. Оқу-тәрбие жұмысы талап дәрежесінде жолға қойылды. Алайда, соғыс аяқтала бере оған облыстық халық ағарту бөлімінің бұйрығымен «Балтакөл» мектебін қайта ашу жұмысы міндеттелді. Сонымен «Балтакөлге» қайта қоныс аударды...

Жоғарыда аңғартқанымыздай, Сәрсенбай аға жайында совхоздың жасы егде қарттары әлі күнге тек ілтипатқа толы әңгімелер айтады. Оның кішіпейілділігін, еңбекқорлығын, қарапайымдылығын әңгіме етеді. Мәселен, ауылымыздың ардақты азаматтарының бірі, бұл күндері құрметті демалыста жүрген зейнеткердер Дайрахан Әбдірасылов, Серікбай Әбуса, Тінейкүл Сүлейменов, әлі күнге тұғырдан таймай, еңбеккер саласында жүрген Құрбан Азаматов, Тұрлыбек Тәттібаев, тағы басқалар Сәрсенбай ағаның соғыс жылдарында, одан кейін де өздерімен бірге тоғайда шөп шауып, егін басында түнейтінін, бірақ барлық уақытта ұстаздық, ағартушылық қызметін естен шығармай, білгенін

үйретуге тырысатынын сүйсіне айтады. Бұрынғы партия, совет қызметкерлері Ш.Жолдасбеков: «Сәрсекен бір ғана «Балтакөл» мектеп-интернатына отыз жылдай басшылық жасады. Қыруар шәкірттерді тәрбиелеп шығарды. Олар қазір жер-жерде басшылық жұмыста, халық шаруашылығында еңбек етіп жүр» деп ілтипат білдірді.

Иә, айтса айтқандай, кезінде Сәрсенбай ағадан білім, тәрбие алған ондаған кісі бұл күнде ғалым, партия, совет қызметкерлері, кәсіпорын немесе шаруашылық басшылары, ойы озық, тұрмыста адал азаматтар. Олардың аты-жөнін көптеп келтіруге де болар еді. Ол кісінің есте жүрер бір лұғаты: «Білімге деген ұмтылыс-- әрбір жастың өмірлік мақсаты мен бағыты болуы керек» дейтін сөздері еді. Ол мұны әдетте сабақ үстінде жиі айтатын-ды. «Балалар, сапалы білім қазір жұмысшыға да аса қажет» деп отыратын...

Мен таяуда Қатшагүл апайдың үйінде тағы бір болғанымда Сәрсенбай ағаның өз семьясында да өнегелі әке болғанын білдім. Барлық баласы дерлік жоғары білім алған. Атап айтқанда, екінші қызы – Татьяна Алматы қыздар институтын бітірген, Киров ауданындағы Ленин атындағы мектепте мұғалім екен. Ал ұлы – Аманкелді Алматы медицина институтын тауысқан, Шымкентте аптека бастығы. Маманкелді Киров ауданындағы Аманкелді орта мектебінің директоры, Алматыдағы Абай атындағы педагогика институтын бітіріпті. Сондай-ақ, Тойшагүл әл-Фараби атындағы педагогика мәдениет институтын, Мәншүк Алматы медицина институтын, Жанкелді ҚазМУ-ді тәмамдаған. Бұлар да қазір білімдеріне сай қызметтер атқаруда...

Сәрсенбай аға бұл күнде дәм-тұзы таусылып, қазаланған. Оның сүйегі қазір «Балтакөлде», ақын Қасым Аманжолов айтқандай «бір төмпешік» болып жатыр.

Кезінде ұстаздар арасында алғашқылардың бірі болып наградталған Сәрсенбай аға кейіндеу «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогін өңіріне тақса, бірнеше мәрте Қазақ ССР Оқу министрі тарапынан мақтау грамотасымен, ақшалай, заттай сыйлықтар алған кісі. Қазір мұның бәрі балаларының үйінде сақтаулы тұр. Былайынша айтқанда, еңбегі кезінде лайықты бағаланған. Алайда, бір


өкініштісі, осындай абзал азамат есімі әлі күнге отыз жылдай қызмет етіп, «Сыр бойының Алтынсарині» атанған «Балтакөл» совхозы көшелерінің біріне берілмеуде. Ал ол ұйымдастырған мектеп-интернат кейінгі жылдары аудан орталығына көшірілген-ді. Аудан басшылары аталған мектеп-интернатқа Сәрсенбай Қабыловтың есімін беру жөніндегі ұсынысымызға көңіл аудармай отыр. Бұл әділеттік пе? Кісіні еңбегіне қарай бағалау, рухына ілтипат көрсету – бұл да тәрбиенің, елдіктің бір белгісі емес пе? Бұл тірілер үшін қажет. Сыр бойына білім таратушы, ақылшы, қамқоршы Сәрсенбай аға осындай құрметке, мәңгілік есте қалдыруға лайықты педагог, ағартушы, ұстаз...

Сондықтан облыстық Совет және облыстық халыққа білім беру басқармасы бұл шешімімізге шындап назар аударып, оның қолдау табуына қол ұшын созса дейміз.

*Серікбай Ибадуллаев,
«Балтакөл» совхозы партия комитетінің
хатшысы, халық депутаттары Балтакөл
селолық Советінің төрағасы.
«Оңтүстік Қазақстан» газеті, 13.12.1990ж.*



Түлектердің естелігі





Мұхит ӘЛІ

ОЛ МЕКТЕПТІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Мұхит Оралбайұлы 1952 жылы Төлеби ауданы, Аққұм ауылында туған. Ауылдағы мектепте 8 сыныпты аяқтаған соң 1967 «Балтакөл» мектеп-интернатына келіп, оқуын ары қарай жалғастырады. Шымкент автомеханика техникумын және Қазақ химия-технология институтын бітірген. Оңтүстік Қазақстан облыстық жолаушылар тасымалдау транспорты өндірістік бірлестігінің бас директоры, облыстық көлік департаментінің бастығы, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, Түркістан, Төлеби, Сайрам аудандарының әкімі қызметтерін атқарды. Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы.

Басқарма бастығы Әмірәлин деген кісі екен. Бірақ та облыс орталығындағы интернатқа бала саны толып қалыпты. Бастық ағай аз-кем ойланып отырды да, бізге қарап:

-- Түркістан жақта Балтаград деген жерде жаңадан

Менің «Балтакөл» мектеп-интернатына алғаш барған кезде алған әсерім есімнен кетпейді. Ал, бұрын көрмеген өңірге қадам басуым тіптен қызық. Әке-шешемнен ерте айырылғасын атамның қолында өстім. 8 класты бітіретін жылы атамның да денсаулығы сыр бере бастады. Соны ойлаған ағайындар мені интернатқа жайластыруды қолға алады. Атамның жағдайы әлдеқалай боп жатса далада қалмасын деген ой ғой. Не керек, атамның інісі мені Шымкентке алып келіп, тіке облыстық оқу бөлімінің бастығының алдына алып барды. Өзі майданға қатысқан, беделді кісі еді. «Осы баланы жайғастыру керек, Шымкенттегі интернатқа жолдама жазып бер» деп менің жай-күйімді айтып берді.



*Сыныпқа тәрбиеші
мүғалім болған
Шымтемір Меңдібаев*

ашылған интернат бар. Өте жақсы жер. 1000-ға тарта оқушы оқиды. Сол мектепке жолдама берейін, -- деді.

Шымкентті қалап келген біздер ойланып қалдық. Бұрын көрмеген жер қалай болар екен. Оның үстіне алыста. Бірақ басқарма бастығы мақтауын әбден келтірді. Балтаград деген жерді өзімнің де көргім келе бастады-ау. Ақырында бізді көндірді.

Атам ол кісіден қалай барудың жай-жапсарын сұрап алды. «Еш қиындығы жоқ, самолетпен барады балаңыз» деп атамның көңілін де көтеріп қойды. Сөйтті де қызметтік көлігіне мінгізіп, аэропортқа

жеткізіп тастады. Самолет дегенді сонда көрдім ғой. Майдангер атам орден-медальдары сықырлап, қоштасып қала берді. «Кукуруз» деп атайтын ұшаққа мініп, аспанға да көтерілдім. Әлі өзіме-өзім сенбей келе жатырмын. Самолетке мінем деп кім ойлапты. Енді Балтаград деген қандай қала деп ойлап келемін. Бір кезде ұшағымыз төмен қарай құлдылай бастады да, жерге қонды. Оны-мұнымды салған шабаданымды көтеріп, ұшақтан түсіп кете бардым. Түркістанға келдім деп ойлағаным олай болмай шықты. Сөйтсек, жолай Кентауға қонып, аялдаппыз ғой. Бір кезде артыма қарасам мініп келген самолетім парылдап ұшайын деп жатыр. Ал, жан –дәрмен жүгірейін. Шабаданымды сүйретіп жүгіріп келемін. Жүгіріп келе жатып жылап келемін. Ақырында сол жердің диспетчері жәрдем беріп, жалаушасын көтеріп, ұшуға бет алып бара жатқан самолетті тоқтатып, мені мінгізіп жіберді. Түркістанға келіп түстім. Балтакөлге де «Кукуруз» ұшады екен. Енді соған міндім. Не керек, бір күнде бірінші рет және бірнеше рет самолетке мініп, түсіп жүріп, Балтакөлге де жеттім-ау.

Түскенде аузым ашылып қалды. Айдала боп жатқан жер. Тал-дарак деген атымен жоқ-ау, сірә. Біздің тау жақта қысы-



Балтакөлдiк достар

жазы көк курамайды ғой. Ағаш деген таудың басына дейін өсіп тұрады. Мұнда бірі де жоқ. Біреуден интернатты сұрап алдым. 1-2 шақырым арыда екен. Сонымен шандатып отырып, үлкен қоршаумен қоршалған мектепке де келдім ғой.

Тырс еткен пенде жоқ. Бір кезде қарауылды тауып алдым. Сөйтсем, бес күн ерте барып қойыппын. Оқушылар сол кезде келеді екен. «Жүр, біздің үйге жата тұрасың» деп қарауыл кісі мені үйіне алып кетті. 30

тамызға дейін сол кісінің үйінде тұрдым. 31 тамыз күні құжаттарымды тапсырып, интернатқа қабылдандым.

Айтпақшы, алғашқы күні кино көрдік. Бір жақ қабырғаны тақтаймен жауып қойған екен. Соған жарық түсіріп, кино көрсетті. Арзымаған тиын беріп, билет алғаным есімде. Сол киноны көріп тұрғанда бірнәрсе қолымды дуылдатып тұрып шағып алды. Маса деген пәле екен! Шынымды айтсам, маса дегенді де сол кезде көрдім. Жатар орынға барсақ аппақ етіп бірнәрсені тұтып қойыпты. Бұл масахана екен. Біздің ауылда бұндайды көрмегенмін, тіпті. Соған кіріп жаттық. Таңертең тұрсақ қанға тойған масалар бұрыш-бұрышта құжынап тұр. «Бүйткен Балтаградына рахмет» дедім іштей.

Жаңа оқу жылы да басталды. Ең бірінші танысқан бала Кеңесбай деген жігіт болды. Сол Кеңесбаймен әлі күнге достығымызды үзбей келе жатырмыз. Бір партаға Кеңесбаймен бірге отырып оқыдым. Мен келгенге дейін Кеңесбайлар Бердіқұл, Бердібай, Қалдыбай деген жігіттермен төртеуі дос болып жүреді екен. Енді бесінші болып мен қосылдым.

Несін жасырайын, алғашында интернатқа үйрене алмай-ақ қойдым. Аппақ болып шаң тұрады. Ондайда киіміңе екі елі

ақ топырақ тұрады. Тау жақтан тағы бір Зұлқайнар деген жігіт келді. Екеуміз ауылды айтып қоймаймыз тегі. Ақырында қашуға бел байладық. Сонымен бір ағайымыздан ешкімге айтпаймыз деп жүріп, қайтуға жол пұл алдық. «Кукуруз» келетін кезді білеміз. Айдалада тұрған дүңгіршектен билет сатып алдық. Ұшақты ұшырып-қондыратын сол жалғыз үйшік қана. Басқа жағы тап-тақыр дала. Зұлқайнар екеуміз интернаттан қашып шығып, дүңгіршектің артын паналап тұрмыз. Енді біраздан соң самолет келеді. Сол кезде барып мініп алмақпыз. Ұшағымыз да келді. Алыстан шандатып бірнәрсе бізге қарай келе жатқанын байқадық. Директор ағай мінетін «Уазик» машина! Ағай келді де, тығылып тұрған жерімізден біздерді машинаға қайта салып, кеткен жағымызға алып келді. Мектептің директоры Байқожа Баязитов ағай бүкіл оқушылардың алдына бізді шығарып қойып, сазайымызды берді-ау әбден. Содан қайтып қашу деген ойды басымыздан шығарып тастадық. Мектеп-интернатқа, оқуға шындап көңіл аударып, сабағымызды оқи бастадық. Сөйте-сөйте үйреніп кеттік қой.

Біз оқитын кезде бала саны өте көп еді. Республиканың түкпір-түкпірінен келіп жататын. Ал, мұндай жағдайда тәртіп қатал болуы керек-ақ екен. Бізге Шынтемір Меңдібаев деген ағай тәрбиеші болды. Соғысқа қатысып келген кісі. Қатал еді. Қиқандасақ аямай ұратын. Мектеп басшысы Байқожа ағай болса да қатал кісі. Содан кейін Нышан деген ағайымыз есте қалыпты. Бұл кісілердің барлығы да оқушыға жаман бол деп ұрыспайтынын кейін түсіндік қой. Неше түрлі балалар жиналған мектепте бірінші кезекте тәртіп күшті еді. Онсыз болмайтын да екен. Егер мұғалімдер қауымы сәл босандық танытса бар ғой, онда бітті дей беріңіз. Қырықпышақ төбелес те болады, басқасы да болады. Ағайларымыз бір пәске де қырағылығын жоғалтпай, біздерді уысында ұстады. Соның арқасында мектеп-интернат облыс қана емес, республика бойынша үлгілілердің қатарында болды.

Негізі достық, адамгершілік деген қасиеттер қиындықта танылады. «Балтакөл» мектеп-интернаты бізді сондай қасиеттерге баулыды. Қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлы ағамыз айтқан «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке

бас иген құл болмайды» деген қағиданы осы интернат қабырғасында-ақ ұғынып өстік десем жаңылыспаймын. Сол киелі шаңырақта ұстаздарымыз біздерді өмірдің сан тарау соқпақтарына сәт сапар тілеп шығарып салып отырды. Шыңдады, шынықтырды. Тәлімді тәрбиенің арқасында адам болдық, өстік, есейдік, үлкен-үлкен қызметтер атқардық. Ол жердегі оқушылардың достығы нағыз шынайы достыққа ұласады. Мен одан бұрын ауылымда оқыдым, кейін тағы басқа жақтарда оқыдым, студент болдым. Сонда да «Балтакөлдегі» оқушылық өмір, сол мекеннен тапқан достар ыстық тарта береді. Киелі шаңырақтың бір құдіреті осы болса керек.

Біз ол кезде жан-дүниеміз таза оқушы жастар едік. Тіпті бір-бірімізден ру деген нәрсені сұрамаппыз. Қазір ғой, руға бөліну деген өз алдына бір саясат болып кетті. Менің сонда Тұрсынбек деген досым болды. Соның руын отыз жылдан кейін біліппін. Жүзге, атаға бөліну дегеннің бізге мүлдем керегі де болған жоқ. Түркістанға әкім болып барғанда баяғы достарымның бәрін түгендедім. Қырмызы қыздарымыз ақ жаулықты анаға айналған. Жігіттеріміз ақ самайлы аға болған. Өмір ғой ол. Қолымнан келгенінше жәрдемді бердім. Манағы Тұрсынбек деген досымыз нағыз жігіт еді. Өкінішке орай ертерек қайтыс болып кетті. Өле-өлгенше жұбымыз жазылған жоқ. Мұзаппар, Абылайхан деген кластастарыммен араласып тұрамын. Аз уақыт сол мектепте оқысам да ондағы достармен сағынып қауышамыз.

Бізден бір класс жоғары оқыған Серік досымыз «Балтакөлдің» атын өшірмейік деп кітап шығарып жатыр екен. Өте қуандым. Серік Ибадуллаев әруақытта да осында игілікті шаруаны ұйымдастырып жүреді ғой. Мен Түркістан қаласында әкімдік қызмет атқарғанда Сәкеңмен бірге қызмет істедім. Ұйымдастырушылық қабілетін жақсы білетіндіктен ауылшаруашылығы бөлімін бақарып отырған жерінен әкімнің орынбасары қызметіне тағайындадым. 2005 жылы өткен Президент сайлауы қарсаңында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Түркістанға ат басын бұрып келді. Біз сол кезде сонау қырғыз елінен асыл тұқымды аппақ сәйгүлік алдырып, Елбасыға тарту еттік. Халқымыздың салты бойынша хандарға төселетін ақ киізді астына төседік. Міне, осындай

аса жауапты жұмыстардың барлығының да басы-қасында Серік Ибадуллаев өзі жүріп, өте жоғары деңгейде ұйымдастырған еді. Алыстан келетін мәртебелі қонақтарды халқымыздың дархан пейілді қонақжайлық қасиетімен күтіп алуда да Сәкеңе жететін адам көргенім жоқ. Бұл жолы да азаматтық танытып, сауапты іс жасап отыр. Әйтпесе, жазушы да, журналист те, басқа үлкен тұлғалы азаматтар да «Балтакөлден» көп шықты ғой. Бірінші болып Серік досымыз ескерткіш кітап басып жатыр. Мақтануға тұратын мектебің мен ұстаздарың болса неге жарқыратып көрсетпеске! Бәрекелде деп айтамыз.



Мұхит Әлі достары Серікбай Ибадуллаев және Жұмабек Қарнақбаевпен табиғат аясында



Еркінбек БАЙТҰРСЫНОВ

ОЛАР НАҒЫЗ ҰСТАЗДАР ЕДІ

Еркінбек Байтұрсынов 1940 жылы Отырар ауданы Балықшы ауылында дүниеге келді. 1952-1958 жылдары «Балтакөл» мектеп-интернатында тәрбиеленді. «Балтакөл» кеңсiары құрылғаннан бастап Ақкөл ауылындағы № 2 фермада санитар, есепші, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1986 жылдан бастап кеңсiар директорының ішкі шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен, басқа да Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бүгінгі таңда Балтакөл ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметінде. Жұбайы екеуі 4 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірді.

ағайымыз осылай баға қоюшы еді. Химиядан сабақ береді, әрі класс жетекшіміз болды ол кісі. Тағы әдебиет сабағынан да беруші еді. Математикадан Дүйсенбай Аухатов деген ағай сабақ өтті. Мектеп директоры Хайрулла Башиков деген ағайымыз. Директор ағайымыз өте қатал кісі-тұғын. Бұл



«Балтакөл» мектеп-интернатының ұстаздар ұжымы

ағайды беделді, ортасына абыройлы азамат болды десетін сол кездегі ауыл адамдары. Десе дегендей-ақ, ол ағай тәрбиеге қатты көңіл бөлді. Интернат оқушыларының да, мұғалімдердің де тәртібін қатаң қадағалайтын.

Ойын баласы үшін қызық кездің бірі асханаға барып тамақ жеу ғой. Біздің интернаттың тамағы тіл үйретін дәмді болатын. Зәйтүна деген татар әйел аспаз болатын. Алексей Ким деген кәріс кісі әйелі екеуі нан жабушы еді. Мен мектепте жүргенде бойым қысқа еді. Сондықтан өзім ұқсаған кішкентай балаларды асханаға алдымен кіргізеді. Қали Жұманов, Нұрғазы Биғазиев деген кластастарымның да бойлары мен сияқты пәс. Осы балалармен бірге мұғалімдеріміз бізді бірінші кезекте ішке қарай жіберетін. Әйтпесе, ересек, бойлары сырықтай оқушылардың арасында көрінбей қалуымыз мүмкін. Немесе, ыдыс-аяқ жетпей қалатын жәйттер кездеседі.

Мен үшін сол кездегі мұғалімдерден артық мұғалім жоқ секілді көрінеді. Олар нағыз ұстаздар еді деп айтқан болар едім. Кейінгі толқын жастарды кінәламайын десең де сауатсыздығын көріп, қарның ашады. Совхозда істеп жүргенде талай көрдік қой, бір парақ қағазға дұрыстап



Ортада отырғандар: жоғары сынып оқушысы Еркінбек Байтұрсынов, мектептің шаруашылық істері жөніндегі меңгерушісі Нуридін Әлмаханов (ортада)

арыздарын жаза алмайды. Грамматикалық, стилистикалық қате дегендер қағаз бетінде өріп жүреді. Сонда мектеп қабырғасында, қала берді жоғарғы оқу орнында не оқыған деп қынжыласың. Біздің интернатта оқыған сол кездегі балалардың білім деңгейі қазіргі білімді деген жастардан көш ілгері деп ойлаймын. Біздің буын өкілдері көркем әдебиетті жата-жастана оқитын. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин секілді қазақ әдебиетінің алыптарының шығармаларын құмарта оқып өстік. Әрине, оның бәрі де ағайларымыздың ықпалы. Мен мектеп бітірген соң аса көп кітап оқыған жоқпын. Себебі, оқушы кезімізде көп оқыдық. Өне, осы оқығандарымыз санамызда әлі күнге сайрап тұр. Бүгінгі жеткіншектердің әдебиетке қызықпайтыны алаңдатпай қоймайды.

Бәрін айт та, бірін айт, жайылымдағы малшы балалары үшін деп ашылған мектеп-интернат талай-талай түлектерді қанат қақтырған айтулы білім ордасы болды. Ардақты ұстаздарым мен тай-құлындай тебісіп өскен құрбы-құрдастарымды еш уақытта да ұмытпақ емеспін.



Әбдірайым МЕЙІРБЕКОВ

ҰСТАЗ СЕНІМІН АҚТАЙ БІЛДІК

Мен бастауыш класты Қызылқұм ауданына қарайтын Қалғансыр елді мекенінде оқыдым. Әкем дүниеден ерте өтті. 1961 жылы ағайындар мені «Балтакөл» мектеп-интернатына апарып тапсырды. Өйткені бұл мектептің өзі осындай малшы балалары мен жетім балаларға арналған екен. Біздің мұғалімдеріміз нағыз ұстаз атына лайық ағартушы болғанын әрдайым мақтан етемін. Әмірбек Есіркепов, Шәріпбек Өсербаев, Әсілбек Ернішев, Саттар Тастанбеков, Жәнеш Ақынбеков, Нышан Жәнібеков, Әнуарбек Оразбеков, Ыдырыс Алдабергенов сынды ұстаздарым бойымызға тек жақсы тәрбие мен сапалы білім сіңірумен болды. Олардың біз үшін сіңірген еңбектерін ешуақытта ұмытуға болмайды.

Білікті ұстаздан білімді шәкірт шығады. Біздің мектептің балалары ұстаз сенімдерін ақтай білген азаматтар болды. Бізбен бірге оқыған оқушылардан Қален Тәгібаев Түркістан қаласының әкімі қызметін атқарды. Ерсайын Ерқожаев атты азаматымыз Оқу министрлігінде жұмыс істеді. Төрехан Төребеков деген кластасымыз орган саласында жоғары қызметтер атқарды. Жамбыл қаласында және аудандарында сот төрағасы қызметтерін абыроймен атқарып шықты. Жалпы айтқанда бізбен бірге оқыған азаматтардың 80 пайызға жуығы жоғары



Ұстаздармен қауышып, өткенді еске түсірген қандай ғауһбет!

білім алып, түрлі қызметтерде болды. Мұның өзі үлкен көрсеткіш қой. Ұстаз еңбегінің ақталғаны деп осыны айтар болар, сірә!

Мен өзім 1969 жылы Қазақ Ауылшаруашылығы институтына оқуға түстім. Ол кезде Алматыға барып жоғары оқу орнына түсу кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақыт. Алматыға барып оқуға түсемін дегенімде базбір ағайындарым күле қараған. «Құры бекерге ақшаны құртып, сандалып жүр де» дегендер де табылыпты. Намысқа тырысып, қиындықтың бәрін жеңуге тура келді. Ұстаздарымның берген білімдерінің арқасында конкурстан ойдағыдай өтіп, студент атандым! Студент болу қандай қиын болса ары қарай оқу одан да қиын болды. Бір орыс баласы жоқ ауылдан барып, сабақты орысша оқыдық. Қиналдық, қысылдық. Алайда, артқа шегінуге жол жоқ. Күндіз-түні сабақтан бас көтеруге мұрша болмады. Ақыр аяғында төселдік. 1 семестрден кейін қалалықтарға бой бермейтін болдық. Мұның бәрін айтып отырғаным, біздің ұстаздар оқушыларын үлкен өмірге дайындай білгенін көрсеткім келеді. Сондай білім ұясында қанат қаққаныма өзімді әркез бақытты сезінемін. Бар болыңыздар, нар болыңыздар, аяулы ұстаздарым менің!



Балтабай ЖАППАРОВ

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ СОЛ ЖЕРДЕ ҮЙРЕНДІК

1947 жылы қазіргі Отырар ауданының Көлқұдық ауылында өмірге келген. Алғаш рет мектепке Үштам ауылында барды. 5 сыныптан бастап «Балтакөл» мектеп интернатына қабылданды. Ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығы саласында еңбек етіп, зейнет демалысына шыққан еңбек ардагері. Отырар ауданындағы Овцевод кеңшарында ферма меңгерушісі, зоотехник, ақ егіс бригадирі болып жұмыс істеді. Бүгінде түйе шаруашылығымен айналысады. 6 қыз, 2 ұлы бар.

«Балтакөл» мектеп-интернатында тәрбиелену – кәдімгі әскерде болғаннан артық тәрбие деп айтар едім. Мен ол мектепке 5 класымнан бастап бардым. Ақ көйлек пен қара шалбарды сол уақытқа дейін киіп көрмеген екенбіз. Аяқ киімді жалтыратаып майлау дегенді де сонда көрдім. Тазалық пен тәртіптің мекені еді ол мектеп.

Интернаттағы өмірді әскердегі өмірге бекерден-бекерге ұқсатып отырған жоқпын. Бір оқушы кезекші болады. Оның тазалығын кешке қарай ағайлар мен оқушылардан құралған комиссия арнайы кеп тексереді. Бөлменің, соның ішінде терезе жақтауларын, пештің үстінің тазалығын тексергенде қиямет енді. Тексерушілер қолдарына ақ дәкені ұстап алады. Былай көзге жалтырап тұрған терезе, столдардың үстін сүртіп көреді. Сол кезде ақ шүберекке дақ түспеуі керек. Дәкеге қарайып кір түсті ме, бітті. Бөлмедегі оқушы да, кезекші де тазалыққа салғырт қараған болып есептеледі. Тексеру нәтижесі көптің алдында жарияланады. Өне, содан кейін таза жүрмей көр! Кереуеттер, оның үстіндегі жастықтар бір қатарда тұруы керек. Оны бөлменің ана басы мен мына басына екі оқушы жіп тартып отырып түзулейді. Қысты күні



«Балтакөлдiк» бiр топ мұғалiмдер

бөлме ішінде бір-қалыпты температура сақталуы тиіс. Бөлмедегі жылу 18 градустан төмендемеуі шарт.

Асханаға Қалдархан деген дене тәрбиесінен сабақ беретін ағайымыз бастап барады.

Барғанда да қалай

болса солай емес, сап түзеп барамыз. Асханадағы тамақтанудың өзі бір мектеп десем жарасар. Қазір әлем-жәлем етіп жарнамалар жапсырып тастайды ғой. Ал, біздің асханамызға ұлағатты сөздер жазылған плакаттар ілініп қойылатын. «Тез-тез, бірақ асықпай тамақтан» деген мазмұндағы сөздер есімде қалыпты.

Мұғалімдердің ішінде Шәріпбек Өсербаев ағай есімде жақсы сақталыпты. Жанділлә, Ерсайын, Төрехан деген кластас балалар сабаққа алғыр болды. Олардың біреуі прокурор болды, бірі тағы бір лауазымды қызметтер атқарды. Осы жуырда Ерсайын Ерқожаев теледидарда сұхбат беріп, бүгінгі білім сапасын қайтсек жақсартуға болады деген тақырыпта оралымды ойларын ортаға салды. «Егерде мен ғайыптан білім министрі болсам былай, былай істер едім» деп батыл-батыл сөйлегеніне мына жақта отырып сүйсіндім. Өне, біздің бірге оқыған достарым деп кеудемді мақтаныш сезімі биледі.

Мен оқу жылын басқа мектепте бітірдім. Бірақ «Балтакөлдiк» орны мен үшін ерекше. Сол кездегі ұстаздарымның жанкешті еңбектерін айтып жеткізе алмаймын. Көбісі өмірден озып кетті. Қариялық жасқа жеткен кейбір мұғалімдерімді кездестіріп қаламын. Қауқылдасып қаламыз. Бір шайханаға отырып, өткен-кеткенді еске түсіріп, бір жасап қаламыз. Ұстаздың алдында қашан да шәкіртсің ғой. Ауылдағы ағайларым аман-сау жүре берсін, өмірден озғандарының жайлары жәннаттан болсын деген тілегімді айтамын.



Тойшагүл СӘРСЕНБАЕВА

СӨЗІМЕН ДЕ, ІСІМЕН ДЕ
КӨПКЕ ӨНЕГЕ БОЛДЫ

Тойшагүл Сәрсенбаева 1949 жылы туған. Шымкент педагогикалық институтының түлегі. Жоғары оқу орнын бітіріп келген соң көп жылдар бойына кітапхана меңгерушісі, Шымкенттегі Абай атындағы орталық кітапханада «Ақпараттық библиография» бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Бүгінде зейнет демалысына шыққан Тойшагүл Сәрсенбаева «Ағарту» мектебінің тұңғыш директоры Сәрсенбай Қабыловтың бесінші перзенті.

Біздер «Балтакөл» мектеп-интернатында оқып жүргенде әкеміз Сәрсенбай Қабылов сонда сабақ беретін. 1961 жылы мен 5 класта оқыдым. Әкем біздің класқа жетекші болды. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Жасы зейнет жасына келіп қалғандықтан осы жылы соңғы рет сабақ өтті. Ол кезде біздер үш класс едік. «А» және «Б» класының балалары интернатта жатып оқитын да, біздер – «В» класының оқушылары үйден қатынап оқыдық.

Әкемнің сабақ өтетін кездері әлі күнге көз алдымда. Көкем сабақ бергенде класта тыныштық орнайтын. Оқушылар сабақты зейін қоя тыңдайтын едік. Ол кісі талап қоя білетін, әрі соны істете білетін. Көкемнің сабағынан жалығу деген жоқ. Өйткені, қызықты да тартымды етіп өткізетіні соншалық оқушыларды баурап алады. Дәріс өткенде халық ауыз әдебиетін кеңінен қолданатын. Оның ішінде мақал-мәтелдерді, эпостарды, шешендік сөз өнерін сабақпен ұштастыра отырып қолданып, біздерге үйрететін. Бәріміз ұйып тыңдаймыз. Осылайша ұлттық құндылықтарды жас жеткіншектердің зердесіне құйып отыратын. Адамгершілік, ерлік, патриоттық рух секілді қасиеттерді күнделікті дерлік



Қабыловтар отбасы

дәріптеп отырды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі халықтың көрген қиындықтарын, соғыс кезінде мектептің құрал-жабдықтарын қалай сақтап қалғандарын қызықты етіп әңгімелеп беруші еді.

Әкем көп оқып, көп ізденетін. Орысша, өзбекше, татарша еркін сөйлей білетін. Ал, латынша, арабша оқып, жаза беруші еді. Арабша демекші, құранның сүрелерін жатқа біліп, әрі оны қазақшаға аударып, апам мен әжеме айтып беретін кездері есімде. Газет-журнал үйде тау боп жатады. Радиодан жаңалықтарды үзбей тыңдайды. Көп оқып, көп ізденгендіктен сөзге де өте шешен болды.

Үйде болсын, мектепте болсын әкем дауыс көтермейтін. Не айтса да жай сөзбен жеткізеді. Кейде сұсты, қатал көзімен бір қарайды. Ол кісі не айтты – сол міндетті түрде орындалады. Себебі, біздерді тәртіптілікке, ұқыптылыққа үйретті. Отбасында 7 бала болдық. Барлығымызды да өз нанымызды адалдан тауып жеуге, өзіміз өмір сүруге баулыды. Әкеміздің сенімін біздер де ақтай білдік деп айта аламын. Сабағымызды жақсы оқып, мектепті алтын, күміс



*Қазына қарт
Сәрсенбай аға*

медальдарға бітірдік. Үй шаруасын да шамамызға қарай бөліп алып, әкешемізге қолғабысымызды тигіздік.

Әкем құры сөзімен емес, ісімен үлгі болды. Таза киінетін, қарапайым киінетін. Жұмыстан үйге келген соң киімдерін асықпай шешіп, шетқамен тазалап барып киім ілгішке іліп жатушы еді. Анамыз Айымторы әкеміздің жанына жалау бола білді. Анам марқұм 12 құрсақ көтергенімен, соның 7-уі аман қалған. Осы балашағаны анам мен әжем Бағжан екеуі бағып-қағып өсірді. Әкенің орны отбасында бөлек қой. Әкем бізді көп еркелетпеді. Мереке қарсаңдарында ғана біздерге сыйлық жасап отыратыны есімде. Сонау бала кезімде әкем бір әдемі мата алып келді. Қайсы мейрам екені есімде жоқ. Сол матаны әжем кесіп-пішіп, біздерге көйлек тігіп берді.

Ұстаздың жолы қашан да ұлық. Әкемізді барша ауылдастар қатты қадірлейтін. Қай істі болса да әкемізбен ақылдасады. Көкемде кісімсіну деген әдет болған жоқ. Қай кезде де адамгершілік, кішіпейіл, көпшіл қасиеттерінен айныған емес. Ауыл болғасын жағдайы нашарлар, жетім-жесірлер көп кездеседі. Сондай жандарға ұдайы қамқорлық жасап жүрді. Өзімізге жетпей жатса да айлық алған кезде ауылдастарға жәрдем береді. Анамыздың да қолы ашық болды. Көршілер қысы-жазы үйден айран мен сүт, құрт-май алып тұратын. Анамның анасы Бағжан әжем де аузындағысын ағайынмен бөліп жеген жан болыпты. Ол кісілерді де ауылдастар әкемнен артық болмаса кем қадірлемейтін. Ал, үйімізден қонақ үзіліп көрмеген. Түннің бір жарымында үйге талай қонақ келгендерін көрдім. Мал сойылып, қазан көтеріліп жатушы еді.

Ауыл-аймаққа осындай сыйлы болғандықтан біз де әкеміздің атына кір келтірмей өсуге тырыстық. Ұрпағы бір-бір мамандықты иеленіп, өмірден өз орындарын тауып жатса ол да ата-ананың бақыты болса керек. Әкеміз бен анамыздың бауырынан өрбіген 7 ұл-қыздың бәрі де жоғары білім алды

деп мана айтып өттім. Енді осы бауырларым туралы да айта кетсем деймін. Отбасымыздың үлкені Қатшагүл Қабылова 1937 жылы өмірге келді. Шымкенттегі бұрынғы «Ворошилов» атындағы орта мектепте директор болып істеді. Бүгінде зейнет жасында. 1 қызы, 2 немересі бар. Әкеміздің жолын Қатшагүл әпкеміз қуып ұстаз болса, енді оның жолын да қызы жалғастырып, мұғалімдік қызмет атқарып келеді. Содан кейінгі әпкем Татьяна 1941 жылы туылған. Мақтаарал ауданындағы бұрынғы В.И. Ленин атындағы орта мектепте мұғалім болды. Кейіннен партия ұйымының хатшысы болып еңбек етті. Қазір зейнет жасында. Ұлы энергетика саласында еңбек етсе, бір қызы дәрігер, екінші қызы қаржы саласында жұмыс істейді. Ұлдың үлкені Амангелді ағам 1943 жылы дүниеге келді. Шымкент қаласындағы «Фармация» өндірістік кәсіпорнында директор болып қызмет атқарды. Бір қызы мен ұлы дәрігер болса, тағы бір ұлы кәсіпкерлікпен шұғылданады. Тағдырдың жазуымен Амангелді бауырымыз 2005 жылы қайтыс болып кетті. Содан кейінгі ағам Мамангелді 1946 жылы туылған. Мақтаарал ауданының бұрынғы «30 жылдық» совхозындағы орта мектепте директорлық қызмет атқарды. Қазір зейнет жасында. 4 қыз, 2 ұл өсіріп отыр. Бірі дәрігер, енді бірі оқытушы болып қызмет істейді. Содан кейінгісі мен – Тойшагүл, 1949 жылы туылғанмын. Шымкенттегі орталық кітапханада жұмыс істедім. Менен кейінгі сіңлім Мәнсия 1953 жылы өмірге келген. Шымкент қаласындағы № 2 қалалық балалар емханасының бас дәрігері болып қызмет атқарады. 2 қыз, 1 ұлы бар. Барлығы да жоғарғы білімді. Үйдің кенжесі Жангелді інім 1957 жылы туылған. «Русский регистр» ЖШС-інде эксперт-аудитор болып жұмыс істеп келеді. 2 қыз, 1 ұлы бар. Ұлы программист, қыздарының бірі - инженер-технолог, тағы бірі – экономист-бухгалтер.

Сыр бойының қадірлі азаматы, ұлағатты ұстазы болған әкем Сәрсенбай Қабылов пен оның отбасы жайлы осылай қысқаша мағлұмат бергенді жөн көрдім.



Қанипа ИМАНҚҰЛОВА

ӘКЕМІЗ МАЙДАНДА ДА,
БЕЙБІТ ӨМІРДЕ ДЕ ЕРЛІКТІҢ
ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

1949 жылы Мақтаарал ауданында дүниеге келген. 4-9 сыныптарды «Балтақол» мектеп-интернатында оқыды. Орта мектептен соң мұғалімдер класын бітіріп, ұстаздық мамандық алып шығады. Түркістан қаласында мектеп мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Кейіннен осы қаладағы «Сәуле» балабақшасына ауысады. Осы мекемеде 25 жыл балабақша меңгерушісі болып қызмет атқарды. Бүгінде Түркістан қаласында тұрады.

Әкеміз Иманқұл Ыбырайұлы Өзбекстанда және өзіміздің Мақтаарал, Түркістан аудандарында ұстаздық қызметтер атқарды. Мақтаарал өңірінде жұмыс істеп жүргенде мен дүниеге келген екенмін. Әкем мен анам Сәлима 1940 жылы отау құрыпты. Менен алдын ағам, әпкем бар. Үлкен ағам Сейфулла соғыс басталған 1941 жылы өмірге келіпті. Ал, әкем соғыстың басынан-аяғына дейін қатысқан. Ол кісінің соғыста көрсеткен ерліктері жөнінде украин досы Дмитрий Цмокаленко деген жазушы өзінің кітабында жазды.

41-ші атқыштар дивизиясында бірге қан кешкен Дмитрий ағамыз әкем жайында небір қызықты әңгімелер айтып беретін. Екеуінің соғыстан кейінгі бір-бірін ұзақ уақыт бойы іздеп табулары өз алдына бір кітап болатын дүние. Әкемнің ұрыс кезінде көрсеткен ерлік істері жөніндегі құжаттарды жинастырып, жоғары наградаға ұсынбақ болған еді. Алайда, әкем ойламаған жерден дүние салды.

Әкем небәрі 45 жыл ғана өмір сүрді. Осы қысқа ғұмырында артына өшпес із қалдырып кетті. Майданда ерліктің үлгісін көрсетсе, бейбіт өмірде бар саналы ғұмырын



*Мектеп директоры
Имаиқұл Ыбыраев (оң жақта)
пен мектеп мұғалімі Нұршат
аға*

ағарту саласына арнады. Ол кезде мұғалімдік қызмет қоғамдағы ең бір қадірлі де құрметті мамандық еді. Менің әкем ұстаз мамандығын абыроймен атқара білді.

Мақтаарал өңірінен Түркістанға 1957 жылы көштік. Оған анамның аурушандығы себеп болды. Ұзамай әкем де қызметін осында ауыстырды. Қазақ ССР-інің оқу министрі Жұмабек Тәшенов әкемнің іскерлік қабілетін жақсы бағалайды екен. Тікелей сол кісінің тапсырмасымен дарияның арғы бетіндегі «Балтакөл» мектеп-интернатына директор болып тағайындалды. Мен 4 кластан бастап осы мектепте оқи бастадым.

Әлі есімде, әкеміз бара сала мектептің ауласын кеңейтуге, басқа да корпусстарды салуға бел шеше кірісіп кетті. Тарихы бар бас корпуссты бұзбастан оған реставрация жасатты. Кентау қаласынан грек ұсталарды әкеліп, көптеген ғимараттарды салдырды. Интернат ауласын дуалмен қоршатты. 11 кластың оқушылары балақтарын түріп тастап, лай дайындап жатушы еді.

Өзіміз қоржын тамда тұрдық. Қонақтар келсе су сеуіп тұрып үйдің ішін, айналаны сыпырамыз. Сонда үйдің шінен сабан сылақтың, басқа да топырақтың иісі шығады. Осы танауды жаратын зәк иісі бізге керемет ұнайтын. Әлі күнге сағынамын десем өтірік айтқаным емес. Алыстан келетін лауазымды кісілерді сол қоржын тамда, лай иісін бұрқыратып қойып күте беруші едік қой. Кейіннен барып орнына жаңа ақшаңқан үй салынды. Мектепті жоғары деңгейге көтерген ерен еңбегі үшін әкем «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталғанда біздер осы қоржын тамда отырушы едік.

Үй шаруасын атқару менің мойнымда болды. Өйткені, мана айтқанымдай анамның денсаулығы болмады, үнемі дерлік дәрігерге емделіп отырады. Менің алдымдағы балалар сабақтан қалмай оқитын. Мағрипа әпкем сабақтан бас көтермей, үздік оқиды. Ал, мен бір-екі күн қалып кете беремін. Комиссия келсе ас-суын дайындау ісімен де айналысатын өзім едім.



Аналы-сіңлілі Қанипа және Сәуле

Әкем қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Малшы балаларына арнап салынған мектеп-интернат болғасын бірінші кезекте осы балалардың жағдайын жасайтын. Алыс мал жайылымындағы шопанның балалары кейде сабаққа келмей, оқуларын тастап кетіп жатады. Менің әкем

сондай балаларды тіке үйлеріне барып алып келетін. Тұрмысы төмендерге өкімет жәрдемінен бөлек өзі де көмек беретін. Қален, Оралбай, Әбдірахан деген балалар жағдайлары болмай бір жыл қалып қойды сабақтан. Әкем осы үшеуін алыста тұратын үйлерінен барып әкеп оқытқанын білемін. Мектеп бітіріп шыққанша назардан тыс қалдырмай, қамқорлығында ұстады.

Өзі директор болса да әкем өте қарапайым болатын. Бізге де сондай тәрбие берді. «Директордың баласымын», «директордың қызымын» деп бүгінгі еркетайлар секілді кеуде көтеру біздің түсімізге де кірмейтін. Қайта қай жерде болса да жақсы оқып, үлгілі мінез көрсету біздің міндетіміз еді.

Әкеміз интернаттың материалдық жағдайын жақсартқан соң жаңа кадрлармен де толықтырды. Орыс тілінен Тұрман Даужанұлы деген кісіні арнайы алып барды. Тағы бір білікті педагог Міртай Аманжолов ағайды да орталықтан апарғанын білемін. «Іс тетігін кадр шешеді» дегендей, мектептегі білікті ұстаздарға барынша жағдай жасап отырды. Содан соң әкем

көпшіл еді. Қолындағысын жұртшылықпен бөлісіп отыратын. Бір жақтан жолаушылап келсе де базарлығы бүкіл ауылға жетеді. Кейде еңбек демалысында анда-мұнда курортқа демалып келетін. Ондайда үйге әкелген базарлықтан бөлек, коллективтеріне де арнайы сыйлықтарды үйіп-төгіп әкелуші еді.

1964 жылы әкем қызмет бабымен Түркістанға көшті. Сонда бүкіл ауыл болып шығарып салды. Қоштасып тұрып көздерінің жастарын сығып алып жатыр. Оны көріп мен де қосылып жылаймын. Етене араласып, туысқан, бауыр болып кеткен адамдарды қимайсың ғой. «Газ-53» деген машинамен көштік. Әудем жерге дейін ауылдың тайлы-тұяғы қалмай бізбен еріп отырды. Еңбегімен елге жаққан әкеме деген ауылдың шексіз құрметі осындай еді.

Түркістанда екі жылдай оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Дегенмен жазмышқа ешкім қарсы келе алмайды екен. 1966 жылы 22 сәуір күні аз ғана ауырып барып әкем қайтыс болды. Асқар Алатауымызға балайтын ардақты әкеміздің қазасы бәрімізді есенгіретіп жіберді. Тек біз ғана емес, әкемізді танитын азаматтар түгел қайғырды. Аудандағы Мәдениет сарайында қоштасу жиыны өтті. Қаралы жиынға келген жұртта есеп болмаған көрінеді. Әкемнің туған бауыры Жұмаділлә деген ағамыз бар еді. Ол кісі алыс жаққа жолаушылап кеткен екен. Бауырының келуіне қарайлап әкемді үйде үш күн ұстадық. Кейінен бүкіл халық болып, арулап жерледік. Аудан басшылары, көзкөрген замандастары әкеміздің қайғысын бізбен бірдей бөлісіп, жанашырлық танытып жатты.

«Жақсының аты өшпейді» деген рас сөз ғой. Күні бүгінге дейін әкеміздің атына жылы лебіздер естіп жатамыз. Үлкен кісілер әкемнің іскерлігін, адалдық қасиеттерін айтып жатады. Баяғы өзі үйінен барып алып келіп оқытқан Қален деген оқушысы кейіннен Түркістанға әкім болып келді. Қален Тәтібаевқа рахмет, үлкен азаматтық жасады.

-- Менің осылайша үлкен азамат болуыма Иманқұл ағайым көп жәрдем берді. Осындай дәрежеге жетуім сол кісінің арқасы, -- деп ұстазының рухы риза болатындай істер жасады. Түркістан қадасындағы бір көшеге әкемнің есімін бергізді. Есей деген інімді жұмысқа тұрғызып, көмегін

көрсетті. «Біреуге еткен жақсылығың далаға кетпейді» деген осы емес пе. Өкінішке орай Қален бауырымыз да бүгінде бақилық болып кетті. Інім Есей де бүгін ортамызда жоқ. Осы інім бейшара баяғы бала кезінде апамның қасында қалатын. Ол кезде сәби ғой. Анамыз төсек тартып жатады. Сол кезде інім марқұм бала да болса “анам аман болсын” деп өлең айтады екен ғой. Сәби періштенің тілегі шығар -- анам әкемнен қайда көп жыл кейін дүние салды. Сол азаматтарды бүгінде сағына еске аласың. Топырақтары торқа, жайлары пейіштен болсын деп тілек айтамын.

Әкемнен бұрын мектепте директор блған Хайрулла Башикаов та бізге көмегін көрсетті. Сол кісінің арқасында мен педклассқа түсіп, мұғалімдік мамандық алып шықтым. Ширек ғасыр балабақша меңгерушісі болып қызмет істедім.

Әкем мен анамның бауырынан өрбіген ұл-қыздары ол кісілердің атына кір келтірмей өстік. Бәріміз де жоғары білім алып, өздерімізге бұйырған қызметтерді атқардық. Әулетіміздің кенжесі Талғат бауырымыз бүгінде елдің алдында еңбек етіп жүр. Түркістандағы «Талғат» клиникасын басқарады.

Жуырда ғана Балтакөл жаққа жолым түсіп бардым. Баяғы біз өсіп-өнген жерді танымай қалдым. Тап-тақыр, айдала боп кетіпті. Мектептің орны жайрап жатыр. Біз тұрған үй жоқ. Өз-өзімді ұстай алмай әбден жыладым. «Шынымен бәрі өшіп кете ме? Осы маңайға жарық сәуле шашқан білім ордасы ұмытыла ма? Тер төккен азаматтардың еңбектері босқа кеткені ме?» деп жыладым.

Енді «Балтакөл» туралы кітап құрастырылып жатқанын естіп шынымен қуанып жатырмын. Қазір есіме түскендерін ғана айтып шықтым. Ондағы үлкен жүректі азамат ұстаздар жайында қалай мақтасаң да, олармен мақтансаң да жарасады ғой.

Сейілхан САТТАРХАНОВ

ИНТЕРНАТТА БОС УАҚЫТЫМЫЗ БОЛМАЙТЫН

Түркістандағы №19 мектепте 4 класқа дейін оқыдым. Ол жақтағы алғашқы ұстазымның аты Нұрғали Ыдырысов еді. Кейін әке-шешем қазіргі Отырар ауданындағы Көлқұдық ауылына қоныс аударды да, мені «Балтакөлдегі» мектеп-интернатқа ауыстырды. Осы мектепте 8 класты бітірдім.

Мектеп-интернат туралы таңнан-таңға дейін айтсақ тауыса алмаспыз сірә. Білімді де, өнерді де, тазалық пен тәртіпті де сол шаңырақтан оқып, тоқып шықтық қой. Мектеп директоры Иманқұл Ыбыраев еді. Класс жетекшіміз Шәріпбек Өсербаев деген ағайымыз. Ал, спорт үйірмесіне сол 4 кластан бері қатысып келдім.

Спорттың неше түрімен шұғылданатынбыз. Бокс бар, күрес бар, штанга көтеру бар. Волейбол, футбол, баскетбол секілді командалық ойындар өз алдына. Жеңіл атлетика, гимнастика үйірмелері бар. Содан соң интернаттың велосипедтері болды. Осы велосипедтен де түрлі жарыстар ұйымдастырылатын. Атын ұмытып отырмын, Дәбеев деген оқушы бала мектептегі барлық жарыстарда бірінші орынды бермейді. Қыдырхан Байманов, Құрманбек Байманов ағайлар үйрететін.



1950 жылы туған. Бастауыш сыныпты Түркістан қаласындағы №19 мектепте оқыды. 1960 жылдан бастап «Балтакөл» мектеп-интернатында тәрбиеленді. Ленгирдегі медициналық училищені бітірген. Денсаулық сағасы бойынша Отырар ауданының бірқатар елді мекендерінде, Түркістан қаласындағы теміржол ауруханасында, локомотив депосында еңбек етті. Бүгінде Түркістан қаласындағы «Бекзат» шағын ауданының әкімі қызметін атқарады.



Облыстық олимпиадада жеңімпаз атанған сәт, 1965 жыл.

Махат деген ағайымыз еңбек пәнінен берді. Шеберханамызда бәрі болды. Тісі бар доңғалақты тракторымызға дейін бар еді. Токарь станоктары зырылдап жұмыс істейді. Ағаш цехында неше түрлі заттарды істеп шығарамыз. Сол балалар есік-терезелерді ашатын- жабатын тұтқаларды, басқа да бұйымдарды өздері жасап шығара беретін дәрежеге жетті. Сабақтан тыс кезде осындай үйірмелерге қатысатындықтан бос сенделіп жүру деген интернат балаларында мүлдем болмайтын. Одан артық қандай тәрбие керек. Киім тегін, тамақ тоқ. Сондықтан ешнәрсеге аландамай, ұстаздардың айтқанын істеп оқу ғана болды біздің міндетіміз. Малшы балаларына арналған мектеп-интернатта осылайша барша жағдай жасалып қойған еді. Балалар мектеп қабырғасында жүріп-ақ, қазіргі тілмен айтқанда өзін-өзі басқаруға қабілетті болды.

Мектептегі өнер үйірмесінің барлығына да қатыстым. Өміртай ағайдың жетекшілігімен мектептің көркемөнерпаздар ұжымы облыста өткен фестивальға қатысқаны есімде. Мен сол концерттік бағдарламада бір оқушылармен «Қара жорға» биін биледім. Ол би қазіргі «Қара жорға» биінен мүлдем басқа, нағыз классикалық би болатын. Сол биімізбен біз облыста бірінші орынды жеңіп алдық.

Кейбір оқушылар сол өзі қатысқан үйірмесін ары қарай жалғастырып алып кеткен жайлары бар. Сариев деген бала болды. Сурет үйірмесіне қатысатын. Мектептің өзінде дарынды еді. Мектептегі қабырға газеттері, класс бұрышы дегендердің бәрін осы бала әдемілеп жасап шығарады. Кейіннен осы жігіт жоғары деңгейдегі кәсіби суретші болып кетті.

8 класты бітірген соң Ленгір қаласындағы медучилишеге түсіп кеттім. Жастайымыздан спортпен шұғылданғанымның барлық жерде де пайдасын көріп келемін. Училишеде жүріп те спортты тастаған жоқпын. 1968 жылы болса керек, медицина қызметкерлерінің облыстық жарысы өтті. Дәрігерлер спорттың түр-түрінен сайысқа түсіп жатыр. Мен сол Ленгір ауданының атынан жарысқа шықтым. Жеңіл атлетикамен де шұғылдағанбыз ғой. Ұзындыққа секіруден облыс чемпионы болдым сол кезде. «Коммунистік еңбек жарысының екпіндісі» деген белгілерді де бірнеше мәрте жеңіп алдым.

Училише бітірген соң Хабаровскіде әскери борышымды өтеп келдім. Ауылға келіп отбасын құрдым. Зайыбым Сырлықұл де медицина қызметкері болды. Мал фермаларында, Шәуілдірде жұмыс істедік. Түркістан қаласында бірнеше мекемеде қызмет атқардым. Адал қызмет істесең абырой-атақ өзі іздеп табады деген рас қой. Шүкір, еңбегіміздің арқасында жаман болып отырған жоқпыз. Қазір де мемлекеттің қызметіндемін. Боксшы ұлымыз Бекзаттың атындағы шағын ауданның әкімі қызметін атқарамын.

«Ағартудың» атын құрметтеп, игі тірлік жасап жатқан азаматтарға рахмет айтамыз.



Сырлықұл ШОЙБЕКОВА

БІЗДІҢ МҰҒАЛІМДЕР ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ КОМПЬЮТЕРЛЕРІ ЕДІ

Біз Сырдың бергі жағында, паром жағасындағы ауылда өстік. Әкем Адырбек колхоздың арасын бағатын. Сонымен қоса аңға шығатын, дариядан балық аулайтын. Су жайылған бір жылы ұзындығы 8-10 метр шығатын үлкен жайын балық ұстап, бүкіл ауылды қарық қылғаны бар. Соғыс кезінде атқыштар дивизиясында шайқасқан екен. Әкемнің мерген болғандығын ауылдағы көнекөз қариялар кешеге дейін айтып жүрді. Мен қыз бала болсам де ұл балалар секілді өжет, еркіндеу болып өстім.

Бастауышты аяқтаған соң мен де «Балтакөл» мектеп-интернатында жатып оқыдым. Шәріпбек Өсербаев ағайымыз 8 класқа дейін жетекші болды. Қыздар басқа

сабақты қалап жатса мен дәл осы физика сабағын асыға күтуші едім. Шәріпбек ағай қазақы ұғыммен түсіндіргенде миында өзінен-өзі жатталып қалғандай болады. Мен сол мұғалімдерімді қазіргі заманның компютерлері еді деп айтамын. Шәріпбек ағайдың сабағын жақсы көргенім сонша

*Түркістан ауданының
Үшқайық ауылдық
кеңесінде дүниеге келген.
«Балтакөл» мектеп-
интернатында 4-8
сыныптарды оқыды.
Ленгірдегі медициналық
училищені бітірген.
Отырар ауданының
бірнеше елді мекенінде,
Түркістан қаласындағы
теміржолшылар
ауруханасында медбике
болып еңбек етті. Өмірлік
жары Сейілхан
Саттарханов екеуі 4 ұл
тәрбиелен өсірді.
Бекзаттай боксшы
ұлдары Сидней
Олимпиадасында
қазақтың атын әлемге
танытып, чемпион
атаанды.*



Бозбала едік, бойжеткен едік бір кезде...

физикадан өткен тақырыптарды іс жүзінде жасап көруші едім. Аттас заряд, оң-теріс заряд дегендерді жаттап алғанмын. Интернат бөлмесіндегі ақауы бар электр шамын, оның патрондарын кәдімгідей жөндеп, сым желілерін ауыстыра беретінмін. Ол істерді ұл балалар істей алмайды. Шәріпбек ағай да мені айрықша жақсы көріп, болашақта физик болады деп күтті. Ол ағай базбіреулер секілді айқай көтеріп, өзін де, баланы да шаршатпайтын. Тәртібі нашар балаға екі ауыз сөз айтып, жайына қояды. Бірақ, сол сөздің салмағы деген оңай емес.

Бірде маған да бір қатты сөйледі. Мен ұл балалар секілді өстім дедім ғой. Кластағы жігіттер бір күні шекісіп қалды. Мен төбелестің бел ортасында оларды ажыратып жүрдім. Сөйтіп жүргенде Шәріпбек ағай келіп қалды. Бәрі де сап тыйылды. Сонда ағайым мені де төбелесіп жүр деп ойлап қалыпты. Қыз басыммен төбелестің ортасында жүргенім өте-мөте ерсі көрінсе керек.

-- Сырлан, басқа-басқа, саған өте ұят тірлік болды, -- деді қатқылдау дауыспен.

Ал, кеп жылайын. «Төбелескен мен емес» деп ақталайын десем де болмайды. Екі сағаттай жылаған шығармын. Бір жағы ызыланып, бір жағы өзім қатты құрмет тұтатан ағайымнан ұялып жылаймын. Қасымдағы құрбыларым жұбатып әлек. Кешке қарай зорға басылдым-ау.

Интернаттағы өмірдің әрбір сағатына дейін есімде. Таңертеңгі сағат 7-де орнымыздан тұрғызатын. Содан он-он бес минут беті-қолды жуып, төсегімізді ретке келтіреміз. Жарты сағат таңертеңгілік жаттығу өтеді. Содан соң азанғы тамаққа барамыз. Түске дейін сабақ өтсек, түстен кейін дайындық сабағы болады. Кешкі тамақтан соң түрлі ойындар басталады.

Мен спорттың жеңіл атлетика түрімен айналыстым. Мақтанғаным емес, мектепте желаяқ болдым. 8 класта аудан орталығында өтетін үлкен жарысқа баратын болдым. Сөйтсем әкемнің жібергісі жоқ. Қыздарының селтеңдеп жүгіріп жүргенін қай ата-ана жақтырсын ол уақытта. Әйтеуі Құрманбек ағайым әкеме жалынып-жалпайып жүріп зорға алып кетті. Сол кезде аудан орталығына бірінші рет бардым. Іріктеу ойындарынан қыздар азая-азая бес-алтау ғана қалдық. Ақтық ойын басталды. Қасымдағы қыздар менен әлдеқайда бойшан, сирақтары ұзын орыс қыздары. Және облыстық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпаздары деген атақтары бар. Мен атақтарынан да, өздерінен де қорқып тұрмын. Бір кезде старт берілді. Толқып тұрып жайымда қалып кетіппін. Арқа жағымда тұрған мұғалімім «жүгір» деп итеріп қалды. Есімді дереу жидым да құстай ұша жөнелдім. Неге екенін білмеймін, әйтеуір жаяу жүгірдік сол кезде. Көзіме ештеңе көрінбей лентаны керіп өтіппін. Жұрт шулап жатыр. Артынан жүгірсем де бәрінен озып кетіппін. Ағайымның қуанышында шек жоқ. Қуаныштан өзім бір күліп, бір жылап жүрмін. Әлден уақытта абыр-сабыр басылғасын барып табандарым тызылдап аши бастады. Қарасам екі табаным тола тікенек. Мана жүргенде жантақтың бәрін басып кете беріппін. Ет қызумен ол кезде қайдан байқайсың. Енді ашып жатыр. Оған өкініп жатқан мен жоқ. Кейін облыстық жарысқа да барып, жүлделі орын алып келдім.

8 класта ағайларымның қарсылығына қарамай


медучилищеден бір-ақ шықтым. Мектепте жүргенде сондай училищенің мұғалімдері үгіт-насихат жүргізіп келген болатын. Көреміз деп қойғамыз. Осынымды бір туысқан ағам естіп, әке-шешеме айтып жатыр екен. Әкем болса да сыры белгілі, жібермеймін деп қояды. Ал, енді мен қырсығайын. “Училищеге оқимын да оқимын” деп отырып алдым. Сонымен ертесіне мектепке тартып отырдым. Сондағы бір хатшы қыздарға 8 класты бітірген куәлігімді бер десем, бермейді. Кейін орнына басқа қыз кеп еді, ол байғұс бере салды. Куәлікке қосымша мінездеме, тағы бір қағаздар керек екен ғой. Шауып отырып Шәріпбек ағайыма бардым. Куәлігімді көрсетіп, «училищеге кетейін деп жатырмын, енді соған мінездеме беріңіз» деймін ғой. Ағайым ашуланып кеп берді. «Сен оныншы класқа дейін оқисың, өйткені сабақта үздіктердің бірісің. Кейін жоғары оқу орнына түсесің» деді. Мен көнгенім жоқ. Куәлігімді алдым да, Түркістанға жүріп кеттім. Ол жақта біреуден сұрап жүріп педучилищені тауып алдым. Онда құжат қабылдау мерзімі бітіп қалыпты. Содан медучилищеге уақыт бар екенін естідім де соған тарттым. Ол жердің қабылдау бөлмесінде отырған қыздар мінездеме, десаулық анықтамасы деген толып жатқан қағаздарды сұрап, миымды ашытпасы бар ма. Бір есептен олардықы әбден дұрыс. Кетпей мен тұрмын. «Қайтсем де осы оқуға түсем» деп айтысып болмаймын. Кенет арғы жақтағы бөлменің есігі ашылып, іштен бір үлкен кісілер шықты. Оған ана қыздар мені жамандап айтып жатыр. Сөйтсем училищенің бастығы екен. Менің куәлігімді сұрап алып, ішіндегі бағаларымды көріп шықты. Сөйтті де хатшы қызға:

-- Мынадай үздік бағамен бітірген оқушы өз аяғымен келіп тұрғанда қабылдамаймын дегенің қалай? Кәне, бәрін реттеп бер, оқуға қабылданатын болсын, -- деп бір-ақ кесті. Осылайша жалғыз куәлікпен оқуға кіріп кеттім.

Спортпен айналысқанның жаны да, тәні де сау болатыны белгілі. Біздің балаларымыз да спортқа ден қойды. Бекзат балам бокс мектебіне барып жүргенде алыс жақтарға жарысқа баратын боп қалады. Кейде біз қиналып қаламыз. Сондайда жаттықтырушы ағайы кеп бізге жалынады. Тура баяғы Құрманбек ағай келіп әкемнен мені сұрап отырып

алатыны есіме түседі. Бірде Қостанайда өтетін жарысқа барарда сондай болды. Несін жасырайық, ақшадан тарығып отырғанымыз рас. Мұғалімі қиылып отырып алды. Сонда жолдасым Сейілхан «қой, меселін қайтармайық, бірнәрсе қылып тауып берейік» деп жол қаржысын реттеп бергенбіз. Сол жарыстан кейін Сиднейге жолдама алып, маңдайы жарқырап келді ғой құлынымның.

Бүгінде компьютер заманы орнады. Бәрін өзі шешіп, өзі шығарып береді. Тек тетігін басып отырсаң болғаны. Сол кезде менің есіме аяулы ұстаздарым түседі. Жоғарыда айтқанымдай, ұстаздарымның өзі бір-бір компьютерден артық біліп, артық түсіндіретін еді деймін. Сол өткен күндердің тарихын кітапқа түсіріп жатқан азаматтарға ризамын. Мектебіміздің аты енді ешқашан өшпейтін болғанына қуанып отырмын.





Жарқынбек ШАЙМАНОВ

САН ШӘКІРТ
ИНТЕРНАТТАН
ТҮЛЕП ҰШТЫҚ

1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Көмешбұлақ ауылдық кеңесінде дүниеге келген. «Балтакөл» мектеп-интернатында 1967 жылы оқу бітірді. 1968 жылы Алматыдағы Қазақ Ауылшаруашылығы институтының жаңадан ашылған «Машина жөндеудің технологиясы мен ұйымдастыру» факультетіне оқуға түседі. 1973 жылы институт жолдамасымен Мақтаарал ауданындағы «Казсельхозтехника» кәсіпорнына жұмысқа қабылданады. Осы мекемеде инженер-диагност, аға инженер қызметтерін атқарды. 1975 жылы Шардара механикаландырылған орман шаруашылығына инженер-механик болып қызмет ауыстырды. Бүгінде бұл мекеме Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі болып аталады. Жарқынбек Шайманов осы мекемеде инженер-орманпатолог болып қызмет атқарады.

Мен «Балтакөл» мектеп-интернатында 5-10 кластарда оқыдым. Мектепті күміс медальға бітірдім. Бұл мектеп-интернат облыс бойынша алдыңғы қатардағы базасы мықты білім ордасының бірі еді. Жалпы интернатта оқығандар жақсы білім алуға ден қоя біледі ғой деймін. Ұстаздардың да, оқушылардың да ықыласы, пейілі, уақыттары, бәрі-бәрі білім алу үшін өте ыңғайлы, барлық жағдай жасалған. Тәрбиешілер тәрбиеге баса назар аударатын. «Интернатта оқып жүр, талай мен өзім шынымды айтсам, интернат жүйесі бойынша білім берілуіне көңілім ауып тұрады. Біздің «Балтакөл» мектеп-интернатының мықтылығын мынадан білуге де болады: біз мектеп бітірген жылы 9 оқушы алтын және күміс медальға бітіріп шықты!

Алтын медальға бітірген



*Мектеп мұғалімі Қалдарбек Рысбеков пен оқушылары
П. Өтешов, Ж. Шайманов, И. Адырбеков, Ү. Сейсенов*

Икрам Адырбеков атты кластас досымыз бүгінде экономика ғылымдарының докторы, Қытай Халық Республикасында Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі. Ол бұған дейін Прибалтика, Малайзия, Сингапур елдерінде елші, Қызылорда облысында әкімдік қызметтер атқарды. Кешегі Сидней олимпиадасының чемпионы Бекзат Саттархановтың әкесі Сеілхан мен анасы Сырлан бізбен кластас болды. Әлайдар Шындәулетов есімді тағы бір досымыз әкімдік аппаратында қызмет атқарып келеді. Бір сөзбен айтқанда мектеп бітірген тұлғаларымыз әр салада өздеріне тиесілі қызметтерін атқарып жүр. Достарымызбен күні бүгінге дейін араласып-құраласып, мектептегі қызықты шақтарды, сабақ берген ұлағатты ұстаздарымыз хақында сыр шертісіп тұрамыз. Осы кітапты шығарып жатқан Серікбай Ибадуллаевпен интернатта бірге тәрбиелендік. Ол жастайынан алғыр, пысық еді. Біздің Шардарада 2006-2007 жылдары әкімдік қызметке келгенінде көптеген шаруалар атқарып кетті. Ол кезде қазіргідей «Жол картасы» арқылы мемлекеттен мол қаржы бөлініп жатқан жоқ еді. Серік әкім жоқтан бар жасап, аз уақыттың ішінде қаланы абаттандырып



Ұстазым менің, ұстазым!

кетті. Ұлы Абайдың зәулім ескерткіші, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ескерткіші, «Тұңғыш Президент» саябағы мен ондағы ескерткіш-мүсіндер, теңіз жағасындағы неке сарайы, аудандық мұражай үйі, «Алты алаш» алаңы мен оның арқасындағы шыршалы бақ, Ана мен бала ескерткіші секілді нысандар тікелей Секеңнің іскерлігінің арқасында дүниеге келді. Бұдан басқа да халыққа қажет нысандар көптеп ашылды. «Шардара әуендері», «Егіздерім – қос қанатым», «Қос шағала» секілді облыс, республика деңгейіндегі байқауларды ұйымдастырып, ауданға рухани сілкініс әкелді. Жұртшылық Бекжановтан кейін Шардараны көркейткен Ибадуллаев болды деп әлі айтады. Бұл сөздерге мен



Қален Тәтібаев пен Патсайы Маханова



Площадь им. Б.И. Ленкина

“Балмакөлдiк” тұлелктер еліміздің әр қиырында білім алды. Жоғары оқу орнында оқитын студенттер жыл сайын Алматыда бас қосуды дәстүрге айналдырған еді.



*Жарқынбек Шайманов
немересімен бірге
сыныптас досы
Сейілхан Саттархановтың
үйінде*

де қуанамын. Біздің ауылдың, біздің мектептің азаматы осындай халықтың шын ыстық ықыласына ие болып жатқанына марқаямын.

«Өмірдің өзі--өлең» дегендей кейде көкірек кернеген ойларды қағазға өрнектеп отыратын әдетім бар. Өлең жазу мамандығым болмаса да, ақынжанды қазақпыз ғой, шамамның келгенінше жыр шумақтарын құрастырамын. Сөзімнің соңын интернаттағы ұстаздарым мен кластас достарыма арнаған бес-алты ауыз өлең сөзбен аяқтасам деймін.

Ұстаздар сол кездегі қандай еді,
Ықыласы, мейірімі балдай еді.
Сағатына қарамай санаспастан,
Тәрбиеге мән берген жандар еді!

Интернат—білім ғана емес еді,
Тағылымы, тәрбиесі тәлімді еді.
Ұстаздар мейірленіп қарағанда,
Жаныңа сәуле шуақ дарып еді.

Білімі бәрінен де озық болды,
Мақсаты талаптанып оқу болды.
Шәкірттер ерекше бір жігерленіп,
Оқығанын көкірекке тоқу болды.

Өз бетімен оқыған ізденген жан,
Айнымас алға қойған мақсатынан.
Мақсат қою, ой салу – ұстазынан,
Қозғаушы күш–шәкіртке бұл
армандаған!

Сол мектеп-интернаттан түлеп ұшты,
Не бір ғалым, мемлекет қызметшісі.
Қален, Мұхит, Сәкең мен ғалым Икрам,
Әкім болды, елімнің құрметтісі.

Мен де сонда жақсы оқып, медаль алдым,
Одан соң жоғарғы оқу іздеп бардым.
Маман болып, инженер боп неше жылдар,
Бір мекеме, ұжымда бедел алдым.

Тағдыр солай, осылай өсіп-өндім,
Шардараның бұйырған дәмін көрдім.
Бір жерде өскен дарақтай жемісті боп,
Шүкір деймін Алланың өзіне мың!



Кенесбай ЕЛУБАЕВ

КИЕЛІ МЕКЕН – БАЛТАКӨЛ

Өзім Түркістан қаласында туылғаныммен, әкелеріміз Балтакөлде өмірге келіпті. Сонда ғұмыр кешіп, ауылдан ашылған «Ағарту» мектебінде сауат ашқан екен. Әкем Мәулен, оның інісі Әбдіманап көкемдер осы мектептің тұңғыш директоры Сәрсенбай Қабыловтың қолында оқыған. Сонда Әбдіманап ағамыз мектепте өте жақсы оқыпты. Ол кезде үздік оқушыларға Сталиннің грамотасын береді екен. Әбекең осындай грамота алғанын мақтанышпен айтып отыратын. Сарғайып кеткен сол мақтау қағазы әлі күнге көкемнің үйінде сақтаулы тұр. Әкем мен көкемдер Сәрсенбай ағайдың адамгершілік қасиеттерін айтудан жалықпайтын.

Міне, сол мектепте мен де білім алып, интернатта жатып оқыдым. Сәрсенбай ағайдың ізін жалғастырып келе жатқан ұлағатты ұстаздардың тәрбиесін көрдім.

Мен «Балтакөлге» 6 класта, 1964 жылы бардым. Әкем сол уақытқа дейін Түркістанда теміржол депосында жұмыс істеді де, содан соң Сырдың бойына малға шығып кетті. Сол себепті мені де ауылдағы мектеп-интернатқа орналастырды. Мектепке келгенде бірден байқалғаны -- мұнда тәртіп қатаң екен. Аудан орталығында оқыдым ғой. Ол жақта еркіндеу,



1952 жылы Түркістан қаласында туған. Осы қаладағы № 19 мектепте бастауыш сыныптарын оқыды. «Балтакөл» мектеп-интернатында 1964-1969 жылдары тәрбиеленген. Алматы қаласындағы дене тәрбиесі институтында жоғары білім алды. Еңбек жолы Шымкент қорғасын зауытында өтті. Қажырлы еңбегінің арқасында КСРО түсті металлургия министрлігінің «Күрмет» грамотасы мен марапатталды. Спорттың бірнеше түрінен жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Отбасында 1 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді.



Мектеп мұражайының жанында

бостау жүрдік. Ал, бұл жақтың өмірі басқаша. Интернат тәртібінен ауытқуға жол жоқ.

Тура әскердегі өмірді осында көргендей болдым. Танертең горнның үнінен ұйқымыздан тұрамыз. Құрманбек ағай сапқа тұрғызып алып, стадионды екі мәрте айналдырып жүгіртіп шығады. Содан соң дене жаттығуларын жасаймыз. Класс-класымызбен топтанып асханаға барамыз. Үлкен асханада үш қатар стол қойылған. Соған отырып тамақтанамыз. Повидло деген тәттіні алғаш осы интернатта жедік. Жұмыртқа, айран-сүт дегендер дастарханнан үзілген емес. Әйтеуір тамақ жағынан таршылық көрмеппіз.

Интернат тамағының жақсы болғанын сол кезде оқыған азаматтар әлі күнге айтады екен. Мен қазір Шымкентте тұрамын. Бір көршім үлкен қызмет атқарады. Өзі профессор. Бірде баяғы интернат жайлы әңгіме боп қалды. Жаңағы кісі біздің мектеп-интернаттың күшті болғанын біледі екен. Өйткені ол кісінің бала кезгі бір досы «Балтакөлде» біраз жыл тәрбиеленіпті. Кейін Шаян жаққа көшіп кетеді де, сондағы интернатта жатып оқиды ғой. Менің көршім де сол интернатта оқыпты. Сонда әлгі бала «ай, «Балтакөлдін» тамағына жетпейді екен, сол асхананы сағындым» деп



*Бдырыс ағайды
ортаға алып түскенде*

қызымыз алтын алды. Мәнсия Қабылова, Мәнсұр Амантаев,

отырады екен. Айтса айтқандай-ақ, дастархан мәзірі өте жақсы болды.

Апта сайын моншаға түстік. Шаштараз істеп тұрды. Клубтағы мәдени шаралар қандай еді! Мектептің велосипедімен жарысатынбыз. Бірнеше спорт үйірмелері бар. Ал, оқытушылардың сабақ түсіндірулері керемет енді. Шәріпбек, Ыдырыс, Өтен, Мәназар ағайларымыздың сабақ өткен кездері көңілімізде сайрап тұр. Мектеп бітіргенде біздің кластан 1 алтын, 4 күміс медаль иелері шықты. Сәрсенкүл деген жақсы оқитын



8 "А" сынып оқушылары. Сынып жетекшісі Қ. Рысбеков. 1967 жыл



Елен және Рысқұл

әкімдері болып қызмет істеді. Сейілхан Саттарханов Түркістанда ауыл әкімі, Қантемір деген азамат Көктөбе ауылының әкімі болды. Айдар Ағұлықов деген профессор осы жерден шықты. Әбдірайым Мейірбеков атты азамат Түркістанда ұзақ жыл өсімдік қорғау мекемесін басқарды.

Мұхтар Оңласбеков, Гүлбарам Амантаева деген үздік оқушыларымыз күміс медаль иеленді. Бұл деген үлкен жетістік деп есептеймін.

«Балтакөлдің» жері де, елі де киелі деп санаймын. Бұл сөзді бекерге айтып отырғаным жоқ. Мектептің арғы тарихын қозғамай-ақ, сол кезеңдегі түлектердің көрсеткіштерін айтып берейін. Икрам Адырбеков деген азамат облыс басқарса, Қален Тәтібаев, Серікбай Ибадуллаев, Мұхит Әлиев атты азаматтар аудан



*8 сынып оқушылары.
Оң жақта отырған ұстаз Бдырыс Алдабергенов*



Кеңесбай, Есенкүл, Рысқұл

Мәнсүр Амантаев деген кластасым Көлқұдық ауылында мектеп директоры, Мәнсия Қабылова Шымкентте бір емхананың бас дәрігері. Оның жұбайы Мұхтар бір кәсіптік мектеп директорының орынбасары. Жанділлә Аманжолов деген досымыз Қандөз ауылында дәрігер боп жұмыс істейді. Бұл азаматтардың жас айырмашылықтары көп болса бес-он жыл ғана болса керек. Еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет істеп жүргендер қаншама. Мен өзім білетіндерімді, есімде барларды ғана айтып отырмын. Кішкентай ауылдың мектебінен осындай үлкен азаматтар шығып жатса, «Балтакөлдi» қалайша киелi мекен деп айтпайсың!

Мектептің сонау алғашқы жылдардағы ұйымдастырушысы болған Сәрсенбай Қабыловты кейінгі ұрпақ ұмытпауы тиіс деп ойлаймын. Сол ұстаздың салып берген сара жолымен қаншама оқытушылар шәкірт тәрбиелеп, сан мың түлек қанаттанып шықты десеніңші. Аты бүкіл елімізге әйгілі «Балтакөл» деген мектеп-



*Сәрсенкүл Бұқарбаева
мектепті алтын
медальмен бітірді*



*Мектеп мұғалімі Қалданбай Алтаев оқушыларды
ұдайы саяхатқа шығарып тұратын*

интернат өмір сүрді. Ал, осы білім ошағының қазығын қағып, дүйім жұртқа қадірлі болған Сәрсенбай Қабыловқа лайықты құрмет көрсету бәрімізге үлкен парыз болса керек. Ол кісінің есімін сол өңірдегі бір мектепке берсе әбден-ақ лайық қой. Ауылда Сәрсенбай ағайдың атында көше де жоқтығы енді ұят нәрсе. Ілгеріде Серікбай Ибадуллаев облыстық басылым бетінде осы мәселені қозғаған болатын. Ұлағатты ұстаздың есімін бір көшеге, немесе мектепке беру туралы көлемді мақаласын оқып, қуанып қалған едік. Өкінішке орай ол бастама билік орындарынан қолдау таппапты деп естідік. «Ештен кеш жақсы» деген. Сәрсекеңнің атын беру туралы мәселені тағы бір қозғау керек. Сол атырапқа жарық сәуле шашқан ағартушы ағаның есімі санамыздан өшпеуі тиіс.



Ерназар ҚОЖАМҚҰЛОВ

МЕКТЕБІМДІ ӘЛІ КҮНГЕ САҒЫНАМЫН

Е.Қожамқұлов 1951 жылы Түркістан қаласында туған. Шорнақтағы мектеп-интернатта 1-8 сыныптарды оқыған соң «Балтакөл» мектеп-интернатына ауысады. Жамбылдағы теміржолшылар техникумын бітірген. Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Бесарық стансасында механик, аға механик, цех бастығы қызметтерін атқарды. 1989 жылы Мәскеу қаласында өткен теміржолшылар съезінің делегаты. Теміржол саласына сіңірген қалтқысыз қызметі үшін «КСРО-ның құрметті теміржолшысы» атағын иеленді. 1 ұл, 3 немересі бар. Бүгінде Шымкент қаласында тұмыр кешеді.


тарынан Жексенбай ағай өткесін оқушылардың да құмарлығы артады. Осы ағайымның үздік шәкірті болдым. Химия пәнін де жақсы оқыдым. Бұл пәнді Нышан деген ағайым оқытты. 9 класта болса керек, осы пәннен жарысқа қатысып келдім. Қатысқанда да анау-мынау жерде емес, ту сонау Новосибирскіде өткен оқушылардың олимпиадасына



«Балтакөл» мектеп-интернатының жас мұғалімдері: Өмірбек, Татьяна, Балмағамбет, Айман

оркестрі болатын. Мен осы оркестрдің құрамында ойнадым. Баянды Сейділла Елмұратов деген бала екеуміз тарттық. Сонда бала қиялымның бір шетінде музыкант болсам деген арман да жүрді. Мектеп бітірген соң осы арманыммен Алматыдағы консерваторияға жол тарттым. Бірақ жолым болмады. Себебі, консерваторияға түсу үшін алдымен музыкалық училищені бітіру керек екен. Мен оны қайдан білейін. Сөйттім де Ташкент қаласына барып тоқыма институтына оқуға түстім. Бір курс оқыдым. Содан кейінгі оқуды Марғұлан дейтін жакқа барып жалғастырады екеміз. Марғұлан қайда, біреу қайда. Мен барайын деп-ақ отырғанмын. Алайда әкем көнбеді. Танымайтын басқа жер, басқа елге жібергісі келмеді. Содан ол оқуды да жылы жауып қоюыма тура келді.

Ауылда қашанғы жүре бермекпін. Бір оқуды бітіруім керек қой. Әйтеуір бір жерге қалайда бас тығуым керек. Сөйттім де келесі жылы Жамбыл қаласындағы теміржолшылар техникумына құжат тапсырып, оқуға түсіп кеттім. Теміржол саласындағы қызметім Қызылорда



Сыныптасстар Қожа Ахмет Ясауи кәсіпесіне тағзым жасады

облысынан бұйырды. Жаңақорған ауданының Бесарық стансасында алғашқы еңбек жолымды бастадым. Механик болдым, аға механик болдым. Кейін цех бастығы болып жоғарылады. Не керек, осы қызметте 32 жыл еңбек етіппін. Баяғы математиканы жақсы оқығанымның пайдасы ұшан-теңіз болды. Нағыз есеп-қысаптың керек болатын жері екен ғой теміржол дегеніңіз. Қателесуге болмайды. Құдайға шүкір, жаман істеген жоқпын деп ойлаймын. 1989 жылы Мәскеуде өткен съездге облыс бойынша жалғыз мен бардым. КСРО министрлер кабинетінің төрағасы қызметін Рыжков деген кісі атқаратын. Соның басшылығымен өткен-тұғын үлкен жиын. Еңбегімді бағалап «КСРО-ның құрматті теміржолшысы» деген медальмен марапаттады. Ол күндерге өкпеміз жоқ.

Бүгінде Шымкент қаласында балдардың қолында тұрамын. Солрамен бірге кәсіпкерлік жұмыспен айналысамын. Балалық бал дәуреніміз өткен мектеп-интернаттар түсімізге кіреді. Сол мектептегі балаларды, мұғалімдерді, тіпті интернаттың әрбір заттарына дейін сағынамын. Баяғыда бір қыз алыс жаққа ұзатылыпты. Кейіннен арқасынан адамдар келсе ауыл-аймақтың бәрін сұрап, ақыр-аяғында иттеріне дейін сұраған екен ғой. Туған жерге деген сағыныш қой ол. Мен де сол секілді әрбір талшыбығына дейін қатты сағынамын.

Осыдан біраз жыл бұрын кластастардың 40 жылдық кездесуі өтті. Ой, керемет болды. Мектеп бітіргелі көрмеген достармен қауыштық. Жігіттер жағын шырамытып танып жатырмыз, ал, қыздарымызды тани алмай қалдық. 40 жыл деген не деген уақыт. Мына естелік кітаптың жарық көріп жатқаны да керемет нәрсе. Тек класыңды ғана емес, сол мектептің, қала берді сол аймақтың тарихымен танысасың. Өткенді ұмытуға болмайды.

Досым Серікбайдың бұл бастамасы нағыз азаматтық болды деп айтар едім.



Мәнсия ҚАБЫЛОВА

БІЗДІҢ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ТЕК БИІКТЕН КӨРІНДІ

1953 жылы қазіргі Отырар ауданының Балтакөл ауылында өмірге келген. 1969 жылы «Балтакөл» мектеп-интернатын бітірген соң Алматы мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. Институтты бітірген 1975 жылдан бері Шымкент қаласындағы № 2 балалар емханасында еңбек етіп келеді. 1999 жылдан бастап осы емхананың бас дәрігері қызметінде. 2 қыз, 1 ұл өсірген. 2002 жылы «ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі» белгісімен марапатталды. Мәнсия Қабылова басқаратын емхана ұжымы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2011 жылдың «Ең үздік медициналық ұйымы» болып танылды.

Неміс тілінен өзімнің үлкен әпкем Қатшагүл сабақ берді. Ал, француз тілінен Мәлике деген апай өтеді. Сол кездегі мұғалімдер шетінен профессорға тең келетін мұғалімдер еді деп санаймын. Қазір компьютер, слайд арқылы сабақ өтеді. Өркениет заманында бәрі бар ғой. Алайда, біздің кездегі мұғалімдер нағыз мимен жұмыс істейтін мамандар екен ғой деген ойға қаламын.



*Сәрсенбай Қабыловтың отбасы.
Жоғары қатардың ортасында тұрған Мәнсия Қабылова.
1966 жыл, Балтакөл ауылы*

Сол мұғалімдерден тәлім-тәрбие алған жас өрендер тек алға ұмтылатын. «Балтакөлдін» түлектерінен ұстаз сенімін ақтаған белгілі азаматтар көптеп шықты. Мұның бәрі де мектептегі ұстаздар қауымының шын мәніндегі білікті педагогтар екенін танытады. Облыс көлемінде өтетін жарыстарда біздің оқушылар жүлдесіз қалған кезі болмаған. Мектеп бітірушілерден де міндетті түрде медальға кем дегенде бір-екеуі ілінетін. Жоғары оқу орнына да солай түседі. Әйтеуір аядай ауылдан жоғары оқу орнына аттанған түлектер міндетті түрде оқуға түсіп келетін.

Мектеп-интернатта түрлі үйірмелер де, өнерлі балалар да көп болды. Мен де сондағы біраз үйірмелерге қатысатынмын. Озып шығатын оқушылар аудандық, облыстық жарыстарға барады. Ауданда ешкімге дес бермейміз. Сондай жарыстардың бірінде Шымкент қаласына бардым. Қ.Сыпатаев атындағы мектеп-интернатта өткен өнерлі балалардың облыстық байқауында 2 орын алғаным бар. Сол кезде бірінші мәрте Шымкентті көрдім. Бірінші мәрте көпқабатты үйлерді көріп, таңғалдым.

Біздің мектеп сол атыраптағы барлық деңгейдегі іс-



*Шет тілі маманы
Марфуға Жұмашева*

шаралар өтетін орын еді. Мәдениет ошағы да, білім ошағы да сол мектеп ғимараты болды. Жиын, келелі кеңестер, малшылар слеті біздің мектепте өтеді. Кейде бүкілхалықтық сайлау өтеді. Сондай бір сайлау науқаны өткен кездер есімде қалып қойыпты. Мектепті айнала автодүкендер орналасып, үлкен жәрмеңке болған. Сайлау болғасын айналадағы адамдар, алыстағы малшылар түгел келеді. Біздің мектептің көркемөнерпаздар ұжымы концерт қойып, малшылар интернаттағы балаларымен қауышып, бір мәре-сәре болған еді. Қандай бір іс-шара өтпесін соңы осылайша үлкен мерекеге ұласатын. Оның өзі біздер үшін де, ауылдағы адамдар үшін де қуанышты оқиға боп саналады.

Біздің әкеміз Сәрсенбай Қабылов осы мектептің негізін қалаған тұңғыш ағартушы болып саналды. Өзі қашан зейнетке шыққанша мектепте жұмыс істеді. Ауыл адамдары әкемізді қатты құрмет тұтып сыйлаушы еді. Қандай да бір мәслихат болса біздің үйде өтеді. Үйдің есігінде құлып салынғанын көрмеппін. Күндіз-түні адам үзілген емес. Қонақ көп келеді. Біздер күнде таңертең сағат 06:00 шамасында тұрамыз. Анамызға көмектесіп сиыр сауамыз, мал жайлаймыз, әйтеуір шаруаның бәрімен айналыса береміз. Содан кейін мектепке барамыз. Әкеміздің атына сөз келтірмеу үшін сабақты барынша жақсы оқыдық. Сондай құрметті кісінің балалары да өзгеге үлгі-өнеге көрсету керек деген тәрбиеде өстік.

Екінші әпкем Татьяна ауыл бойынша бірінші болып Алматыға оқуға түсті деп ойлаймын. Одан кейін Амангелді ағам мен Мамангелді ағаларым түсті. Біздер үшін мұның бәрі зор қуаныш. Олар келсе ауыл бойынша үлкен мереке болады. Түркістаннан бері қарай келетін де, ары қарай кететін де интернаттың жалғыз жүк машинасы болатын. Оқудағы аға-әпкелеріміз сол машинамен келеді. Көшеде шаңдатаып ойнап жүрген топ балалар шапқылап алдарынан шығамыз. Алматының апорт алмасын ауылға әкелген де солар еді.

Әрқайсысы орта кесе келетін апорт алманың иісі де, дәмі де керемет. Осы туысқандарымның соңынан мен де Алматыға аттандым. Солар мінетін интернаттың жүк машинасымен Түркістанға аттандым. Одан әрі Шымкент, Алматы. Алматыға түскенде ауылдың баласымыз ғой, мединститут үйіне дейін таксимен 20 сомға барғаным есімнен кетпейді. 20 сом ол кезде не деген көп ақша! Тісқаққан қаланың таксисі осынша бер десе бере бергенбіз ғой. Медицина институтына өз күшіммен түстім. Орысша сөйлеуден қатты қиналдым. І курсқа 12 қыз оқуға түскен едік, соның 5-уі кейіннен тіл білмей құлады. Орысша түсінгеніңмен оны жеткізе алмай қиналасың. Медициналық термин дегендер қиынның қиыны ғой. Алматыға барғаннан жатпай-тұрмай осы орысшаны үйрендім. Онсыз болмайтын да еді. Оқудан құлап қайту деген масқараның үлкені емес пе. Намысқа тырысып жоғарғы оқу орнын ойдағыдай бітіріп шықтым.

1975 жылы оқу бітіргеннен бері № 2 қалалық балалар емханасында еңбек етіп келемін. Еңбек жолымды учаскелік дәрігер болып бастап, бөлімше меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары қызметтерін атқарып шықтым. 1999 жылдан бері бас дәрігер болып жұмыс істеп келемін. «Дарақ бір жерде көгереді» дегендей, бастан-аяқ осы мекемеде жұмыс істеп келе жатқасын халықтың көңілінен шығуға тырысамыз. Біздің ұжым қызметкерлері өз міндеттерін адал атқаратын мамандар деп санаймын. Жуырда ғана Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша «Ең үздік медициналық ұйым» болып біздің мекеме танылғаны соның бір айғағы. «Елге еткен еңбегің еш кетпейді» деген бар. Денсаулық сақтау саласында атқарған еңбектерім үшін министрліктен, облыстық департаменттен Құрмет грамоталарымен марапатталып жатамыз. 2010 жылы ұйымдық халықтық тәуелсіз комитетінің ұйымдастыруымен өткен «Алтын көшбасшылар» байқауында «Халық алғысы» атағымен марапатталдым. Жұмысыңды бағалап жатқандарға алғыстан басқа не айтамын!

Осылайша Сәрсенбай Қабыловтардың әулеті жартымыз әке жолын жалғастырып педагог, қалғанымыз дәрігер мамандығын алып дегендей ғұмыр кешіп келеміз.

Мектептің тарихын түгендеп, ұстаздарға құрмет көрсетіп жатқан азаматтарға тек қана алғысымызды айтқым келеді.



Қосылхан РЫСБЕКОВ

БІР ШАҢЫРАҚТЫҢ БАЛАЛАРЫНДАЙ БОП ӨСТІК

1950 жылы Түркістан ауданының Амангелді колхозында өмірге келген. Бұрынғы Куйбышев кеңсшары, Ігілік ауылындағы мектепке 1 сыныпқа барды. 1962-1968 жылдары № 4 «Балтакөл» мектеп-интернатында тәрбиеленді. Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылығы институтын экономист-қаржыгер мемендығы бойынша бітірген. Түркістан аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің кәсіподақ ұйымында нұсқаушы-тексеруші, осы басқармада бас есепші, мал дәрігерлік бөлімде бас есепші қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта Түркістан қаласындағы «Көмекші» мектеп-интернатында бас есепші болып еңбек етеді. 1 ұл, 4 қыз өсіріп, олардан 14 немере сүйіп отыр.

сабақ кезінде де, сабақтан тыс уақытта да бала тәрбиесімен айналысады. Азаннан-кешке дейін мұғалімнің қадағалауында жүрген бала қалайша жаман болмақ.

Мен өзімнен кейін бір жыл төмен оқитын класқа тәрбиеші-мұғалімнің көмекшісі болдым. Яғни, отряд

Мен бастауыш класты Ігілік ауылында оқыдым. Енді ары қарай жалғастырып оқу үшін 8 шақырым жердегі мектепке барып оқу керек болды. Ол бір жатқан машақат еді. Қыс, көктем мезгілдерінде дария тасиды да, арғы бет пен бергі бет бір-бірімен қатынаса алмай қалады. Себебі, өзеннен өтер өткел жоқ. Балтакөл ауылында малшы балаларына арналған мектеп-интернат бар екенін білетін әке-шешелеріміз бізді сонда оқытуға бел байлады. Осылайша 8 бала «Балтакөл» мектеп-интернатына келіп жайғастық.

Мектеп-интернаттың бізге деген қамқорлығын айтып жеткізе алмаймын. Бүгінгі таңдағы интернаттардан да ерекшеліктері көп болатын. Ең біріншіден, интернатта өскен бала алдымен өзін-өзі тәрбиелейді. Содан кейінгі кезекте өзінен кейінгі балаларды тәрбиелейді. Ал, мұғалімдер



Достардың алдына бас тарту

жетекшісі едім. Мұның өзінің бізге берген пайдасы мол болды. Өзіммен бірдей ұл-қыздармен 4 жыл бойына мұғалімдермен бірге тәрбие жұмысын жасадым. Олардың тәртібін қараумен айналысқасын оқушылар маған «ағай» деп ат қойып алған еді. Осы «ағай» деген лақап атыммен мені күні бүгінге дейін кластастарым атап келеді.

«Балтакөлдегі» тәртіп пен тәрбие біздің өміріміздегі ең бір есте қалатын өмір мектебі болды десем жаңылыспаймын. Қазіргі заманның оқушыларын көріп, кейде еріксіз қынжыласың. Тәртібі қиын, еркетотай, мұғалімнен аяқ тарту дегенді білмейтін кейбір жастарды көргенде «шіркін, осы балалар баяғы біздің интернатта тәрбиеленер ме еді» дейсің іштей. Қалайша тәртібі түп-түзу, оқуы да ойдағыдай оқушыға айналып шыға келгенін білмей қалар еді-ау! Өйткені, біздің мектеп-интернат кез- келген жас өркенді ширатып, шындап шығаратын ұстахана болатын. «Балтакөл» мектеп-интернаты сонда оқыған оқушылар қалай мақтап, қалай мақтанса да жарасатын білім ошағы болды деп сеніммен айта аламын.

Біз бауырмашылдықты, достықты сол интернатта үйрендік. Бір шаңырақтың астында ғұмыр кешіп, бір аулада ойнап өстік. Бір қазанның тамағын бөліп іштік. Сондықтан болар, бәріміз үлкен бір үйдің балаларындай едік. Үлкеніміз кішімізге мейірімді болдық. Осы мектеп қабырғасында



40 жылдық кездесуде бидің неше түрі биленді!

оқыған балаларды көрсек туған бауырымызды көргендей шұрқырасып қаламыз.

Бізді үлкен өмірге баулыған ұстаздарымыздың жолы мүлдем бөлек. Адами қасиеттерді бойымызға сіндіре білген оқытушыларымызға мәңгі қарыздармыз. Қарт мұғалімдерімізді қазір көшеде көре қалсақ, бейне бір әкешемізді көргендей мәре-сәре боламыз. Достарды көрсек те, ұстаздарды көрсек те бір отырып шер тарқатпай, сырласпай мауқымыз басылмайды. Шәй ішпей қоштаса алмаймыз.

Сол бір күндерді қағазға түсіріп, Серікбай бауырымыз естелік кітап шығарып жатыр. Ол көрінгеннің қолынан келмейтін тірлік. Серікбай мектепте жүргенде осындай игілікті істерді ұйымдастырып әкететін жетекшіміз еді. Өлі де сол. Жаңалыққа жаны құмар, бір бастаған ісін бітіру үшін бәрімізді соған жұмылдырып жібереді. Қай жерде басшылық қызметте жүрсе де бұл қасиетін жоғалтқан емес. Той істесек те, жиын өткізсек те бел ортасында Серікбай бауырымыз бар істі оңтайына келтіріп, шешіп жүреді. Бұл ісіне де өте қатты риза болып тұрмыз.

Тағы біраз жалдан соң, дәлірек айтсақ 2018 жылы біздің кластастардың 50 жылдық кездесуі өтеді, құдайқаласа. Сол мерейтойда басымыз аман боп кездесейік!



Сейділла ЕЛМҰРАТОВ

ӨМІРІМНІҢ АСА БІР ҚЫЗЫҚТЫ КЕЗЕҢІ СОНДА ӨТТІ

Естелік жазу дегеннің өзі де аса бір қиын мәселенің бірі екен. Әртүрлі ат қойып, айдар тағып жазған естеліктерді көргенде не жазарынды білмей, ұмытып отырғаның. Дегенмен ойды жинақтап, қолға қалам алып, көрген-білген, есте қалғандарды теріп шығуға бел будым.

Мен «Балтакөл» мектеп-интернатында небәрі екі-ақ жыл оқыдым. Алайда, өмірімнің аса бір қызықты кезеңі сонда өтті. Жеке тұлға ретінде қалыптасу кезеңім сол интернат қабырғасында өтті деп айтар едім.

Интернатқа 1965 жылы орналастым. Міне осы күннен бастап-ақ, сыныптас дос-жарандармен қым-қуыт араласып кете бардым. Ол жердегі ұстаздарым кілең мықты педагогтар болды. Ал, сондай жандардың қолынан

шыққан шәкірттер де осал болған жоқ. Есте қаларлық айтулы оқиға деп айтсам болады, біздің сыныпта мектеп бітірген 49 баланың 9-ы алтын және күміс медальға қол жеткізді! Олар – Икрам Адырбеков, С.Асанқұлов, Жарқынбек Шайманов,



С. Елмұратовтың отбасы

Әлайдар Шындәулетов, Серік Садықов, Балтабай Өскенбаев, Өмірзақ Тұрсынов, Ханшайым Ерғалиева және осы жолдардың авторы Сейділлә Елмұратовтар болды. Осылайша онға жуық баланың медаль иеленуі ең алдымен мектеп мұғалімдерінің жанкешті еңбектерінің жемісі болды деп айтар едім.

«Балтакөл» мектеп-интернаты туралы сөз қозғағанда өз ісіне берілген мұғалім-оқытушылар хақында көп айтуға болады. Ол кездері мектеп-интернаттың директоры Рәзия Дүйменова апай еді. Ал, оқу ісінің меңгерушісі Ыдырыс Алдабергенов атты ағайымыз еді. Біздің тәрбиешіміз Ахмет Түкібаев ағай болды.

Сондай-ақ, Шәріпбек Өсербаев ағай физика пәнінен, Жексенбай Пернебаев ағай математика пәнінен, Нышан Жәнібеков ағай химия пәнінен, Жәнеш Ақынбеков ағай тарих пәндерінен дәріс беруші еді.

Мектеп-интернат тек оқу-тәрбие саласында ғана емес, ағарту саласында да айрықша роль атқарды. Алғашқы аты «Ағарту» деп аты айтып тұрғандай, сол маңайдағы халықтың көкірек санасын ағартқан білім ошағы болды. «Жақсыны көрмекке» дегендей, осынау білім ордасына облысты былай қойғанда республикамыздың түкпір-түкпірінен басшылар,

өнер және қоғам қайраткерлері, ғалымдар келіп тұратын. 1967 жылы күз айында Ж.Кеңесбаев, М.Балақаев сынды есімдері қалың жұртшылыққа танымал ғалымдар ат басын бұрып келгені есімде қалыпты.

Мектеп қабырғасында жүріп мен де қолымнан келгенінше оқу-тәрбие, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға тырыстым. Бір сөзбен айтқанда «Балтакөлдің» берген тәрбие-тәлімінен әрбір оқушы азамат болып қалыптасты. Сол жерден алған үлгі-өнегемен ары қарайғы өмірлеріне даңғыл жол ашты. Мектепті де, ондағы ардақты ұстаздарды да жадымыздан шығаруға ақымыз жоқ деп ойлаймын.

Өмірге жолдама берген ұстаздарыма, арман-тілектері бір сыныптастарыма ұзақ та бақытты өмір, табыс тілеймін.



Дариядан салынып жатқан жаңа көпірдің құрылысы

МАЗМҰНЫ

Ағарту.....	3
Шамшыраққа айналған шаңырақ.....	25
Сыр бойының Алтынсарині еді.....	82
Түлектердің естелігі	87

Әл
Өм
жс
Ос
ме
деп

ісіп
бол
Дү
Ал
Түп

Же
Жә
пән
І
аға
«Ағ
көкі
көрі
қой

*Басуға 18 08 2011 жылы қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қағазы 115 гр.
Көлемі 60x84/16. Есептік баспа табағы 9
Тапсырыс 1201 Таралымы 1000*

*“КІТАП” ЖШС баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы, Төменгі Отырар м/а., №139.
Телефон: 52 33 64; 52 33 45.*

3006

